

Маңғыстау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2004-2006 жылдарға арналған Индикативтік жоспары туралы

Маңғыстау облыстық мәслихаттың 2003 жылғы 10 желтоқсандағы N 2/18 шешімі. Маңғыстау облыстық Әділет Департаментінде 2004 жылғы 5 қаңтарда N 1582 тіркелді "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес облыстық мәслихат **шешім етті:**

1. Маңғыстау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2004-2006 жылдарға арналған Индикативтік жоспары бекітілсін (қоса беріліп отыр).
2. Осы шешім жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Т ө р а ғ а л ы қ е т у ш і ,

облыстық мәслихаттың хатшысы

"Маңғыстау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2004-2006 жылдарға арналған Индикативтік жоспары туралы" Маңғыстау облысы әкімиятының 2003 жылғы 10 желтоқсандағы 2/18 қаулысымен бекітілген

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ 2004-2006 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ИНДИКАТИВТІК ЖОСПАРЫ КІРІСПЕ

Маңғыстау облысының әлеуметтік экономикалық дамуының 2004-2006 жылдарға арналған осы Индикативтік жоспары Қазақстан Республикасының әлеуметтік экономикалық дамуының Индикативтік жоспарларын әзірлеу Ережесіне, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 24 сәуірдегі № 470 қаулысымен бекітілген, 2002-2004 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің Бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс шаралар Жоспарына сәйкес әзірленеді.

1 Тарау. Облыс дамуының басымдықтары

Өңір экономикасын дамытудың негізгі мақсаты барлық секторда, оның ішінде өнеркәсіп пен көлікте өндіріс өсімінің тұрақты қарқынын сақтау болып қалады, бұған тоқтап тұрған кәсіпорындар өндірісін одан ары қарай қайта қалпына келтіру және сауықтыру, өнеркәсіпті диверсификациялау, көлік инфрақұрылымын дамыту есебінен қол жеткізілетін болады.

Өңірде жоспарланған кезеңде облыстың кірістерін қалыптастырудың негізгі көзі

болып табылатын тау кен өндіру саласы басымдылықта қалады. Мұнайгаз өндіретін кәсіпорындар мұнай өндіру көлемін ұлғайтуға бағытталған неғұрлым жаңа технологиялар мен жабдықтарды қолдана отырып іс шараларын жалғастырмақ. Экономиканы диверсификациялауға айрықша назар аударылатын болады. Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 26 сәуірдегі N 583 Жарлығына сәйкес құрылған арнайы экономикалық аймаққа (АЭА), ғылыми сыйымдылықты, жоғары технологиялық және импорт алмастыратын жаңа өндірістер құру мақсатымен инвесторлар тарту жөніндегі жұмыс жанданатын болады.

Химия өнеркәсібі одан әрі, дамитын болады. Химия кешенінің, пластмасса зауытының өндірісі толық қайта қалпына келтіріледі. Қарымды инвесторларды тарту мақсатында, химия өнеркәсібі мен басқа да салалардың қолда бар жаңа инвестициялық жобаларын таныстыру жөнінде іс шаралар өткізілетін болады.

Импорт алмастыру өнімдерінің атаулығын кеңейту және көлемін ұлғайту, аймақтағы әрекет үстіндегі кәсіпорындарда сапаны басқарудың халықаралық стандартын енгізу жөніндегі шараларға ықпал ететін болады. Экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін көлік инфрақұрылымын жетілдіру жөнінде жұмыстар жүргізілетін болады. Атап айтқанда, орталықтандырылған көздер есебінен Ақтау қаласындағы халықаралық әуежайының әуежолы вокзалының құрылысын салу, облыстық маңыздағы және республикалық маңыздағы автомобиль жолдарына күрделі жөндеу жүргізу жүзеге асырылып, Ақтау теңіз сауда портында бірқатар объектілер тұрғызылатын болады.

Жоспарланған кезеңде облыстың ауылдық аумақтарын дамытуға, жұмыспен қамту мен кедейлік деңгейін азайту проблемаларына айрықша көңіл бөлінетін болады. Қабылданған барлық аймақтық бағдарламаларды іске асыру жөніндегі жұмыс жалғасын таппақ.

2 тарау. Өнеркәсіптің дамуы.

1. Талдау: 2002-2003 жылдар

Экономиканы дамыту үшін қалыптасқан қолайлы жағдай, аймақтағы экономикалық ахуалды тұрақтандыруға бағытталған бірқатар шараларды іске асыру, іс жүзінде өнеркәсіптің барлық саласында даму қарқынының елеулі түрде өсуіне ықпал етті.

2002 жылы өндірілген өнім көлемі 292,4 млрд. теңге құрады, бұл осының алдындағы жылғы деңгейінен 16,1% жоғары.

2003 жылдың қаңтар қыркүйегінде үй шаруашылығын қоса есептегенде өнеркәсіп өндірісінің көлемі әрекет үстіндегі бағамен 257,1 млрд. теңге құрады, бұл - өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 6,4% артық. 2003 жылдың аяғына дейін облыста 310,8 млрд. теңге көлемінде немесе 2002 жылғы деңгейден 6,3 % жоғары өнеркәсіп өнімі өндірілетін болады.

Маңғыстау облысында өнеркәсіп өнімін өндіруде тау кен өндіру саласы едәуір үлес алады.

Жалпы көлемдегі тау - кен өндіру өнеркәсібі өнімінің үлесі 2002 жылы 94% немесе 272,6 млрд. теңге құрады. Жаңа кенорындарын игеруге қосу және жұмыс істеп тұрған қабаттардың мұнай қайтарымдылығын арттыру жөнінде шаралар алу, сондай-ақ 144 жаңа ұңғыманы қатарға қосу және әрекет үстіндегі ұңғымалар қорын күрделі жөндеу есебінен 2002 жылы 12,5 млн. тоннаға дейін мұнай өндіру көлемін өсіруге қол жеткізілді, бұл осының алдындағы жылға деңгейден 1,6 млн тонна немесе 15,2 % жоғары. Соған қарамастан табиғи газ өндіру келесі 2002 жылы 2,7 % азайды. Оның негізгі себебі "Өзенмұнайгаз" ААҚ-ның әрекет газ қорының азаюы мен қабат қысымының төмендеуі болып отыр.

Ағымдағы жылы 9 айдың қорытындысы бойынша, 10,0 млн. тоннаға дейін мұнай мен 85,3 мың тонна газ конденсатын, бұл - өткен жылдың тиісті кезеңіндегіден тиісінше 6,7% және 300% артық шикі мұнай өндіруді ұлғайту есебінен, өнеркәсіптің тау кен өндіру саласында өнім көлемі өсімінің жоғарғы қарқыны (7,2%) сақталуда.

2003 жылдың аяғына дейін 13,5 млн. тонна мұнай өндіру жоспарлануда, бұл 2002 жылдағыдан 8% артық. Газ конденсатын өндіру 197 мың тонна құрайды және ол 2002 жылғы деңгейден 4,4 есе асып түседі, бұл Толқын кенорнында сынамалы пайдалану жобасын іске асыруға байланысты, онда 161 мың тонна өндірілетін болады. Есепті жылда табиғи газ өндіру көлемі 1,16 млрд. м³ дейін азаюы беталысы сақталады, бұл 2002 жылғы деңгейден 1,2% төмен.

Облыстағы тау - кен өндіретін өнеркәсіптің басқа да салаларына ұлутас, табиғи құм және қиыршақ тас өндіру жатады. 2002 жылы өндірілген ұлутастың жиынтық көлемі 267,8 мың текше м. құрады, бұл 2001 жылы өндірілген көлеммен салыстырғанда 31,7 % артық. 216,5 мың текше м. табиғи құм мен қиыршақ тас өндірілді немесе 2001 жылғы деңгейде 177,5 %. Саладағы едәуір өсім, өнеркәсіптік сонымен қатар азаматтық құрылыс салудың жандануына байланысты осы өнімге деген сұраныстың ұлғаюына байланысты болып отыр.

2003 жылдың қаңтар қыркүйегінде тұтастай облыс бойынша 455,6 мың текше м. құм мен қиыршақ тас өндірілді немесе 2001 жылдың осыған ұқсас деңгейіне 365,7%.

2003 жылдың аяғына дейін жұмыс істеп тұрған карьерлерде өндіруі ұлғайту есебінен, 2002 жылғы деңгейден орта есеппен 7-8% жоғары құрылыс материалдарын шығару көлемін ұлғайту күтілуде.

2003 жылдың аяғына тау кен өндіру саласындағы өнім көлемі 288,2 млрд. теңге құрады.

Өңдеу өнеркәсібінде өндіріс көлемінің өсуі 2000-2002 жылдар аралығында тұрақты күйінде қалуда.

2002 жылы өңдеу өнеркәсібіндегі өндіріс көлемінің ұлғаюына химия және тамақ өнеркәсібі өнімдері өндірістерінің өсуі есебінен қол жетті.

Тамақ өнеркәсібінде сүт ағарған өнімдерін өндіру жөніндегі өндіріс дамытылды.

2001 жылы "Гама ЛТД" ЖШС сүт өндіру жөніндегі жаңа шағын зауыт пайдалануға берілді. Сонымен қатар жұмыс істеп тұран "Ақтау - сүт" ААҚ кәсіпорны өнім түрлерін кеңейтті және 2000 жылы қазіргі заманға сай қалыптау желісін енгізу арқасында өнім шығару көлемін арттырды. Соның нәтижесінде 2002 жылы сүт өнімдерін өндіру 1965 тонна құрады, бұл оның алдындағы жылғы деңгейден 1,5 есе жоғары.

2002 жылдың аяғында жұмыс істеп тұрған "Жаңаөзен сүт зауыты" ЖШС кәсіпорнында сүт өнімдерін өндіру және кейіннен оны тетра-пакетке құю жөніндегі жаңа технологиялық желі енгізілді, бұл шығарылатын өнім түрлерін кеңейтуге мүмкіндік берді.

Ағымдағы жылы сүт өнімдерін өндіру көлемінің 2002 жылғы деңгеймен салыстырғанда 1,4 есе өсу беталысы сақталуда. Ағымдағы жылы "Ақ Бидай" ЖАҚ АФ печенье шығару жөніндегі кондитер цехын пайдалануға берді, бұл шығарылатын тамақ өнімдерінің атауларын түрлендірді. Жыл аяғына дейін 77 млн. теңге сомасында 528 тонна кондитерлік өнімдер шығарылатын болады.

2003 жылдың қорытындысы бойынша 371,7 млн. теңгенің тамақ өнімдері шығарылады деп күтілуде. 2002 жылы тоқыма және тігін өнеркәсібінде 79,7 млн. теңгенің өнімі шығарылды, бұл 2001 жылғымен салыстырғанда 14,9% газ.

Өнім көлемі азаюының негізгі себебі тігіншілердің негізгі серіктері ірі жер қойнауын пайдаланушылар тарапынан тапсырыстардың кемуі болып табылады. Ағымдағы жылы тігін өнімдері көлемінің азаю беталысы сақталады. 2003 жылдың қаңтар қыркүйегінде тоқыма және тігін өнеркәсібіндегі өнім көлемі, жұмыс киімдерін шығару көлемінің кемуі, есепті кезеңде төсектік жамылғылар тігуге тапсырыстардың, сондай-ақ дайын тоқыма бұйымдарының болмауы есебінен, өткен жылдың тиісті кезеңіндегі деңгейге 17,3% дейін азайды. УПП КОС, "Жаңарыс" ЖШС мен "Ақбөбек" АҚ кәсіпорындарындағы тігін цехтарының жүктелімдік коэффициенті 20-25% жуық құрайды.

Тұтас алғанда 2003 жылдың қорытындысы бойынша 78,7 млн. теңге көлемінде тоқыма және тігін өнімдері шығарылады деп күтілуде.

Былғары, былғарыдан жасалған бұйымдар мен аяқ киім өндірісінде 2002 жылы 75,5 млн. теңгенің өнімі өндірілді, бұл жер қойнауын пайдаланушы кәсіпорындар тарапынан тапсырыстардың азаюы есебінен, осының алдындағы жылдың тиісті кезеңінен 40% жуық төмен. Соған қарамастан ағымдағы жылдың қаңтар қыркүйегінде 45,7 млн. теңге сомасында 12,4 мың пар аяқ киім шығарылды, бұл - өткен жылдың тиісті кезеңіне 101,6% құрайды. 2003 жылдың аяғына дейін қазіргі кезде кәсіпорындар тиянақтап жасап жатқан жер қойнауын пайдаланушы кәсіпорындармен жасасқан келісім шарттарды іске асыру және аяқ киімдер мен былғарыдан жасалған бұйымдарды сатып алу жөніндегі әртүрлі конкурстарға белсенді қатысу есебінен 117,4 млн. теңгенің өнімі шығарылатын болады, бұл 2002 жылғымен салыстырғанда 13,4 артық.

Аймақтың химия өнеркәсібінің 2002 жылы пластмасса зауытының өндірісін қайта қалпына келтіруге байланысты едәуір өсім байқалады. Химия өнімін шығару көлемі 543 млн. теңге құрады, бұл 2001 жылғы деңгейден 12,6 есе жоғары. 2002 жылы барлығы 8,4 мың тонна полистирол шығарылды. "ЗПМ" ЖШС пластмасса зауыты 2003 жылдың 9 айында 542,1 млн. теңге сомасында 3478 тонна стирол полимерін шығарды, бұл бастапқы шикізат стиролдың тапшылығына байланысты осының алдындағы жылғы көрсеткіштен 58,3% төмен. Оның үстіне зауыт соңғы 3 айда тоқтап тұрды. Жыл басынан бері шикізат проблемасын шешу үшін, стирол цехын жөндеу қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді, оны 2003 жылдың тамыз қыркүйегінде аяқтау жоспарланды. Алайда қазіргі күні меншік иесі ресейлік "ТД "Экстрапласт" ООО "ЗПМ" ЖШС жүзеге асыратын қаржыландыру көлемі, бос қарап тұру жағдайынан шығуға, сондай-ақ стирол өндіру жөніндегі цехтағы қайта қалпына келтіру жұмыстарын аяқтауға мүмкіндік бермеуде.

Сонымен қатар, маусым айынан бастап "Ақтау Косметик" ЖШС тіс ұнтағы зауыты (бұрынғы "Каскор - Дикфа" ААҚ кәсіпорны) өнім шығара бастады, қазанда дайындық және іске қосу жұмыстары аяқталғаннан кейін Химия кешенінің "Актал LTD" ЖШС өндірісін қатарға қосу ісі жүргізілді. Ағымдағы жылы минералдық тыңайтқыштар шығаруды 60 тонна фосфорлы (нитроаммофос) және 32 тонна азотты тыңайтқыштар құрайтын болады. 2003 жылы химия саласында күтілетін өнім шығару көлемі 4,5 млрд. теңге құрайды, бұл - өткен жылдың деңгейінен 8 есе жоғары.

Маусым-қыркүйек аралығында 255 тонна тіс ұнтағы шығарылды. 2003 жылы тіс ұнтағын шығару 630 тонна немесе 7 мың туб. құрайды, бұл - өткен жылғы деңгейден 4 есе артық.

2002 жылы машина жасауда 3146,8 млн. теңге сомасында өнім шығарылды, бұл осының алдындағы жылғы деңгейге 82,0% құрайды. Бұл салада "Каспиймұнаймаш" ААҚ мен "Каскор - Машзавод" ААҚ екі кәсіпорын бар, олар негізінен мұнай өндіретін кәсіпорындар үшін орташа және шағын габаритті жабдықтар Ц2НШ 750 редукторларын, НБ 125 (9 Мгр) сорғыларын, ПП 0,63 м жол жылытқыштарын және басқаларын шығарады, сондай-ақ оларды жөндеу жөнінде қызмет көрсетеді.

2003 жылдың қаңтар қыркүйегінде машина жасау саласы 1479,7 млн. теңге сомасында өнім шығарды, табиғи көлемінің индексі 2002 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 65,9% құрады.

Өндіріс көлемінің азаюы, машина жасау кешенінің кәсіпорындарында тапсырыстың болмауына байланысты болуы.

Өңдеу өнеркәсібінің өзге салаларында, ағымдағы жылдың 1 тоқсанында орташа еңбек өнімділігі жылына әртүрлі диаметрлі 370 км дейін құбырлық "Маңғыстаумұнайгаз" ААҚ ның шынылы пластикалық құбыр шығару жөніндегі зауыты 1 желісінің құрылысы аяқталды. Сондай-ақ "АШТЗ" ЖШС ("Ақтау шынылы талшықты құбырлар зауыты" ЖШС) шынылы талшықты құбырлар зауыты құрылысын салу

жүргізілуде, 2003 жылғы қарашаның аяғына аяқталады және қатарға қосылып пайдалануға беріледі деп күтілуде. Өнеркәсіп өнімін шығару 2004 жылы басталады.

Тұтас алғанда өңдеу өнеркәсібі 2003 жылдың аяғына, ағымдағы жылы қатарға қосылып пайдалануға берілетін құбырлар зауыттарының өнімдерін есепке алмағанда өнім өндіру көлемі 10,7 млрд. теңге құрайды немесе 2002 жылғы деңгейден 60% жоғары, бұл жоспарланған химия өндірісін қайта қалпына келтіру мен сүт пен ағарған өнімдерін өндіру көлемінің өсуіне көбірек байланысты болмақ.

Электр энергиясы, газ бен су өндірудегі табиғи көлемінің индексі, 2002 жылы өнеркәсіп кәсіпорындарының тарапынан тұтынуы электр энергиясының және газға ұқсас отынның 1,3 есе өсуіне байланысты, өндіріс пен электр энергиясын бөліп тарату көлемінің 7,9% өсуі есебінен 109,7% құрады. Аймақты энергиямен және сумен қамтамасыз ететін, соңғы 4 жыл ішінде оңалту рәсімінен өткен, ағымдағы жылдың қаңтарында банкрот деп жарияланғаннан кейін "НАК Қазатомпром" ЖАҚ на сатылған, негізгі кәсіпорын "МАЭК" РМК ның базасында "МАЭК - Қазатомпром" ЖШС құрылып, энергиямен және жылумен, сумен жабдықтау, міндетін жалғастыруда.

Кәсіпорынды сату, аумақты электр энергиясымен, жылу мен және сумен үздіксіз одан әрі қамтамасыз ету мақсатымен өндірістік қуаттарды жетілдіру үшін жеткілікті мөлшерде инвестиция тартуға мүмкіндік береді.

2003 жылдың қаңтар қыркүйегінде өнім көлемі 2829,7 млн. теңге құрады. 2003 жылдың аяғына дейін өнім өндіру көлемі 11,7 млрд. теңге құрайды.

Өнеркәсіп дамуының негізгі проблемалары

1. Облыстағы әрекет үстіндегі кенорындарда оның қорының азаюына байланысты газдың тапшылығы, бұл алдағы уақытта өнеркәсіп өндірісін энергиямен тұрақсыз қамтамасыз ету қаупін туғызады және химия өнеркәсібін одан әрі дамыту үшін негізгі кәсіпорын болып табылады.

2. Құрылыс индустриясы мен өңдеу өнеркәсібінің өнімдерін облыстан тысқары жерге өткізуге кедергі келтіретін теміржолмен жүк тасымалына қойылатын жоғары тарифтердің жоғарылығы.

3. Тамақ, жеңіл өнеркәсіпті дамыту үшін шикізат базасының болмауы.

4. Ірі жер қойнауын пайдаланушы кәсіпорындардың республикадан тысқары жерден шағын габаритті жабдықтар мен басқа да өнімдерді сатып алуға деген артықшылығы, бұл - өнеркәсіп секторында шұғылданатын жергілікті тауар өндірушілерге өз өнімдерін шығару көлемін кеңейту мен ұлғайтуға мүмкіндік береді.

5. Аймақтың өнеркәсіп кәсіпорындарында сапаның халықаралық стандартының өте баяу енгізілуі, бұл сыртқы тауар рыногына ену үдерісін тежеуде.

2. Келешегі: 2004-2006 жылдар.

Мақсаты мен міндеттері

Мұнайгаз саласының, кіріс көзі ретінде ғана емес, сонымен қатар экономиканың басқа да салаларын диверсификациялауға ықпал ететін сала ретінде аймақ үшін маңызы зор.

Жоспарланған кезеңдегі мақсат - өнеркәсіп кешенінің сыртқы және ішкі рыноктарында бәсекеге қабілетті мұнайгаз және химия салалары мен өңдеу өндірістері есебінен қалыптастыру болып табылады.

Өнеркәсіпті дамыту жоспарындағы негізгі міндеттер болып мыналар айқындалады:

1. Мұнайгаз саласын одан әрі дамыту.
2. Аймақтағы химия саласының өндірістерін қата қалпына келтіру және оны одан әрі дамыту, химия саласының әрекет үстіндегі кәсіпорындардың базасында жаңа өндірістерді қалыптастыру.
3. Өңдеу өндірістерін кеңейту.

4. Технологиялық жабдықтар, жинақтаушы, халық тұтынатын тауарлар шығаруға бағдарланған кәсіпорындарды қолдау және дамыту.

2004-2006 жылдарғы кезеңде аймақта химия өнеркәсібі өз дамуын алады. 2003 жылдың аяғына дейін пластмасса зауыты полистиролдың: соққыға төзімді (СТМ), жалпы мақсаттағы (ЖММ), көпіршіктенген (КМ) барлық маркаларын шығаруды толықтай жаңадан бастайды, олар халық тұтынатын тауар мен өнеркәсіп өндірісінде кеңінен пайдаланылады, сондай-ақ өнімнің жаңа түрлері игерілетін болады. 2004 жылы минералдық тыңайтқыштар өндіру 2003 жылғымен салыстырғанда 5,2 есе өседі деп күтілуде және қол жеткізілген деңгейді одан кейінгі жылдарда да одан әрі қалыпты күйде ұсталады деп күтілуде.

Эртүрлі сырлар, электродтар, мұнайгаз жабдықтары шығарылатын болады.

Осы өнімдердің барлығы сыртқы және ішкі рыноктарда бәсекеге қабілетті.

Тамақ өнеркәсібінің өндірісі: кондитерлік өнімдерді шығару, ағарған өнімдері мен алкогольсіз сусындар өндірісі одан әрі дамиды.

Құрылыс материалдарын, оның ішінде ұлутас болғын, қиыршақ тас, құм шығару көлемі өседі. Тікелей инвестициялар тарту есебінен кірпіш, жаяу жолдық плиткалар, цемент пен жабынқыш шығару жөніндегі зауыт құрылысын салу жоспарлануда.

Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізудің жолдары .

Жоспарланған кезеңде күш жігер мұнайгаз саласында өнім көлемінің өсу қарқынын сақтауға, химия саласының өндірістерін қайта қалпына келтіруге, әрекет үстіндегі технологиялар мен жабдықтарды жетілдіруге бағытталады. Облыста мұнай өндірудің негізгі өсімі мынадай үш ірі кәсіпорынмен: "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ, "Өзенмұнайгаз" ААҚ мен "Қаражанбасмұнай" ААҚ қамтамасыз етілуде (мұнай өндірудің жалпы облыстық көлемінің 87%).

Негізгі өндірістің тиімді жұмысын арттыру мақсатымен "Маңғыстаумұнайгаз" ААҚ-ның кәсіпорнында "Ойл Сервис Компани" ЖШС құрылды, ол жұмыс істемей тұрған қордағы ұңғымаларды қайта қалпына келтірумен және өндірістің тиімділігі мен

тәртібіне жалпы бақылауды жүзеге асырумен айналысатын барлық бөлімшелердің іс - әрекетін үйлестіруді жүзеге асырады. Аталған кәсіпорын олардың іс - әрекетін үйлестіру және озық технологиялар мен жаңа техниканы барынша жедел енгізу негізінде өндірісті сауықтыру бағдарламасын дайындап, іске асырылуда.

"Маңғыстаумұнайгаз" ААҚ ның кәсіпорындарында ұңғымалардың өнімділігін ұлғайту мақсатымен Ресей кәсіпорындарымен бірлесіп қабаттың түпкі жағында сумен ажыратуды жүргізудің жаңа тәсілі енгізілді.

2004-2006 жылдары кәсіпорын жоспарланған өндіру көлемін қамтамасыз ету үшін мұнай кәсіпшіліктік жабдықтарын ауыстыруды, 5200-ге дейін ұңғымаға жерасты жөндеуді мен 630-на күрделі жөндеуді, 420 ұңғыманы химияландыруды жүргізуді, тұзды қалдықтарға қарсы, күресу, тотығудан қорғау мақсатымен, кен орындарының игерілуін бақылауды жақсарту үшін 800-900 кәсіпшілік геофизикалық зерттеулер жүргізуді жалғастыруды көздеуде. Сондай-ақ жыл сайын мынадай іс шараларды орындауды жоспарлауда:

- бұрғылаудан 35-40 ұңғыманы іске қосып пайдалануға беру;
- 160-170 өндіру, 60 қумалау ұңғымасын әрекетсіздіктен шығару;
- 35-40 ұңғыманы пайдаланудың механикаландырылған тәсіліне көшіру;
- 70 мұнай ұңғымасына қабатта сумен айыруды жүргізу;
- қабат қысымын қалыпты ұстау үшін қабатқа 35-40 млн. текше м. су айдау.

Облыста 1999 жылдан бері Бүкілдүниежүзілік Қайта жаңғырту және Даму Банкі арқылы қаржыландырылатын және ұңғымалардың өнімділігін қайта қалпына келтіруді, мұнай өндіру көлемін ұлғайтуды көздейтін Өзен кенорындарын оңалту жобасы жүзеге асырылуда. 2004-2006 жылдары "Өзенмұнайгаз" ААҚ-ның кәсіпорындарында 160 өндіру және 100 қумалау ұңғымасын бұрғылау жоспарлануда, 3400, оның ішінде 2060 өндіру ұңғымасына күрделі жөндеу жүргізілетін, шамамен 2200 кәсіпшіліктік - геофизикалық жұмыстар атқарылатын болады. Сондай-ақ оңалту жобасын іске асыру шеңберінде зияткерлік өлшеу аспаптарын, басқарылатын микропроцессорлық бақылаушыларды, бағдарламалық өнімдерді енгізу жөнінде іс шаралар жүргізілетін болады.

2004-2006 жылдар кезеңінде "Қаражанбасмұнай" ААҚ-ның кәсіпорындарында бұрғылау бағдарламасын кеңейту және ұңғымаларды күрделі жөндеу шеңберінде МАДЦ на мұнай дайындау жөніндегі цехты түрлендіру, кенорындарының шығыс бөлігіндегі жаңа учаскеде электр берілісі желісін, кіші станциясын салу және булы генератор қондырғысын пайдалануға беру жұмыстарын жалғастыру жоспарлануда. Сондай-ақ өндірістік үдерістердің автоматтық жүйесін жақсарту, компьютерлік жабдықтарды, бағдарламалық қамтамасыз ету мен байланыс құралдарын жанарту дәйекті түрде жүргізілетін болады. 2004 жылға жоспарланған Қаражанбас кенорнын игеруде жаңа техника мен технологияны енгізу есебінен 2110 мың тонна, 2006 жылы 2500 мың тонна мұнай өндірілетін болады.

Сонымен қатар, жоспарланған кезеңде мұнай өндірудің өсімі, Тексако Норс Бозашы, Инк и Маерск Ойл Қазақстан, Гмбх компаниялары арқылы Солтүстік Бозашы, Доңға кенорындарында өнеркәсіптік өндіруді жүзеге асыру, Толқын, Боранкөл және Тасболат кенорындарын жайластыруды және игеруге қатарға қосуды аяқтау есебінен ұ л ғ а й т ы л а т ы н б о л а д ы .

Өндірісті іске қосу алдындағы және іске қосу жұмыстарын қайта жаңалауды, жабдықтарын жетілдіруді және құрылыс жинақтау жұмыстарын аяқтауды орындау үшін 2003 жылы Химия кешеніндегі "Актал LTD" ЖШС - 10 млн. астам АҚШ доллары, оның 2,5 млн. доллары негізгі құралдарға инвестицияланатын болады. Өндірістік бағдарламада азоттүк, күкірт қышқылы және химиялық гидрометаллургиялық барлық үш зауыттың жұмысы көзделген. Негізгі өнімі: нитроаммофос (НАФ), диаммонийфосфат (ДАФ) және аммиак селитрасы минералдық тыңайтқыштары болмақ. 2004 жылы 240 мың тонна НАФ, 120 мың тоннадан ДАФ пен аммиак селитрасы минералдық тыңайтқыштарын өндіру жоспарланған. Одан кейінгі 2005-2006 жылдары өндірістің қол жеткізілген деңгейі қалыпты ұсталатын болады.

Зауыттың меншік иесі "ТД "Экстрапласт" ООО тиісті дәрежеде қаржыландыруды шешуімен "ЗПМ" ЖШС пластмасса зауытында стирол өндірісін орнату жөніндегі жұмыстары аяқталуға тиіс.

Бұл жағдайда, одан кейінгі жоспарланған 2005-2006 жылдары өндіріс көлемі жыл сайын 60 мың тоннаға дейін өседі, бұл стирол цехы өнімділігінің бірте-бірте арттыруына байланысты болады.

2004-2006 жылдары Маңғыстау облысы әкімшілігінің аймақтағы химия кешенінің әрекет үстіндегі кәсіпорындарының базасында химия өндірісі саласындағы даму бағдарламасы шеңберінде әзірлеген жобаларын қарымды инвесторларға таныстыру жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

1. Тұзды қышқыл өндіру жөніндегі зауыт, ондағы өндіріс күрделі сыйымдылықтағы тәсіл емес экономикалық - сульфатқа негізделген. Сильвинит шығару үшін шикізат Ақтөбе облысынан әкелінетін болады. Тұзды қышқыл қабаттың мұнай қайтарымын арттыру үшін қолданылатын маңызды химиялық реагент болып табылады. Өндірісті құруға инвестицияның жорамалданған сомасы 2,9 млн. АҚШ долл. Кәсіпорынның қуаты жылына 22 мың тонна. Өндіріске 150 маман іске тартылуы мүмкін.

2. Каустикалық сода мен хлор өндіру жөніндегі зауыт, оның өнімі халық шаруашылығының көптеген салаларында ауылшаруашылығында, көлікте, мұнай саласында және басқаларында пайдаланылатын болады. Өндіріс үшін шикізат - ас тұзы, ол облыс аумағында жеткілікті көлемде бар. Жобаның жорамалданған сметалық құны 22 млн. АҚШ долл. 170 жұмыс орнын құру көзделуде.

3. Осының алдындағы өндірістің хлорлы өніміне негізделген поливинилхлоридті пластмасса өндірісін ұйымдастыру. Поливинилхлоридті пластмасса халық шаруашылығының объектілері үшін тотығудан төзімді құбырлар шығару кезінде

пайдаланылады. Жобаның жорамалданған құны - 720 АҚШ долл. 30 жаңа жұмыс орны құрылатын болады.

4. Барит целестин рудасын өңдеу жөніндегі кешенді өндірісін ұйымдастыру, соның нәтижесінде бұрғылау ерітіндісіне ауырлатқыш, қышқылға төзімді цемент, радиациялық экран және халық шаруашылығының қажеті үшін басқа да өнім алынатын болады. Жобаның құны - 715 мың АҚШ долл. Жорамалмен 25 жұмыс орны құрылатын болады.

2003 жылдың қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасы Президентінің 26.04.2002 ж. 583 Жарлығына сәйкес Ақтау қаласының аумағында "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағы жұмыс істеуде. АЭА-ты құру, аймаққа инвестиция ағынын жандандыруды, соның нәтижесінде өнеркәсіпті диверсификациялауды көздейді.

Ағымдағы 2003 жылы "Ақтау теңіз порты" АЭА аумағындағы "Казгипронефтетранс" Инжиниринг компаниясы" ЖАҚ теңіз конструкцияларын шығару жөніндегі зауыт құрылысын салуды бастауды және одан кейінгі 4 жыл ішінде оны аяқтауды жоспарлауда. Зауыт арқылы көпбағдарлы болат конструкцияларын теңіз платформасын, баржаларын және басқа да суүстілік және суастылық болат конструкцияларын шығару мен жинау жүзеге асырылатын болады. Бұдан басқа, "Испат Кармет" ААҚ арқылы жылына 70 мың тоннаға дейін қуаты бар мұнайға сұрыпталған металл құбырларын шығару жөніндегі зауыт құрылысын салу мәселесі қаралуда.

Жоспарланған кезеңде полиэфирлік және эпоксидтік негіздегі құбырлардың әртүрлі кескін үйлесімділіктегі құбырлармен жалғастырма бөлшектерін шығаруға мамандандырылған "Ақтау шынылы талшықты құбырлары" ЖШС өндірістік қуатын арттыратын болады.

Диаметрі 80-00 мм құбырлар шығару жөніндегі технологиялық желісі бар зауыттың бірінші кезегі іске қосылғаннан кейін, келешекте диаметрі 400 2500 мм құбырлар шығару жөніндегі екінші желісін орната отырып, өндірісті одан әрі кеңейту көзделуде.

"Маңғыстаумұнайгаз" ААҚ-ның өнімділік қуаты жылына мұнайға іріктелген 370 км құбырға дейінгі шынылы пластикалық құбырлар зауытының бірінші кезегі 2003 жылы қатарға қосылып пайдалануға берілмек. Аталған үш зауытта құбырлар шығару, болашақта өнеркәсіптің іріктелген жалпы көлемінде өңдеу саласының үлесін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Тігін өнімдері мен аяқ киімдер шығаруды жүзеге асыратын, әрекет үстіндегі "Ақбөбек" ААҚ-ның кәсіпорнында коммерциялық несие алу, 2003 жылы өндіріске тесіп кетуден қорғауға арналған металл ұлтрақтарын пайдалана отырып қорғанышты аяқ киімнің жаңа технологиясын енгізуге, офицерлер аяқ киімдерін шығарудың технологиясын жетілдіруге, қайып тігу жабдықтарын орнатуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ 2003 жылдың аяғына дейін кәсіпорын қолғаптар технологиясын енгізуді, оларды тігу жөнінде учаске ұйымдастыруды жоспарлауда, қолғаптар шығаруды 2004

жылы бастауды көздеуде. 2004-2006 жылдары "Ақбөбек" ААҚ трикотаж өндірісін ұйымдастыруды, тігін өндірісін жетілдіруді, аяқ киімдер әзірлеудің компьютерлік технологиясын негіздеуді, өз өнімдерін сатып өткізу үшін Қазақстан Республикасының басқа да қалаларында өкілдіктерін ұйымдастыруды жоспарлауда.

Тамақ өнеркәсібінде "Ақтау - сүт" ЖШС, "Жаңаөзен сүт зауыты" ЖШС және "Гама - ЛТД" ЖШС шағын зауытын қатарға қосу тәрізді осындай кәсіпорындарда технологиялық өндірісті жетілдіру жөнінде 2001-2002 жылдары жүргізілген іс шаралардан ұнамды тиімділік сақталатын болады. 2004-2006 жылдары кәсіпорындарда, оның ішінде тамақ, жеңіл өнеркәсібі мен машина жасау кәсіпорындары өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында ИСО 9000 сапа халықаралық стандарттарын енгізу жөніндегі жұмыс жалғасын таппақ. Импорт алмастыру бойынша іс шараларды іске асыру жөніндегі жұмыс жандана түсетін болады.

Болжамдалған нәтижелер

Жоспарланған өнеркәсіп өнімінің көлемі 2004-2006 жылдары 2003 жылғы бағамен 138,3 млрд. теңге, оның ішінде 2004 жылы 341,1 млрд. теңге құрайды, бұл осы жылғы деңгейден 9,7% жоғары. Оның көлемі 308,1 млрд. теңге немесе осының алдындағы жылдың деңгейіне 106,9% құрайтын, тау кен өндіру өнеркәсібінің одан әрі дамытумен қатар, өңдеу өнеркәсібінде 192% немесе 20,5 млрд. теңгеге дейін едәуір өсу қарқыны күтілуде, бұл - химия өндірістерін қайта қалпына келтіруге, сүт өнімдерін шығаруды арттыруға, сондай-ақ шынылы талшықты құбырлар зауытын қатарға қосуды жоспарлауға байланысты болып отыр.

2005 жылы табиғи көлем индексі 113% құрайды, 394,3 млрд. теңге сомасында өнеркәсіп өнімі өндірілетін болады. 2005 жылғы өсу қарқыны, тау кен өндіру саласымен 113,9% немесе 357,3 млрд. теңгемен қамтамасыз етіледі. Өңдеу саласындағы өнеркәсіп өндірісі 22,6 млрд. теңге құрайды, бұл 2004 жылғы деңгейден 4,3% жоғары.

2006 жылы өнеркәсіп өнімінің көлемі 411,1 млрд. теңге құрайды, бұл 2003 жылғыдан 26,6% жоғары. Сонымен қатар, өсім 2005 жылмен салыстырғанда барлығы 2,2% құрайды. 2005 жылдың басында Каспий қайраңында көмірсутегі шикізатын өнеркәсіптік өндіру, өңдеу өнеркәсібінде бірқатар жаңа өндірістерді қатарға қосу және осыған байланысты өнеркәсіп өндірісі өсімнің болмашы қарқыны, кәсіпорындарда болжамдық мәліметтердің болмауына байланысты болып отыр, олардың өндірістік қызметі Маңғыстау облысының аумағында жүзеге асырылуда не болмаса жүзеге асырылатын болады, алайда басты кеңсесі аймақтан тысқары жерге орналасқан, осыған байланысты жергілікті статистика органдарында өндірілген өнеркәсіп өнімдерін есепке алу жүргізілмейді.

Мұнай мен газ өндіру. 2004-2005 жж. кезеңде мұнайгаз саласында өнім өндіру қарқыны сақталатын болады.

2004 жылы іс жүзінде барлық негізгі кәсіпорындар, оның ішінде "Маңғыстаумұнайгаз" ААҚ, "Өзенмұнайгаз" ААҚ, "Қаражанбасмұнай" ААҚ, "

Қарақұдықмұнай" ЖАҚ, Тексако Норс Инк және басқалары өндіру көлемін ұлғайтатын
б о л а д ы .

Барлығы 14,4 млн. тонна мұнай өндірілетін болады. Мұнайгаз саласында өнеркәсіп өнімінің көлемі, құны түрінде 2003 жылғы бағамен 307,5 млрд. теңге немесе осы жылғы күтілген деңгейіне 106,9% құрайды. Облыстың өнеркәсіп өнімінің жалпы көлеміндегі саланың үлесі 90,1% құрайды.

2005 жылдың аяғына мұнай өндірудің жалпы көлемі 16,6 млн. тоннаға жетеді. "Өзенмұнайгаз" ААҚ өндіру көлемі мұнай 7 млн. тоннаға дейін едәуір ұлғаяды, бұл - Өзен кенорнындағы ұңғымаларды қайта қалпына келтіруге бағытталған, Өзен кенорындарын оңалту жобасының аяқталуына, кенорындар өнімділігінің артуына, сондай-ақ өндірісті технологиялық қайта жарақтандыруға байланысты болмақ. Жоспарланған кезеңде Толқын, Боранкөл, Солтүстік Бозащы жаңа кенорындары қатарға қосылатын болады, бұл да аймақта мұнай өндіру көлемін ұлғайтуға ықпал е т п е к .

Сонымен қатар, Каспий қайраңындағы күтілген мұнай кенорындарын өнеркәсіптік игеру есебінен мұнай өндірудің едәуір өсіміне қарамастан, 2006 жылы күтілетін мұнай өндіру көлемінің өсу қарқыны 102% (16,9 млн. тонна) құрайды, бұл осының алдындағы жылмен салыстырғанда төмен және бұл бірінші кезекте, Аджип ККО компаниясында болжамдық көрсеткіштерінің болмауына (кәсіпорын қызметінің нәтижелерін есепке алуды жергілікті статистика органдары жүзеге асырмайды), сондай-ақ 2005 жылы "ОМГ" ААҚ мен "ҚМ" ААҚ тәрізді осындай ірі мұнай өндіретін компаниялардың өндірудің барынша жоғары көлеміне қол жеткізуіне және өндірістің қол жеткізілген деңгейін одан кейін де қалыпты күйінде ұстау үшін шаралар алуына байланысты, мұнай өндіру көлемі өсімінің қысқаруына байланысты болмақ.

Газ өндіру көлемі қысқару беталысын сақтайды, бұл - әрекет үстіндегі кенорындардағы қордың азаюымен, оның үстіне қарымды инвесторлар үшін газ кенорындарын игеру мен аталған өнімді өндіру коммерциялық мүддесін білдірмейді, себебі өндіріс айтарлықтай еңбек сыйымдылықты әрі шығынды. Қазіргі күні облыста газ өндірумен "Өзенмұнайгаз" ААҚ айналысады, ол 2004 жылы өндіру көлемін 883,5 млн. текше метрге дейін қысқартуды көздеуде немесе 2003 жылы күтілетін деңгеймен салыстырғанда 7% кем, сондай-ақ "Теңге" БК мен "Газсервис" ЖШС-ның газ өндіру көлемдері айтарлықтай емес жылына шамамен 130 150 млн. текше метр.

2003 жылдың аяғына аймақ бойынша газ өндіру көлемі 1,1 млрд. текше метр құрайды, бұл - 2003 жылы күтілетін деңгейден 6,3% төмен.

Химия өнімдерін өндіру. Жоспарланған кезеңде химия саласы жанданады деп күтілуде. 2004 жылы пластмасса зауытында полистирол шығару 60 мың тоннаға дейін өседі, бұл 2003 жылы күтілетін деңгейден 1,2 есе жоғары. Фосфорлы минералдық тыңайтқыштар өндірісінде (нитроаммофос, диаммонийфосфат) өсім 2003 жылы күтілетін деңгеймен салыстырғанда 6 есе, аммиак селитрасы 375% және басқа да

химиялық реагенттер сондай 6 есе болады деп күтілуде.

Тіс ұнтағын шығару 2003 жылғы деңгейде сақталады. Одан әрі 2006 жылға дейін өндірістің осы деңгейін, химия өнеркәсібінің кәсіпорындарында қалыпты күйінде ұстау ж о с п а р л а н у д а .

Қаралып отырған кезеңде аймақтағы химия кешенінің әрекет үстіндегі кәсіпорындарының базасында әртүрлі химия өндірістерін құру сұлбасын әзірлеу жоспарлануда. Қарымды инвесторларға мынадай жобалар ұсынылатын болады:

1. Тұзды қышқыл өндіру жөніндегі зауыт, ондағы өндіріс күрделі сыйымдылықты тәсілмен емес, экономикалық, сульфатқа негізделген. Өндіріс үшін шикізат сильвинит Ақтөбе облысынан әкелінетін болады. Тұзды қышқыл қабаттың мұнай қайтрымын арттыру үшін қолданылатын маңызды химиялық реагент болып табылады. Өндірісті құруға инвестицияның жорамалданған сомасы 2,9 млн. АҚШ долл. Кәсіпорынның қуаты жылына 22 мың тонна. Өндіріске - 150 маман іске тартылуы мүмкін.

2. Каустикалық сода мен хлор өндіру жөніндегі зауыт, оның өнімі халық шаруашылығының көптеген салаларында ауыл шаруашылығында, көлікте, мұнай саласында және басқаларында пайдаланылатын болады. Өндіріс үшін шикізат ас тұзы, ол облыс аумағында жеткілікті көлемде бар. Жобаның жорамалданған сметалық құны 22 млн. АҚШ долл. 170 жұмыс орнын құру көзделуде.

3. Осының алдындағы өндірістің хлорлы өніміне негізделген поливинилхлоридті пластмассасы халық шаруашылығының объектілері үшін тотықпауға төзімді құбырларды шығару кезінде пайдаланылады. Жобаның жорамалданған құны 720 АҚШ долл. 30 жаңа жұмыс орны құрылатын болады.

4. Барит целестин рудасын өңдеу жөніндегі кешенді өндіріс ұйымдастыру, соның нәтижесінде бұрылау ерітіндісіне ауырлатқыш, қышқылға төзімді цемент, радиациялық экран және халық шаруашылығының қажеті үшін басқа да өнім алынатын болады. Жобаның құны 715 мың АҚШ долл. Жорамалмен 25 жұмыс орны құрылатын болады.

Машина жасау мен металл өңдеу. Машина жасау саласындағы өндіріс көлеміне айтарлықтай өзгерістер болмайды. Облыс кәсіпорындары негізінен алғанда, мұнайгаз өндіру өндірісі үшін майда және орта габаритті өнім шығарады. Қазіргі күнге шығарылған өнім ішкі рыноктағы бәсекеге қабілеті жеткіліксіз.

2004 жылы осы саладағы өндіріс көлемі 2003 жылғы бағамен 3,6 млрд. теңге немесе осы жылы күтілетін деңгейге 102,8% құрайды. 2006 жылы өндірістің жоспарланған көлемі 4,1 млрд. теңге немесе 2003 жылға 109,3% құрайды.

Тоқыма және тігін өнеркәсібі. 2004 жылы осы саланың кәсіпорындары арқылы 2003 жылғы бағамен 81,9 млн. теңгені немесе осы жылдың деңгейіне 104% өнім шығарылатын болады. 2003 жылы өндіріс көлемі 94,9 млн. теңге немесе 2003 жылғы деңгейге 111,4% құрайды. Бұрынғысынша күш құрылымдары үшін арнайы киімдер мен үлгілік киімдер, өнеркәсіп секторы үшін арнайы киімдер, төсек орын жамылғылары мен жеңіл өнеркәсіптің басқа да өнімдерін тігу жүргізілетін болады.

Былғары және аяқ киім өнеркәсібі. Аймақта аяқ киімді бір ғана "Ақбөбек" ААҚ мамандандырылған кәсіпорны шығарады. 2004 жылы аяқ киім шығару көлемі, 2003 жылғы күтілетін деңгейге қатыстылығы бойынша аздап өседі және нақтылы түрде 105% немесе 21 мың пар құрайды. Аяқ киім тігу, негізінен күш құрылымдары үшін жүзеге асырылады, мұнайгаз саласы үшін арнайы аяқ киімдер мен халықтың азаматтар тобы үшін азғантай көлемде шығарылады.

2006 жылға аяқ киім шығару 22,7 мың парға, баға түрінде 148,5 млн. теңгеге немесе 2003 жылы күтілетін деңгейге 113,6% жетеді 37

Тамақ өнеркәсібі. Жоспарланған кезеңде 2003-2005 жылдары саладағы даму қарқыны тұрақты күйінде қалады. Тамақ өнімдерін өндірудің негізгі үлесін, шамамен 50% сүт өнімдерін шығару алады. 2004 жылы 2003 жылғы бағамен құны түрінде 390,3 млн. теңге тамақ өнімдері шығарылатын болады, бұл тұтас алғанда 2003 жылы күтілетін деңгейден 5,0% артық.

Тамақ өнімін өндіру өсімінің баяу қарқыны экономиканың осынау секторын кеңейту және дамыту үшін өңірде шикізат базасының болмауына байланысты. 2006 жылдың аяғына дейін 511,7 млн. теңге көлемінде өнім шығарылатын болады немесе 2003 жылы күтілетін деңгейден 1,2 есе жоғары.

Өңдеу өнеркәсібінің басқа да салаларында "АШТЗ" ЖШС шынылы талшықты құбырлар зауытын 2003 жылдың 4 тоқсанында қатарға қосып пайдалануға берудің жоспарлануына байланысты өнім өндірудің едәуір өсімі күтілуде.

"АШТЗ" ЖШС-нің өндірістік қуатын 80%-ке дейін арттыруға байланысты 2004 жылы өнім шығару осының алдындағысымен салыстырғанда 10,8 есе , 2006 жылы 2003 жылмен салыстырғанда 265 есе өседі.

Электроэнергетика. 2004 жылы электр энергиясын, газды және суды өндіру мен таратуда өндіріс көлемі 12,5 млрд. теңгеге дейін өседі немесе 2003 жылы күтілетін деңгейге қатыстылығы бойынша 105% құрайды. 2006 жылы өндіріс көлемі 15,7 млрд. теңге немесе 2003 жылы күтілген деңгейге 120,2% құрайды. Өндіріс көлемінің өсімі, негізінен алғанда химия өндірісін қайта қалпына келтірілуіне және "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағының САЭА аумағында жаңа өнеркәсіптің құрылуына байланысты болып отыр.

3 тарау. Ауыл шаруашылығының дамуы.

1. Талдау: 2002-2003 жылдар

Мал шаруашылығы. Облыс экономикасының аграрлық секторы қой, жылқы және түйе өсірілетін негізінен мал шаруашылығымен көрініс табады. 2000-2005 жылдарға арналған ауылды әлеуметтік экономикалық дамыту жөніндегі іс шараларды іске асыру нәтижесінде облыста 2002-2003 жылдары ішінде мал басы мен ауыл шаруашылығы өндірісін өсіру беталысы белгіленді. 2003 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша шаруашылықтардың барлық санаттарында 366,2 мың бас қой мен ешкі, 25,6 мың бас жылқы, 29 мың бас түйе, 6,2 мың бас мүйізді ірі қара болды. Өткен жылдың тиісті

кезеңімен салыстырғанда мал басы санының өсімі қой 1,8%, жылқы 0,4%, түйе 1,4%, мүйізді ірі қара 3,0% құрады. 2002 жылы 100 аналықтан 95 қозы, 46 құлын және 36 ота алынды. Мал басын одан әрі көбейту мақсатымен қаракөл қозысын сою қысқартылды. Мал басын өсіруде малды, кейіннен "Маңғыстауагросервис" МКК арқылы сатып ала отырып, ауыл шаруашылығы өндірушілеріне беру үлкен рөл атқаруға тиіс. 2002 жыл ішінде кәсіпорын арқылы 1300 саулық қой, 100 түйе, 45 жылқы мен 25 сиыр сатып алынып және жалға берілді. 2003 жылы кәсіпорын арқылы 30 млн. теңге жалпы сомасында ауыл шаруашылығы малын сатып алу және жалға беру жоспарлануда.

Облыста ветеринарлық алдын алу жұмыстарына, қасқырға және шегіртке зиянкестеріне қарсы күреске зор көңіл бөлінуде. 2002 жыл ішінде осынау іс шараларға республикалық және жергілікті бюджеттерден 28,5 млн. теңге бағытталды.

2002 жылы мал шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі 1055 мың теңге құрады, бұл 2001 жылғы деңгейден 2% жоғары. Ауыл шаруашылығы өндірісінің қозғалыс қарқынына жасалған талдау, 2002 жылы облыста жұмыртқа өндіру 51% едәуір азайған жағдайында (Ақтау құс фабрикасының өндірісті жетілдіру жөніндегі алдағы уақыттағы жұмыстарына байланысты тоқтауы), сүт (2001 жылғы деңгейге 132%), жүн (13,3%), ет (1,2%) өндірудің жоғары өсіміне қол жеткізілгенін көрсетіп отыр.

Қол жеткізілген өсім қарқынына қарамастан облыстың аграрлық секторы өңір халқының қажеттілігін іс жүзінде қамтамасыз етпейді. Атап айтқанда 2003 жылғы 1 қаңтарға қажеттіліктің қамтамасыз етілуі: ет 25,9%, сүт 13,3%, жұмыртқа 3,45% құрады. Өңір халқын негізгі азық түлік тағамдарымен, атап айтқанда сүтпен және етпен тұрақты қамтамасыз ету мақсатында облыс аграрлық секторының күш жігері мал шаруашылығы саласын одан әрі қарқындалтуға шоғырландырылған.

Облыста мал шаруашылығы өнімдерін өңдеп ұқсату бірте бірте жолға қойылуға. Қарақия ауданының "Сенек" ААҚ-да өнімділігі жылына 150 тонна жүн жуу жөніндегі желі салынды. Мұнда қаракөл шикізатын өңдеп ұқсату жөніндегі цех жұмыс істейді, қой терісі мен ірі қара мал терілерін өңдеуге арналған станок орнатылған, өнеркәсіп кәсіпорындарының қажеті үшін техникалық киіздер, қолғаптар айындау жөніндегі цех жұмыс істейді. 2002 жылы 5118 дана қаракөл, 5020 дана ірі қара мал терісі мен 27,8 тонна жүн өңделді. Бейнеу ауданында өнімділігі жылына 1,0 мыңға дейін тері өңдейтін екінші шағын цех ашылды. "Таушық" ЖШС-де полиэтилен бөтелкесіне шұбат құйып дайындау жөніндегі сүт цехының бірінші желісі салынды.

Егіншілік. 2002 жылы облыстың ауыл шаруашылығы жерінің жалпы көлемі 12699,6 мың га құрады, оның едәуір бөлігі жайымдылықпен көрініс табады (12697,8 мың га). Егістік жердің көлемі 0,4 мың га, пішендік жер 0,3 мың га құрайды. 2002 жылы ауыл шаруашылық дақылдарын жинау көлемі 78 га құрайы, оның едәуір бөлігі ашық және жабық топырақтағы көкөністің үлесіне тиеді (2001 жылғы 46 га орнына 55 га). Бақшалық дақылдар көлемі 23 га құрайды.

Егістіктің басты субъектісі шаруа қожалықтары болып табылады, олардың жалпы

саны 2003 жылдың басында 575 бірлік құрады. Жекелеген шаруа қожалығының алып отырған учаскесінің көлемі орта есеппен 4-6 га аспайды, бұл суару үшін пайдаланылатын жерасты су көздерінің аз өнімділігіне байланысты болуда. Облыстың жайылымдықтары жылдар мен маусымдар бойынша күрт ауытқып тұратын орташа өнімділігімен сипатталады. Жайымдылықтың сулылығы 55% құрайды. Маусымдық пайдаланылуы бойынша күзгі қысқы жайылымдық барынша көп үлеске ие (48%), 39% көктемгі жазғы жайылымдықтың үлесіне тиеді. Жайылымдықтың түсімділігі гектарына 0,5-1,7 центнер жемшөп бірлігін құрайды. Ең алдымен күрт континентальды болып сипатталатын облыстың табиғи климаттық жағдайы бақша өсіру мен бақ өсіруді дамытуға мүмкіндік бермейді. Оның үстіне Астрахань Маңғыстау су таратқыштан алынатын еділ суына қойылған бағаның жоғарылығы, өнімнің өзіндік құнының жоғарылығы мен оның жергілікті рыноктарда бәсекеге қабілетсіздігі суармалы егіншілікті дамытуға ынталандырмайды.

2002 жылы ашық және жабық топырақтағы көкөністердің жалпы түсімі 638 тонна құрады, бұл 2001 жылғыдан 4% артық, оның үстіне көкөніс дақылдарының түсімділігі гектарына 114,2 центнер құрады. Түсімділігін 2,4 есе арттыру есебінен бақшалық дақылдардың түсімі (182 тонна) ұлғайды.

Техникалық парк. Соңғы онжылдықта машиналар паркі іс жүзінде жаңартылмады, ал ауыл шаруашылығы техникаларының тозуы 80 және одан да жоғары пайыз құрады, бұл облыстағы ауыл шаруашылығы өндірісінің дамуын тежеді. Тауар өндірушілердің қолында кепілдік мүліктің болмауы, оларда екінші деңгейдегі банк арқылы несиелеуге ж о л б е р м е й о т ы р .

Бейнеу ауданында 2000 жылы құрылған "Бейнеу - МТС" МКК тиімді жұмыс істеуде . Кәсіпорын ауыл шаруашылығының өндірушілері мен халыққа көліктік, техникалар мен жабдықтарды жөндеу, табиғи жем шөп дайындау, үйлер мен мал қоралары құрылысын салу тәрізді кең ауқымды қызмет көрсетуде. Ауыл шаруашылығы техникалары санының аздығы облыс аудандарында МТС тораптарын дамытуға м ү м к і н д і к б е р м е у д е .

Ауыл шаруашылығының өндірушілерін қолдау, оларға тауарлы несиелер мен лизингтік қызмет көрсетулерді беру жолымен техникалық көмек көрсету мақсатында 2002 жылдың сәуірінде "Маңғыстауагросервис" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны құрылды. Ауыл шаруашылығының өндірушілеріне жалға беру үшін 2002 жылы кәсіпорын арқылы 6 трактор, 10 пішен шапқыш, 3 пішен тайлағыш, 7 тонна кендір жіп сатып алынды. 2003 жылы техникалық паркті облыс бюджет арқылы МКК-ға бөлінген қаражат есебінен 7 пішен шапқышпен, 7 тырмамен, 6 трактормен, 6 пішен тайлағышпен толықтыру жоспарлануда.

Ауыл шаруашылығына инвестициялар. 2002 жылы облыстың ауыл шаруашылығына инвестициялардың көлемі, асыл тұқымды мал шаруашылығын ұстауға және дамытуға арнап 10,791 млн. теңге мөлшеріндегі демеуқаржыны қоса

алғанда, 106 млн. теңге құрады. Мал шаруашылығын дамытуға және мал шаруашылығы өнімдерін өңдеп ұқсатуға 86 млн. теңге, басқа да салаларға 26 млн. теңге бағытталды. Ауыл шаруашылығындағы инвестициялар құрылымында республикалық бюджеттің үлесі 10,2%, жергілікті бюджеттік 73,3% құрайды. 2003 жылы кәсіпкерлікті дамытуға облыстық бюджет арқылы 100 млн. теңге бөлінді, бұл ретте ауыл шаруашылығын дамыту мен ауылды дамыту жөніндегі жобалар артықшылықпен қаржыландыруға ие болды. "Маңғыстауагросервис" МКК-на 50 млн. теңге бөлінді.

Саладағы негізгі проблемалар.

1. Ауыл шаруашылығы өндірушілерінің қолында өндірісті дамыту үшін несие ресурстарын алу үшін өтімді кепілдің болмауы.

2. Табиғи су көздерінің болмауына байланысты өсімдік өсіруді дамытудың төмені қ а р қ ы н ы .

3. Асыл тұқымды мал өсірумен айналысатын шаруашылықтарды мемлекеттік қ о л д а у д ы ң ж е т к і л і к с і з д і г і .

4. Құнының жоғарылығы мен қайтару мерзімінің қысқалығы ауыл шаруашылығы техникасының лизингін кеңірек пайдалануға жол берілмеуі.

2. Келешегі: 2004-2006 жылдар

Мақсаты мен міндеттері.

2004-2006 жылдарда Маңғыстау облысының ауыл шаруашылығын дамытудың негізгі мақсаты ішкі ресурстарды тиімді пайдалану, агробизнестің ұтымды құрылымын құру, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді мемлекеттік қолдаудың тетіктерін жетілдіру және дамыту есебінен өңірдің азық түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Осынау мақсаттарға қол жеткізу үшін облыстың аграрлық секторында мынадай міндеттерді шешу көзделеді:

1. Мал шаруашылығы саласының орнықты дамуын сақтау және суармалы егістікті дамыту үшін жағдайлар жасау.

2. Өңдеп ұқсатушы шағын цехтар мен шағын желілер торабын дамыту және ауыл шаруашылығының маркетингтік стратегиясына көшу есебінен ауыл шаруашылығының өнімдерін сату көлемін ұлғайту.

3. Аграрлық секторда сервистік қызмет көрсету жүйесін құру.

Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізудің және міндеттерді шешудің жолдары:

Мал шаруашылығы саласында:

Мал шаруашылығын қарқындатудың негізгі факторларының арасында, тиісті асыл тұқымды мал базасын жасаудың, дайындау операцияларын жетілдірудің, мал шаруашылығы өнімдерін сатып өткізу мен оны өңдеп ұқсату базарында сақтау мен жеткізудің тиімді жүйесін ұйымдастырудың селекциялық асылдандыру жұмысына басым жағдай бөлінетін болады.

Ауылдық аумақтарды дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған агроазық-түлік бағдарламасы мен аймақтық бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс шаралар

жоспарында үш жыл ішінде қойды жасанды ұрықтандыру пункттерін құруға 1 млн. теңге, сатып өткізілетін жас малдардың құнын арзандатуға малды асылдандыру шаруашылықтарына 30 млн. теңге демеуқаржы, ветеринарлық алдын алу іс шараларына 18,3 млн. теңге, қасқырлар мен шиебөрілерге қарсы күреске 24 млн. теңге қаржы салу көзделеді. Облыста мал шаруашылығын дамыту, "Маңғыстауагросервис" МКК-ның ауыл шаруашылығының өндірушілеріне көрсететін қызмет көрсетулері де ықпал етуге тиіс. Кәсіпорынға жыл сайын бөлінетін 50 млн. теңгенің 60% жалға беру үшін мал сатып алуға жұмсалады.

Облыс халқын азық түлік тағамдарымен қамтамасыз етуде, ішкі ресурстарды тиімдірек пайдалануда ауыл шаруашылығындағы өңдеп ұқсату өндірістерінің жүйесін дамытуға маңызды мән беріледі. Ауылдық аумақтарды дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған Бағдарламасында үш жыл ішінде мал шаруашылығы өнімдерін өңдеп ұқсату жөніндегі объектілер құрылысын салу мен дамытуға шамамен 173 млн. теңге, оның ішінде 2 аудан орталығында тоңазытқыш камерасы мен шұжық цехы бар мал сою пункттерінің құрылысын салуға 40 млн. теңге, шұбат дайындау және оны ПЭТ-ке құю жөніндегі сүт цехтарының құрылысын салу және кеңейтуге 17 млн. теңге, жүн жуу жөніндегі цехтар мен тері шикізатын өңдеу жөніндегі цехтар құрылысын салуға 45 млн. теңге, 200 басқа арналған ІҚМ тауарлы сүт фермасын ұйымдастыруға 3,7 млн. теңге және басқаларына қаржы салу жоспарлануда.

Егіншілікте. Облыстың жайылымдық жерлері мен жайылымның пішен шабу учаскелерінің мардымсыз өнімділігі, оларды жаппай зиянкестерден және мұнайгаз кенорындарын игеру нәтижесінде бүлінуден қорғау жөнінде уақытылы шаралар алу қажеттілігі жағдайын туғызады. 2004-2006 жылдары шегіртке зиянкестеріне және өсімдік зиянкестеріне қарсы күрес жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және оны өткізуге 21,3 млн. теңге бағытталатын болады.

Жер қатынастарын іске асыру мақсатында Маңғыстау облысының жер шаруашылық құрылымының сұлбасы әзірленді, онда қоршаған ортаны қорғау мен облыстағы жерді қорғау жөніндегі қажетті шаралар айқындалды.

Қазіргі кезде жерасты су көздері қорының аздығы себепті, ауыл шаруашылығын сумен жабдықтау, облыстағы су тұтынудың жалпы көлеміндегі үлесі 2,6% құрайды, бұл - өсімдік өсіруді дамытуды елеулі түрде тежеуде. Осынау проблеманы шешуге 2003-2010 жылдарға арналған "Ауыз су" Аймақтық бағдарламасын іске сыру ықпалды жәрдемдесетін болады, оның шеңберінде облыста, әсіресе ауылдық аудандарда сумен қамтамасыз ету жүйесін жақсарту жөніндегі іс шаралар кешені көзделуде. 2003 жылға 8 АЕМ үшін су тазарту ғимараттарын орнатуға жергілікті бюджеттен 106,3 млн. теңге көзделді. Жұмыстың көптеген түрлері бойынша бірінші тоқсанда тендерлер өткізілді және оларды іске асыру жүргізілуде. Тұтас алғанда ауылдық елді мекендерде сумен жабдықтау жүйесін дамытуға 701,2 млн. теңге, оның ішінде республикалық бюджет қаражаты есебінен 287,1 млн. теңге, жергілікті бюджет қаражаты есебінен 356,6 млн.

теңге бағытталатын болады, басқа да көздерден 57,8 млн. теңге тартылатын болады, бұл шаруа қожалықтарын және тұтастай ауыл шаруашылығы өндірісін дамытуды ынталандырудың маңызды факторы болмақ. Өңірдің көкөніспен және жеміспен қамтамасыз етілуінің төмен деңгейін ескере отырып суармлы егістікпен айналысуға тілек білдірген шаруа қожалықтарына учаскелер бөлуге, несие алуы үшін бизнес-жобалар түзіп жасауға қажетті көмек көрсетілетін болады.

Ауыл шаруашылығын ақпараттық және материалдық техникалық қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру. Ауыл шаруашылығында нарықтық үдерістердің дамуы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін ақпараттық және техникалық қолдау қажеттілігі жағдайын туындатады. Облыстың ақпараттық маркетингтік жүйені дамыту мақсатында 2004-2006 жылға барлық аудан орталықтарында ақпараттық маркетингтік қызметтерін құруды аяқтау жоспарлануда. Осынау іс шараларға жоспарланған кезеңде жергілікті бюджеттен 1,5 млн. теңге бағыттау көзделген. Облыс ауыл шаруашылығын дамытудың аса маңызды шарты ауылдық тауар өндірушілерін қажетті ауыл шаруашылық техникасымен қамтамасыз ету болып табылады. Ауыл шаруашылығы техникаларының қымбаттығы, "Казагрофинанс" ЖАҚ белгілеген лизингтің қолайсыз шарты, облыстың ауыл тұрғындарын тиісті техникамен қамтамасыз етудің оңтайлы жолдарын іздестіруді талап етеді. Осынау проблеманы шешуде, техника сатып алудың қолайлырақ шартын ұсынатын "Маңғыстауагросервис" МКК-на маңызды рөл беріледі. 2003 жылғы сәуірдегі жағдай бойынша кәсіпорын ауыл шаруашылық техникасына деген сұранысты 50% ғана қанағаттандырады, оның үстіне соңғысының өсу беталысы байқалады. Осының алдындағы кезеңдегідей, 2004 жылы кәсіпорынды қаржыландыру көлемі 50 млн. теңге құрайды, оның 35% ауыл шаруашылық техникасын сатып алуға бағыттау көзделуде.

"Бейнеу - МТС" МКК-ның іс жүзіндегі қызметі көрсеткендей, тиісті жағдайларымен МТС құру, тек ауыл шаруашылық техникасымен қамтамасыз етуде ғана емес, сонымен қатар тұтастай тауар өндірісін дамытуда да маңызды рөл атқара алады. 2005 жылы Қарақия ауданында МТС құру жоспарлануда.

Облыс ауыл шаруашылығы өндірушілерінің бірінен бірінің, сондай-ақ аудан орталықтарынан аумақтық өте қашық орналасуы, МТС жүйесін ауқымдырақ күйде дамытуға және несиелік серіктестер құруға мүмкіндік бермейді.

Облыс ауыл шаруашылығын дамыту міндеттері осы салаға инвестицияларды көбейту қажеттілігі жағдайын туғызады. Осы жолдағы басты кедергі ауылдық тауар өндірушілерінің қолында банк несиесін алуы үшін өтімді кепілдіктің болмауы болып табылады. Сондықтан да салаға инвестицияны ынталандыру жөніндегі шаралар, бірінші кезекте оларды тартудың тиімді тетігін жасауды және кредит ресурстарын алуға ауылдық тауар өндірушілеріне барынша жәрдемдесуді көздейді. Осыған байланысты "Маңғыстауагросервис" МКК-ның шаруашылық тетігі мен "Казагрофинанс" ЖАҚ-ның тауарлық несиелеу тетігін одан әрі дамыту және жетілдіру

міндеті

қойылуда.

Аграрлық сектордың дамуын қамтамасыз ететін қаржы ресурстары. Аграрлық сектор мен оның леспе салаларын дамыту бағдарламасын іске асыру шеңберінде 2004-2006 жылдары қаржы ресурстары мынадай мөлшерде бағытталады деп болжамдалуда:

Жергілікті бюджеттен: 2004 жылы 10 млн. теңге, 2005 жылы 17 млн. теңге, 2006 жылы 10 млн. теңге, басқа көздерден: тиісінше 35,7 млн.теңге, 84,7 млн. теңге, 19,6 млн. теңге.

Болжамдалған нәтижелер:

Облыстың аграрлық саласында іс шараларды жүзеге сыру, 2006 жылы мал басының өсімін 2003 жылмен саластырғанда ІҚМ 9,7%, қой мен ешкі 4,35%, жылқы 5%, түйе 5,8% жеткізуге мүмкіндік береді, бұл мал шаруашылығы өнімінің 14,0% өсімін қамтамасыз етеді. Мал басы санының мардымсыз өсу қарқыны, облыс мал шаруашылығының жайылымдық жердің жай-күйі мен ауа-райы климатының жағдайына тәуелділігімен түсіндіріледі. Бір немесе өзге ауданда тұрақты түрде мезгіл мезгіл қолайсыз жағдай көрініс береді, сондықтан да жоспарды әзірлеу кезінде мал басы санының өсімі мен өнімділігінің, облыстағы аудандар үшін мал тұқымы мен табиғи климаттық жағдайларына тән орташасы алынады. Мал шаруашылығы өнімдерін (жүн, қаракөл) өндеп ұқсатуды кеңейту, облыс ауыл шаруашылығының экспорттық мүмкіндігін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

"Ауыз су" Аймақтық бағдарламасының шеңберіндегі іс шараларды іске асыру, шаруа қожалықтарын одан әрі дамытуға, әсіресе өсімдік өсіруде, олардың санын көбейтуге ықпал ететін болады. 2006 жылы өсімдік өсіру көлемінің өсімі 2003 жылмен салыстырғанда 14,1% құрайды. Тұтас алғанда, 2004-2006 жылдары облыстағы ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асыру, ішкі базарды азық-түлік тағамдарымен толтыруға және аймақтық азық-түлік қауіпсіздігінің негізін қалауға ықпал ететін болады.

4 тарау. Ауылдың әлеуметтік саласы мен инфрақұрылымының дамуы.

1. Талдау: 2002-2003 жылдар

Облыста 40 елді мекенді қамтитын 4 ауылдық аудан бар. Облыс ауыл шаруашылығының жалпы өнімінде Маңғыстау (43%) мен Бейнеу (27%) едәуір үлеске, Қарақия (15%) мен Түпқараған (11%) аз үлеске ие.

Ауылда ауыл шаруашылығы өндірісінің нашар дамуы, өнеркәсіп кәсіпорыдарының болмауы, жұмыс орындарының жеткіліксіздігі ауыл халқы табысының төмен деңгейін айқындайды. Дегенмен халықтың басым көпшілігінде жеке шаруашылығында өзінің тұтынуына арналған, сонымен қатар облыс базарларында сатуға арналған әртүрлі малы бар.

Аудандар арасындағы табыс деңгейі барынша, атап айтқанда орташа жалақы мөлшері бойынша сараланып жіктелу байқалады. 2002 жылы аудандар бойынша орташа айлық жалақы 10798 ден 21811 теңге аралығын құрады.

Инженерлік инфрақұрылымның даму деңгейі.

Сумен жабдықтау. Облыста сапалы сумен жабдықтауды қамтамасыз етуде жеткілікті түрде елеулі проблема бар. Ауылдық елді мекендерді ауыз сумен жабдықтау, жерасты тұщы су көздері, Астрахань Маңғыстау су таратқышынан алынатын еділ суы және ішінара "МАЭК - Казатомпром" ЖШС-нің тұщытылған суы арқылы жүзеге асырылады. Су таратқыштың тозуы, оның бүкіл желісі бойына тазартқыш ғимараттарының болмауы тек техникалық қажетке ғана пайалануға жарамды, ауыз судың төмен сапасы көрініс береді. Облыстың аудандары бойынша су таратқыштың жалпы ұзындығы 412 км құрайды. Су құбырлары жоқ АЕМ алатын үлесі облыс бойынша 82,5% құрайды. Елді мекендердің бір бөлігі ұзақ мерзімде төлем төлеуі себепті сумен жабдықтаудан ажыратылған. Әрекет үстіндегі су құбырлары санитарлық талаптарға жауап бермейді.

Газдандыру. Қазіргі кезде негізінен аудан орталықтары табиғи газбен қамтамасыз етілуде. Бейнеу ауданы едәуір дәрежеде газдандырылған: барлық елді мекендері немесе аудан халқының 100% жуығы табиғи газбен қамтамасыз етілген.

Маңғыстау ауданында күні бүгін 10,5 мың адам халқы бар Шетпе селосы немесе аудан тұрғындары жалпы санының 36%, Оңды селосы мен Бекі селосы газдандырылған, Тұщыбек селосы, Жыңғылды селосы, Жармыш селосы газдандыру кезегінде тұр.

Түпқараған ауданында тек қана 3,7 мың адам халқы бар Ақшұқыр селосы мен 0,4 мың адам халқы бар Тельман селосы немесе ауылдық аудан халқының 57,7% газдандырылған. Қарақия ауданында АЕМден Құланды селосы мен Бостан селосы газдандырылған. Табиғи газды тұтынушылар саны 2,4 мың адам немесе аудан тұрғындары жалпы санының 21,7%. 2004 жылға көзделген Құрық селосы мен Жетыбай кенті газдандырудың және ЖСҚ әзірлеуге 2003 жылы 342,0 млн. теңге бюджет қаражаты бөлінді және игерілді. Бұдан басқа, 2002 жылы 15,2 млн. теңге сомасында Баяды селосын газдандыру аяқталды.

Электр энергиясымен қамтамасыз етілуі. Қазіргі күнге облыстың барлық ауылдық елді мекендері "МАЭК-Казатомпром" ЖШС-нен тұрақты түрде электрмен жабдықталумен қамтамасыз етілген. Ауылдық аудандарға электр энергиясын тасымалдауды "Маңғыстау электр жүйесін тарату компаниясы" ААҚ ("МЭЖТК") жүзеге асырады.

Ауылдық елді мекендер 366 млн. кВт/сағ., оның ішінде өнеркәсіп 345,6 млн. кВт/сағ., әлеуметтік мәдени, тұрмыстық объектілер 0,6 кВт/сағ., тұрғын халық 19,8 кВт/сағ. тұтынады.

Ауылдық елді мекендерді электрмен жабдықтауды жүзеге асыратын электр жүйелерінің жалпы ұзындығы 2059,5 км, оның ішінде 0,4 кВ 489,7 км, 6-10 кВ 1569,8 км. 1990 жылға дейін 1704 км электр жүйесі немесе барлық әрекет үстіндегісінің 82,7% қатарға қосылып пайдалануға берілген, қалғандары 1990-1995 жылдары жұмысқа қосылған. Қазіргі күнге 111 км электр желісі (5,4%) қайта жаңартуды талап етеді,

қалғандарының жай күйі қанағаттанарлық жағдайда. Электрмен жабдықтау желілеріне 40,5 мың кВ жалпы белгіленген қуаты бар 258 трансформаторлық кіші станция (ТК) орнатылған, олардың 255і (71%) 1990 жылға дейін, қалғандары 1990-1995 ж.ж. кезеңде қатарға қосылып пайдалануға берілген.

Байланыс. Ауылдық елді мекендер жалпы санының б-да ешқандай телефон байлынысы жоқ. Жалпы пайдаланудағы ауылдық жүйе, осыған ұқсас коммуникациялық және арна құрайтын аппаратураларының тозған көлемі басым сипатталатын, әбден тозған жабдықтардан тұрады. 25 ауылдық АТС-тің 24-і осыған ұқсас үйлесімді қарқынды да және бар болғаны 1-уі ғана сандық болып отыр. Соңғы екі жыл ішінде ауылда телефон аппараттары саны өсуінің тұрақты беталысы байқалады. Сонымен қатар, облыс бойынша станциялардың 80% 20 және оданда көп жыл жұмыс істеуде, ауылдағы әрекет үстіндегі абоненттердің 22,8% қалааралық жүйеге шығу мүмкіндігі жоқ.

Халықтық сирек қоныстауны мен елді мекендер аралығының едәуір қашықтығы, қосу желілерінің айтарлықтай ұзындығы ауылдық байланысты ұйымдастыруды қиындатады, және, соның салдарынан олардың жұмыс істеу қабілеті мен ақаусыздығын қалыпты ұстау үшін пайдалану шығындары үлкен, жүйенің тозған элементтерін қысқа мерзімде ауыстыру мүмкіндігі жоқ.

Ауылды телекоммуникация қызмет көрсетулерімен қамтамасыз ету проблемасын шешу үшін "Қазақтелеком" ААҚ "ДАМА" талабы бойынша арналарды бере отырып, кіру технологиясы бойынша ҚSAT жабдығында ауыл және баруы қиын аудандар үшін ұлттық спутниктік байланыс жүйесі құрылысын салуды жүзеге асыруда. Облыс бойынша спутниктік жүйенің жалпы сыйымдылығы 18 станция құрайды, оның ауылдағысы 13 станция. Бұдан басқа, облыс ауылдарында СМАРТ карт технологиясы бар 8 таксофон орнатылған, бұл облыс бойынша 11,8% құрайды. Бейнеу ауданында, Бейнеу селосында 100% тозған, 1982 жылы шығарылған АТСК 100/100 жабдығы орнатылған. 2002 жылы жабдыққа шағын жетілдіру жүргізілді. Осы тектес жағдай Маңғыстау мен Қарақия аудандарында қалыптасып отыр.

Көлік инфрақұрылымы. Бейнеу ауданы бойынша жолдың жалпы ұзындығы 32,2 км құрайды, оның 14,2 км асфальт жамылғысы жоқ, 18,0 км қиыршақ тас жамылғысы бар. Аудандағы 10 елді мекеннің 5-де: Ноғайты, Тұрыш, Есет, Қызыл - Әскер, Төлепте қатқыл табанды автомобиль жолы бар.

Түпқараған ауданы бойынша "Форт Шевченко - Таушық" автомобиль жолы (80 км) өтеді, ол ауа райының қолайсыз жағдайында пайдалануға жарамсыз болып қалады және күрделі жөндеуді талап етеді. Маңғыстау ауданындағы әрекет үстіндегі "Тұшықұдық - Қызан" қиыршақ тас жолы да жөндеуді талап етеді, 3 елді мекенде (Сазды селосы, Жарма, 15 Бекет) тек қана қара жол бар. Қарақия ауданында оған дейін қатқыл табанды автомобиль жолы жоқ бір ауылдық елді мекен Аққұдық селосы бар. Құланды селосындағы, Бостан селосындағы, Сенек селосындағы кентшілік және

асфальтталған жолдар да жөндеуді талап етеді.

Облыс бойынша қатқыл табанды автомобиль жолы жоқ 9 ауылдық елді мекен бар немесе АЕМ жалпы санының 22,5%.

2002 жылы жалпы пайдаланатын автомобиль жолдарын дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған Аймақтық бағдарламасына сәйкес ауыл жолдарын дамыту жөнінде іс шаралар іске асырылады.

Ұзындығы 14 км "Шетпе - Қызан" қиыршақ тас жолы мен Шетпе селосы мен Құрық селосындағы ұзындығы 6 км асфальттыбетон жабындылы жолдарды орта жөндеуге 72,7 млн. теңге бөлінді.

Әлеуметтік инфрақұрылымның даму деңгейі.

Денсаулық сақтау. Ауыл халқына бекітілген нормативке сәйкес 3 Орталық аудандық ауруханасы, 5 ауылдық учаскелік ауруханасы, 9 отбасылық дәрігерлік амбулаториясы, 10 фелдшерлік акушерлік пункттері жекелеген орын жайсыз медициналық көмек көрсетеді.

Ауылдың дәрігерлермен қамтамасыз етілуі облыстық орташа көрсеткіштен төмен, ең төменгі көрсеткіш облыс бойынша 31,2 орнына, Маңғыстау ауданында 14,9 және Қарақия ауданында 17,8 болып отыр. Орта медициналық қызметшілермен қамтамасыз етілуі бойынша көрсеткіш, Түпқараған ауданы бойынша 63,0 және Маңғыстау ауданы бойынша 78,6 болып облыстық орташа көрсеткіштен төмен болып отыр.

Облыстың барлық аудандарында ауруханалық төсек орынмен төмен қамтамасыз етілуі мына аудандарда байқалады: облыстық орташа көрсеткіш 65,0 орнына, Түпқарағанда - 53,7, Бейнеуде - 55,0, және Маңғыстауда - 57,6.

2001 жылғы маусымда облыста денсаулық сақтау жетілдірудің 2001-2003 жылдарға арналған Аймақтық бағдарламасы әзірленіп, бекітілді, онда ауылдық денсаулық сақтау жүйесін дамытуға және әсіресе туберкулезге қарсы күреске маңызды мән берілді. 2002 жылы Бейнеу ауданындағы туберкулез ауруханасының балалар бөліміне және Түпқараған ауданындағы жұқпалы аурулар ауруханасына, 4 ОАА-ға, 3 АУА-ға, 12 ОДА-ға, 4 аудандық емханаға күрделі жөндеу жүзеге асырылды, Шетпе селосында аудандық туберкулез ауруханасының, Сайөтес селосында АДА-ның, Ақшымырау селосында ФАП-тің құрылысын салудың ЖСҚ түзіліп жасалды. 2003 жылы жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен Қарақия ауданындағы ОАА-ға, Бейнеу ауданындағы аудандық туберкулез ауруханасына, Тиген селосындағы медпунктте, Қарақия ауданындағы 2 ОДА-ға күрделі жөндеу жүргізу, Маңғыстау ауданының Өтес селосында 56,6 млн. теңге жалпы сомасында медицина қызметкерлеріне арнап тұрғын үйі бар медпункт құрылысын салу жоспарлануда. Ауылдық елді мекендердің денсаулық сақтау саласындағы негізгі проблемалары білікті кадрлардың жеткіліксіздігі мен ауылдық емдеу - алдын алу мекемелеріндегі материалдық техникалық базасының жеткіліксіздігі болып табылады.

Білім беру. Ауылдық жерде білім беру мекемелерінің жүйесі, 19,3 мың орынға

арналған 48 мектептен тұрады. Мектептердегі оқушы орынмен қамтамасыз етілу деңгейі 87,1% құрайды. Оқушы орындар жеткіліксіздігінің едәуір дәрежесі Бейнеу ауданында (73,4%) байқалады. Мектеп жасындағы балалардың қамтылуын талдау көрсеткендей, АЕМ-дің 77,5% (31) білім беру нормативіне сәйкес мектептер бар, АЕМ-нің 1-де Маңғыстау ауданының Үштаған селосында мектеп нормативке сәйкес келмейді, апатты жағдайда тұр. Ауылдық елді мекендердің 8-де ешбір мектеп жоқ, оның 3-де Маңғыстау ауданының Тиген селосы мен Тұщыбек селосында, Түпқараған ауданының Тельман селосында нормативке сәйкес болуға тиіс. 2003-2010 жылдарға арналған "Ауыл мектебі" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс шаралар жоспарына сәйкес облыста ауылдық елі мекендерде білім беру жүйесін дамыту және жетілдіру жөнінде шаралар алынуда. 2002 жылы 5 мектепте күрделі жөндеу мен Бейнеу ауданының 5 мектебін кеңейту жүзеге асырылды, Маңғыстау ауданындағы 2 орта мектеп құрылысын салудың ЖСҚ түзіліп жасалды. Қарақия ауданының Құрық селосында 35 орынға арналған туберкулезге ойысқан және туберкулезге жанасқан балалар үшін мектепке дейінгі балалар ұйымы ашылды. 2003 жылға жергілікті бюджет арқылы Бейнеу мен Маңғыстау аудандарындағы 5 орта мектепті күрделі жөндеуге, оның 1-уі Маңғыстау ауданында, қалғаны Бейнеу ауданында спорт залы мен мектепке 4 жапсарлас құрылыс салуға 190 млн. теңге көзделуде. Ауылда білім беру жүйесін дамыту жөніндегі жүргізілген іс-шараларға қарамастан, ауылдық мектептерді материалдық-техникалық жарақтандыру мен ақпараттандыру, оларды білікті кадрлармен жасақтау проблемалық мәселелер болып қалуда.

2. Келешегі: 2004-2006 жылдар

Мақсаты мен міндеттері.

Ауылдық әлеуметтік саласы мен инфрақұрылымының дамуы 2004-2006 жылдардағы кезеңге арналған еліміздің әлеуметтік экономикалық саясатының басым бағыттарының бірі болып табылатын ауыл халқының қалыпты өмір тіршілігін қамтамасыз етуін басты шарты. Ауылдың әлеуметтік саласы мен инфрақұрылымын дамытудың басты мақсаты бұл ауылдардың тіршілігін қамтамасыз етудің жағдайларын теңестіру қажеттілігі. Осынау мақсатқа қол жеткізу мынадай міндеттерді іске асыруды көздейді:

1. Ауылдың инженерлік инфрақұрылымын дамыту.
2. Ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту және жетілдіру.
3. Кәсіпкерлікті дамыту және ауылдағы жұмыспен қамтылу проблемасын жұмсарту.

Мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізудің жолдары.

Алға қойылған мақсаттар мен міндеттеге қол жеткізудің жолдары.

Ауылдық жерде инженерлік инфрақұрылымды дамыту, әртүрлі салалар мен бағыттарды іс-шаралар кешенін көздестіреді, оны іске асыруға 2004-2006 жылдары 1,7 млрд. теңге, оның ішінде республикалық бюджеттен 287,1 млн. теңге, жергілікті

бюджеттен 1,3 млрд. теңге, басқа да көздерден 0,06 млн. теңге бағыттау көзделуде.

Сумен жабдықтау саласында Топтық су таратқыштардың қанағаттанғысыз техникалық жай-күйі, халық тұтынатын ауыз су сапасының төмендегі мынадай бірқатар іс-шараларды орындауды талап етеді:

- сумен жабдықтау мен канализация жүйелерінің объектілеріне қайта жанарту мен техникалық қайта жарақтандыруды жүзеге асыру;

Жоспарланған кезеңде ұзындығы 7 км "Қарағайлы Қызыләскер" су таратқышын қайта жаңарту, 2 АЕМ-де канализациялық тазарту ғимаратын қайта жаңарту көзделуде.

- халыққа суды жеткізу мен тазарту мәселелерін шешу;

Халық тұтынатын ауыз судың сапасын қамтамасыз ету мақсатында 11 ауылдық елді мекенде 157,8 млн. теңге жалпы сомасында су тазарту және су тұщыту қондырғылары орнатылатын болады.

- сумен қамтамасыз етудің жаңа объектілері құрылысын салу;

Ұзындығы 13 км Тұщықұдық Шебір су таратқыш, 4 елді мекенде жалпы ұзындығы 30,9 км кентшілік су құбырлары, 5 АЕМ-де суға арналған әртүрлі сыйымдылықтағы резервуарлар құрылысын салу жоспарлануда.

- бірқатар ауылдық елді мекендерде қолда бар жерасты су, кенорындарын тиімді пайдалану жөніндегі іс шараларды іске асыру.

Сумен қамтамасыз етудің баламалы көздерін құру мақсатында, ауылдық елді мекендердің маңайындағы барланған ауыз су кенорындарында 5 ұңғыма бұрғылау жоспарлануда. Тұтас алғанда, ауылдық елді мекендерде сумен жабдықтау жүйесін дамытуға 701,2 млн. теңге, оның ішінде республикалық бюджеттің қаражаты есебінен 287,1 млн. теңге, жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен 356,3 млн. теңге бағытталып, басқа да көздерден 57,8 млн. теңге тартылатын болады.

Ауыл жолдарын дамыту.

Ауыл жолдарын дамыту жөніндегі іс-шаралар, жергілікті бюджеттің қаражатын, сонымен қатар тартылатын әртүрлі көздердің қаражатын пайдалана отырып, 150 км автомобиль жолдарының құрылысын салуды, жалпы ұзындығы 200 км астам кентшілік және кенттераралық жолдарға күрделі жөндеу жүргізуді көздейтінді.

Ауылдық жолдарды дамыту жөніндегі іс-шаралар Маңғыстау ауданында ұзындығы 15 км Көндікұдық Тұщықұдық жолдарының құрылысын салуды, Түпқараған ауданының Таушық селосындағы жолына асфальт жабындысымен жайғастыруды көздейтінді. Осынау мақсатқа жергілікті бюджеттен 179,0 млн. теңге бөлу көздейтірілуде. Бұдан басқа, 2001-2005 жылдарға арналған автомобиль жолдарын дамытудың аймақтық бағдарламасына сәйкес жыл санын облыстық маңызы бар жолдарды, қалаішілік және кентшілік жолдарды ұстау, ағымдағы және күрделі жөндеу жөніндегі іс-шаралар жүргізілетін болады.

АЕМ байланысты дамыту мен телефондандыру. Ауылдық байланысты есепке ала

отырып, жоспарланған кезеңде мынадай іс-шаралар көзделеді:

- облыстың 23 ауылдық елді мекенінде ұқсас АТС-ті сандыға ауыстыру жолымен телекоммуникацияның әрекет үстіндегілерін жетілдіру және жаңа коммуникациялық жүйелер құрылысын салу;

- абоненттердің қарааралық пен халықаралық жүйелерге қол жетімділігін қамтамасыз ету;

- радио қол жетімділігі (WWҰ) мен радио ұзартқыштарын енгізу;
Көрсетілген іс-шаралар АЕМ-дің 7-де жүргізілетін болады.

- аудан орталығы ауыл учаскесінде ИКМ-30 беріліс жүйесін орнату арқылы СТС бастапқы жүйесін сандылау;

- шалғай жатқан және баруы қиын аудандарда ДАМА үлгісіндегі спутниктік байланыс жүйесін енгізу. Жоспарланған кезеңде 5 елді мекенде спутниктік байланыс жүйесі орнатылатын болады.

Бұдан басқа, облыстың ауылдық елді мекендерінде пошта байланысының сапасын жақсарту мен жүйесін кеңейтудің шаралары алынатын болады.

Аталған іс-шараларды "Қазақтелеком" ААҚ мен "Қазпошта" ААҚ филиалдары, осы компаниялардың өндірістік бағдарламаларында көзделген сома шегінде жүргізетін болады.

Ауылдарды газдандыру. Ауылдарды газдандыру жөніндегі іс-шаралар 6 елді мекенде газ құбырлары жүйесі мен газдандыру құрылысын салуды көздестіреді. Осынау мақсаттарға жергілікті бюджеттің әртүрлі көздерінен 711 млн. теңге бағытталатын болады.

Ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту.

Білім беру. 2005 жылға дейін ауылда білім беру жүйесін дамыту "Ауыл мектебі" бағдарламасының және "2001 2005 жылдарға арналған Маңғыстау облысының білім беру жүйесін жетілдіру" Аймақтық бағдарламасының шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

2010 жылға дейін ауылда білім берудің сапасы мен қол жетімділігін арттыру үшін мыналар көзделеді:

- ауылдық жалпы білім беретін мектептер мен мектепке дейінгі ұйымдар жүйесін дамыту;

Алдағы кезеңде ауылдық елді мекендердің 7-де 4 жаңа үлгідегі мектеп пен 2625 оқушы орынға арналған жалпы білім беретін мектептер үшін 4 жаңа ғимарат, АЕМ-ның 6-да 113 млн. теңге сомасында жалпы білім беретін мектептердің спорт залдары, АЕМ-ның 2-де 40 млн. теңге сомасында мектепке жапсарлас құрылысын салу жоспарлануда.

Сондай-ақ білім берудің бірқатар объектілерін күрделі жөндеу, Қарақия ауданының Сенек селосында 50 орындық балабақша құрылысын салу белгіленіп отыр.

- ауылдық мектептердің материалдық техникалық базасын нығайту, оларды

компьютерлік техникамен, спорт мүкәммалдарымен қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жалғастыру.

Жоспарланған кезеңнің аяғына дейін ауылдық жердегі барлық әрекет үстіндегі және жаңадан іске қосылған жалпы білім беретін мектептер, колледждер, кәсіптік техникалық мектептер оқу және көрнекі құралдармен, компьютерлік техникамен қажетті көлемде жасақталып, пәндік зертханалар жабдықталаны болады, сондай-ақ тозған жиһаздар ауыстырылатын болады.

- ауылдық білім беру ұйымдарын Интернеттің коммуникациялық жүйесі арқылы Қазақстанның бірыңғай білім беру жүйесіне қосу жөніндегі жұмысты жалғастыру;
- жоғары және орта кәсіптік оқу орындарын бітірген және ауылдық жерге жұмыс істеу үшін келген жас мамандарды жергілікті бюджеттердің есебінен тұрғын үймен қамтамасыз ету.

Осы мақсатта бірінші кезекте бюджет саласының қызметкерлерін, оның ішінде мұғалімдерді тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін ауылдық елді мекендерде муниципальдық тұрғын үй құрылысын салу жүзеге асырылатын болады.

Ауылдық білім беруді дамытуға барлығы 1959,2 млн. теңге, оның ішінде республикалық бюджеттің қаражаты себінен 698,6 млн.теңге, жергілікті бюджеттен 1152,5 млн. теңге, басқа да көздерден (демеушілік қаражат) 108,1 млн. теңге бағытталатын болады. Республикалық бюджеттің қаражаты тек қана білім берудің жаңа объектілері құрылысын салуға көзделген; жергілікті бюджеттің қаражатынан құрылыс салу мен жөндеуден басқа, ауылдық білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту жөніндегі іс шаралар да жоспарлануда.

Бұдан басқа, ауылдық елді мекендердегі білім беруді дамытуға мынадай ағымдағы шығындар көзделуде:

- білім беру объектілерінің материалдық техникалық базасын нығайту 60,3 млн. теңге сомасында 60,3 млн. теңге сомасында;

- тұрмысы төмен отбасыларының оқушылары үшін киім-кешек, аяқ-киім, мектеп оқу-құралдарын сатып алу 19,7 млн. теңге сомасында;

- тұрмысы төмен отбасыларының оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз өтеу- 208,5 млн. теңге сомасында;

- жақын маңайдағы елді мекендерден оқушыларды тасымалдау 4,4 млн. теңге сомасында.

Денсаулық сақтау. Ауылда денсаулық сақтау жүйесін дамытудың басым бағыттары мыналар болып қалады:

- әрбір ауылдық елді мекен тұрғындары үшін медициналық және фармацевтік көмекке қол жетімділігін қамтамасыз ету;

- ауылда көрсетілетін амбулаториялық емханалық көмектің, сапасын жақсарту, оның ішінде денсаулық сақтау ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту есебінен автомобиль көлігімен және басқа да қажетті

материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз ету, мемлекеттік емес медициналық ұйымдар жүйесін дамыту, медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру;

- салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Ауылдық денсаулық сақтауды дамытуға барлығы 925,8 млн. теңге, оның ішінде республикалық бюджеттен 665,8 млн. теңге, жергілікті бюджеттен 260 млн. теңге бағыттالاتын болады.

Республикалық бюджеттің қаражаты есебінен 213,8 млн. теңге көлемінде Маңғыстау ауданының Шетпе селосында 50 төсек орындық туберкулез ауруханасы мен 452,0 млн. теңге көлемінде Қарақия ауданының Жетыбай селосында 100 төсек орындық аудандық аурухана құрылысын салу көзделеді.

Жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен 23 млн. теңге сомасында денсаулық сақтау саласының 4 объектісін күрделі жөндеу, Маңғыстау ауданының Ақшымырау селосында медицина қызметкерлеріне арналған тұрғын үйі бар ФАП пен 65,0 млн. теңге сомасында Бейнеу ауданының Бейнеу селосында аудандық емханаға жапсарлас құрылысын салу жүзеге асырылатын болады.

Ауылдық денсаулық сақтау саласының материалдық-техникалық базасын нығайту мен дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс жүргізілетін болады, іс жүзінде барлық елді мекендерде ауылдық учаскелік ауруханалар, ОДА мен ФАП үшін медициналық жабдықтар мен мүкәммалдар сатып алынатын болады.

Ауылда мәдениетті дамыту саласында мынадай шаралар көзделеді:

- жұмыс істемейтін мәдениет мекемелерін қайта қалпына келтіру, жаңа объектілер құрылысын салу;

Қазіргі кездің өзінде іс-шаралар жүргізілуде. Бейнеу ауданының Бейнеу селосында мұражай ғимаратының құрылысын салу басталды, оны аяқтау және қатарға қосып пайдалануға беру 2004 жылға жоспарлануда. Жоспарланған кезеңде 5 ауылдық клуб жөнделетін болады, 500 орындық 3 ауыл клубының құрылысын салу жүзеге асырылатын болады.

- мәдениеттің мемлекеттік мекемелері мен кәсіпорындарының материалдық-техникалық базасын нығайту;

Облыстың ауылдық жердегі әрекет үстіндегі клуб мекемелерінің көпшілігі музыкалық аспаптармен, техникамен жарактандырылатын болады, сахналық киімдер жаңартылатын, киноқондырғылар үшін киножабдықтар сатып алынатын болады.

- ауылдық кітапханалардың кітап қорын толықтыру;

Жоспарланған кезеңнің аяғына дейін ауылдағы барлық кітапхана мекемелері қосымша жаңа кітап қорымен қамтамасыз етілетін болады.

- дәстүрлі және қазіргі заманға мәдениеттің құндылықтарына ауыл халқы әртүрлі жіктерінің кең қол жетімділігін қамтамасыз ету;

Тұтас алғанда ауылда мәдениетті дамытуға 241,7 млн. теңге, оның ішінде жергілікті

бюджеттен 196,7 млн. теңге, Қарақия ауданының Сенек селосында 200 орындық клуб құрылысын салуға бағытталатын басқа да көздерден 45,0 млн. теңге қаражат көзделуде.

Ауылда тұрғын үй құрылысын дамыту мыналарды көздестіреді:

- жеке тұрғын үй құрылысын салуды дамыту үшін жағдайлар жасау;
- бюджет саласының қызметкерлері, оның ішінде мұғалімдер, дәрігерлер үшін муниципальдық тұрғын үй құрылысын салу.

Ауылда тұрғын үй саясатын іске асыруға 763,3 млн. теңге, оның ішінде бюджет саласы мен халықтың басқа да әлеуметтік осал жіктерінің қызметкерлері үшін тұрғын үй құрылысын салуға жергілікті бюджеттен 93,0 млн. теңге қаражат бағытталатын болады.

Жеке тұрғын үй құрылысын салу одан әрі дамытылады, осы мақсатқа арналған қаржы көлемі 670,3 млн. теңге құрайды.

Ауылда кәсіпкерлікті дамыту және жұмыспен қамтылу проблемасын жұмсарту.

Ауыл халқының жұмыспен қамтылуы мен табысы проблемаларын шешуге, облыстық мәслихаттың 2002 жылғы желтоқсанда бекіткен аймақтық агроазық-түлік бағдарламасының шеңберіндегі іс-шараларды іске асыру ықпал етуге тиіс, соған сәйкес аграрлық салада халық тұтынатын тауарлар өндірумен және қызмет көрсетумен айналысатын, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді және өндеп ұқсатуды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші құрылымдарды қалыптастыру мен дамыту жалғастырылады. 2004-2006 жылдары ауылда жұмыспен қамту өсімінің негізгі жағдайы:

- ауылда шағын бизнесті несиелеу жүйесін жетілдіру;
- агроөндірісін дамыту, ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып өткізу базарларын іздестіру және кеңейту;
- жаңа өндеп ұқсату кәсіпорындарын ұйымдастыру мен өнімнің жаңа түрлерін өндіру;
- қызмет көрсету және суда саласы кәсіпорындарының жүйесін дамыту жолымен кәсіпкерлікті дамыту мен оның экономикалық қызмет саласын кеңейту болып табылады.

Жоспарланған кезеңде Түпқараған ауданының "Таушық" ААҚ-да арнайы емдеу мекемелері пайдаланылатын және халық арасында үлкен сұранысқа ие, өкпе ауруларын емдеу үшін алдын алу және емдік құралдарының бірі ретінде қолданылатын өнім шұбат шығару және оны ПЭТ бөтелкесіне құю жөніндегі өндірісі кеңейтілетін болады. Осыған ұқсас өндіріс Бейнеу селосында да ашылатын болады.

2004-2006 жылдары орта мерзімді кезеңде жүн жуу және өндеп ұқсату, теріден бұйымдар шығару жөнінде 4 цех, шұжық шығару жөнінде цех ашылатын, 200 бас малға арналған тауарлы сүт фермасы құрылатын болады. Келтірілген іс-шаралар ауылда жұмыссыздық санын азайтуға ықпал ететін болады, қосымша 174 жаңа жұмыс

орны құрылып, ауылдық елді мекендердің өзіндегі азық-түлік тағамдарымен және халық тұтынатын тауарлармен өзін - өзі қамтамасыз ету жақсаратын болады.

Бұдан басқа, туристік инфрақұрылымды құру жөніндегі іс-шаралар іске асырылатын болады, бұл ретте әрекет үстіндегі маршруттарда сервистік объектілер қонақ үйлер, тез тамақтану пункттері, қонақыжайлар мен басқалары құрылатын болады . Ұлутас өндіру жөнінде жаңа карьерлер әзірленді және оларды пайдалануға беру
б а с т а л м а қ .

Ауылда экономикалық қызмет саласын кеңейтуге қызмет көрсетулер мен сауда саласын дамытуға 2004-2006 жылдары 177,1 млн. теңге бағытталады деп болжамдалуда .

Болжамдалған нәтижелер:

Ауылдық аумақтарда инженерлік инфрақұрылымды дамыту жөніндегі белгіленген іс-шараларды іске асыру мыналарды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді:

ауыл тұрғындарының қажетті көлем мен талап етілетін сапада ауыз суға деген қол жетімділігі ;

50 км астам су құбырларының жүйесі қайта жаңартылатын және жаңадан салынатын, АЕМ-нің екеуінде канализациялық тазарту имараттары салынатын, жерасты көздерінен суды ауыз су мақсатына пайдаланатын 11 ауылдық елді мекенде су тазарту және су тұщыту қондырғылары орнатылатын болады.

елді мекендер мен аудан орталықтары арасында сенімді көлік қатынасы 20 км ауылдық автомобиль жолдары жөнделетін болады.

- ауылдық мекендердің аудандармен және облыс орталығымен, ауылдық мекендермен орнықты және сапалы телефон байланысы, сондай-ақ радио және телехабарларын таратудың қол жетімділігі;

АЕМ-нің 5-де ДАМА үлгісіндегі спутниктік байланыс жүйесі орнатылатын, осыған ұқсас АТС сандыға ауыстырылатын болады. Соның нәтижесінде барлық ауылдық елді мекендер 100% телефондандырылатын болады.

магистральды газ жүйелерінің маңайындағы барлық елді мекендерді газдандыру.

Әлеуметтік саладағы іс-шараларды іске асыру мынадай нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді .

Жоспарланған кезеңде барлық АЕМ нормативке сәйкес білім беру объектілерімен қамтамасыз етілетін болады. Жалпы қуаты 2605 оқушы орындық 8 жаңа мектеп салынатын болады. Барлық мектепті компьютерлік техникамен, қажетті көлемде көрнекі оқу құралдарымен, оқулықтардың жаңа легімен жасақтау есебінен білім берудің сапасы едәуір артады .

Жоспарланған кезеңде 4 елді мекенде денсаулық сақтау саласының жаңа объектілер құрылысын салу және жаңаларын ашу есебінен ауыл тұрғындары үшін медициналық көмектің қол жетімділігі мен сапасы артады, әрекет үстіндегі объектілерді күрделі жөндеу жүзеге асырылады .

Ауылдық денсаулық сақтау ұйымдарының қазіргі заманғы медициналық жабдықтармен және мүкәммалдармен жарактануы артады, оларды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жақсарады. Денсаулық сақтауды дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру жөнінде алынған шаралар нәтижесінде ауыл халқының сырқаттанушылығы мен кісі өлімі азаяды.

Ауылдағы мәдениет ұйымдарының жүйесін кеңейту, ауылдық мәдениет үйлерінің, ауылдық кітапханалар мен клубтардың материалдық-техникалық базасын нығайту жөнінде алынып жатқан шаралар, ауылдық елді мекен тұрғындарының жинақы бос уақытын қамтамасыз етуге, өскін ұрпақты мәдениеттің құндылықтарына тартуға, ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейін арттыруға, жастардың ауылдан кетуін азайтуға мүмкіндік береді. 4 елді мекенде жаңа мәдениет объектілері салынатын болады.

2004-2006 жылдар кезеңінде жекеменшік, сонымен қатар муниципальдық тұрғын үйлерді қоса алғанда, ауылда 150 мың шаршы м. тұрғын үй қатарға қосылатын болады. Тұрғын үй қорын ұлғайту, бюджет саласының қызметкерлері үшін тұрғын үй құрылысын салу, ауылдық елді мекендердің тартымдылығын өсіруге, ауылдық жерге жоғары білікті кадрларды тартуға ықпал ететін болады.

Үстірт жерінде болған жерасты жарылыстарының салдары мен оның жақын маңайындағы ауылдық елді мекендерге тигізген әсері зерделенетін болады.

Әрбір аудан ортылығында оба міндетінің және басқа да жұқпалы аурулардың таралуын болдырмау мақсатында, обадан және өзге де жұқпалы аурулардан өлген малдарды көмуге арналған мал көметін орын құрылысы салынатын болады.

Бейнеу селосында қатты тұрмыстық қалдықтарды көмуге арналған полигон салынатын болады.

Осыну іс-шаралардың барлығы қауіпті экологиялық және эпидемиологиялық жағдайлардың пайда болуын болдырмайды.

5 тарау. Инфрақұрылымды дамыту.

1. Талдау: 2002-2003 жылдар

Аймақтық географиялық орналасқан жерінің, өнеркәсіптік және техникалық әлеуетінің үйлесімділігі, сондай-ақ оның келешегіне байланысты қолайлы инвестициялық ахуалы арнайы экономикалық аймағының құрылуына және Ақтау теңіз сауда портының дамуына байланысты аймақтық көлік әлеуетін барынша тиімді әрі толық пайдалануға мүмкіндік береді.

Облыстың көліктік коммуникациялық жүйесі көлік пен байланыс жүйесінің қазіргі заманғы барлық түрінен тұрады. Көмірсутегі шикізатының жаңа кенорындарын игерудің басталуына және мұнай бағасының артуына байланысты тұтас алғанда республика бойынша, сонымен қатар облыс бойынша экономиканың тұрақтануы жағдайында, облыстың көліктік коммуникациялық жүйесі тұрақты өсу қарқынмен дамиды.

Темір жол көлігі . "Қазақстан темір жолы ҰК" ЖАҚ-ның Маңғыстау облысы

бойынша темір жолының ұзындығы 819 км, оның ішінде "Опорный - Бейнеу" 125 км, "Бейнеу - Ақжігіт" 90 км, "Бейнеу - Маңғыстау" 404 км, "Маңғыстау Жаңаөзен" 179 км құрайды. "Қазақстан темір жолы ҰК" ЖАҚ темір жол станцияларына қосылатын қарауында кірме жолдары бар кәсіпорын "Каскор ТрансСервис" ААҚ болып табылады. Қатынас жолдарының айқармалы ұзындығы 270 км құрайды., оның әртүрлі учаскелерінде 5 станция орналасқан. "Каскор - ТрансСервис" ААҚ темір жолының Маңғыстау станциясынан Ақтау теңіз портына дейінгі ұзындығы 21 км.

"Каскор - ТрансСервис" ААҚ әртүрлі кәсіпорындар мен ұйымдардың жүктерін тасымалдауды қамтамасыз етеді. "Юбилейный", "Ақтау - Порт" және "Строительная" станцияларында жүк поездарын қабылдау және жөнелту, поездар құрамаларын қалыптастыру, оларды техникалық және коммерциялық қарау жөніндегі операцияларын жүргізеді. Кәсіпорынның жөндеу базасы темір жол станцияларында орналасқан учаскелері бойынша бөлінген. 2002 жылы жүк тасымалдау көлемі 3,8 млн. теңге құрады, 2003 жылы бұл көрсеткіш 44,7% ұлғайып, 5,5 млн. тонна құрайды. 2002 жылдың қарашасынан бері "Каскор - ТрансСервис" ААҚ "Ақтау Порт станциясы Ақтау теңіз порты" бағытындағы жүктерді темір жолмен тасымалдаумен және жүктерді Ақтау Порт станцияларынан Ақтау қаласы кәсіпорындарының өнеркәсіптік алаңдарына жеткізумен айналысады. Бұл негізінен мұнай мен мұнай өнімдері, ол тасымалдау көлемінің құрылымында 87,1% алады.

Автомобиль жолдары . Аймақтағы мұнайгаз кешенінің дамуы мен Солтүстік Каспий қайраңын игеруге байланысты оның даму келешегі, басқа елдермен қатынас жасау шекарасын белгілеуге және кеңейтуге мүмкіндік береді, бұл - өз кезегінде облысқа күшті көлік инфрақұрылымына ие болуға мүмкіндік береді. Облыс аумағында 2003 жылдың 1 қаңтарынан бастап арнайы экономикалық аймақ жұмыс істей бастады. Осыған байланысты өткізу мен тіреп көтеру қабілеті зор мейлінше жоғары санаттағы сапалы жолдардың болу қажеттілігі туындайды, бұл аймақтың инвестициялық тартымдылығына ықпал ететін болады.

Орталықтандырылған қаржыландыру көздері, оның ішінде жергілікті бюджет есебінен республикалық және жергілікті маңыздағы орта жөндеуге және ұстауға 2002 жылы 686,8 млн. теңге бағытталды.

Республикалық бюджеттен 196,4 млн. теңге игерілді, оның 69,4 млн. теңгесі "Доссор-Құлсары-Бейнеу-Сайөтес-Шетпе-Жетібай-Ақтау" автомобиль жолдарының 53 км-ін орта жөндеуге, 83 млн. теңгесі республикалық маңыздағы автомобиль жолдарын ағымдағы жөндеуге, ұстауға, 30 млн. теңгесі "Бейнеу- Ақжігіт - Өзбекстан шекарасы" автомобиль жолын қайта жаңартуға, 14 млн. теңгесі осы жолда жобалық іздестіру жұмыстарын жүргізуге бағытталды. Өткен жыл ішінде жергілікті маңыздағы автомобиль жолдарына күрделі, орта және ағымдағы жөндеу жүргізуге, олардың ұсталуы мен пайдалануын қамтамасыз етуге "Маңғыстау облысының жалпы пайдаланатын автомобиль жолдарын дамытудың 2001 2005 жылдарға арналған

Аймақтық бағдарламасымен" жоспарланған 876,0 млн. теңгенің 490,4 млн. теңгесі игерілді, оның ішінде облыстық маңыздағы жолдарға 150,0 млн. теңге, оның жолдарды ұстауға 35,8 млн. теңге, ағымдағы жөндеуге 41,5 млн. теңге, "Шетпе - Қызан" қиыршақ тас жолының 14 км орта жөндеуге және Шетпе селосы мен Құрық селосындағы 6 км жолға асфальтбетон жабындысына 72,7 млн. теңге бағытталды. 2003 жылдың аяғына дейін жергілікті маңыздағы автомобиль жолдарын жөндеуге және ұстауға жергілікті бюджеттен 405,4 млн. теңге, оның ішінде облыстық маңыздағы жолдарға 200,0 млн. теңге, ағымдағы жөндеуге 52,4 млн. теңге, қалалық және аудандық жолдарды күрделі жөндеуге 50,0 млн. теңге, Ақтау АЭА жолдарын жөндеуге 70 млн. теңге, басқа да жұмыстарға 33 млн. теңге бөлінетін болады. Ағымдағы жылы "Бейнеу Ақжігіт - Өзбекстан республикасының шекарасы" а/ж қайта жаңарту жөніндегі жұмыстарды жалғастыруға республикалық бюджеттен 356,392 млн. теңге, жобалау іздестіру жұмыстарының 2 кезеңін жүргізуге 19 млн. теңге бөлінді. Бұдан басқа республикалық бюджеттен "Жаңаөзен Фетисово Түрікменстан шекарасы" а/ж асфальтбетонды жабындысын (43 км) орта жөндеуге 106,688 млн. теңге, республикалық маңыздағы а/ж ағымдағы жөндеу мен ұстауға 90 млн. теңге бөлінді. Республикалық маңыздағы автомобиль жолдарына республикалық бюджеттен барлығы 572,08 млн. теңге бағыттау ж о с п а р л а н у д а .

Әуе жолы көлігі. Облыста әуе жолы көлігі "Ақтау халықаралық әуежайы" ААҚ-нан тұрады. Ақтау халықаралық әуежайы барлық үлгідегі әуе кемелерін қабылдау және жөнелтуге арнап жабдықталған, Батыс Еуропаны Орталық және Оңтүстік Шығыс Азия мемлекеттерімен байланыстыратын маршруттарының әуежайы жолайырығында қолайлы орналасқан және олардың Қазақстан Республикасының, ТМД-ның және алыс шетелдерің желісі бойынша ұшу сапарларын орындауы кезінде әуе жолы компанияларының әуе кемелерін жерүстілік қызмет көрсете қамту жөнінде қызмет к ө р с е т у л е р і н ұ с ы н а д ы .

Мұнай өндіру өнеркәсібі кәсіпорындарында өнім көлемінің артуы және осыған байланысты кенорындарын жайластыру, жүктермен жабдықтарды жеткізу жөніндегі жұмыстар әуе жолы көлігінің жүктелімін - ұлғайтуда.

2001 жылмен салыстырғанда рейстердің саны 2002 жылы 370-ке ұлғайып, 2532 ұшақтық ұшу құрады. В-737, ЯК-42, ТУ-134, АН-24, Л-410 үлгілері бойынша әуе кемелеріне қызмет көрсету саны көбейді. 2002 жыл ішінде 1899,1 тонна пошта мен жүк үлгертілді, оның 1607,5 тоннасын халықаралық жүк құрайды. Үлгертілген жүктің жалпы көлеміндегі халықаралық жүктің үлесі 84,6% құрады. Ақтау әуежайынан 75506 адам жөнелтілді, бұл - өткен жылдың тиісті кезеңінен 10063 адам артық және өсімі 1 5 , 4 % қ ұ р а й д ы .

2002 жыл ішінде "Ақтау қаласы әуежайында әуе кемелеріне әуежайлық қызмет көрсетуге" 30 келісім шарт жасалып, оның мерзімі ұзартылды, оның 12-і халықаралық. Осы жыл ішінде барлығы 2532 әуе кемесіне: оның ішінде кесте бойынша

- 1752 ӘК-не, чартерлік - 780 ӘК-не қызмет көрсетілді. Алматы-Ақтау-Алматы, Москва-Ақтау-Москва, Астрахань-Ақтау-Астрахань маршруттары бойынша қозғалыс жиілігі көбейтілді.

2003 жылдың 1 тоқсанында жолаушы тасымалдау көлемі өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 10,3% ұлғайып, 16 мың адам құрады, жүк тасымалдау көлемі 26,1% ұлғайып, 471,8 тонна құрады. 2003 жылдың аяғына дейін 2200 тонна пошта мен жүк үлгертіліп, 82 мың жолаушы мен 2900 әуе кемесіне қызмет көрсетілетін болады, бұл 2002 жылғы көрсеткіштерден тиісінше 5,9%, 8,6% және 14,5% артық.

Сонымен қатар, халықаралық маңызына қарамастан Ақтау әуежайы осы мәртебесіне толымсыз түрде сәйкеседі. Әуежай аумағында халықаралық стандартқа сәйкес келетін әуе жолы вокзалы жоқ, ұшатын-қонатын жолақтарына, рулдік жолдарға, перронға күрделі жөндеу жүргізуді талап етеді. Жазылғандарға байланысты ағымдағы жылы қарызға алу қаражаты есебінен халықаралық стандарттың бәріне сәйкесетін әуе жолы вокзалының құрылысын салуды бастау жоспарлануда. Ұшатын қонатын жолақтарды, рулдік жолдарды, перронды күрделі жөндеу, республикалық бюджет есебінен 2004 жылға белгіленіп отыр.

Әуежайлы қайта жаңарту 2 кезеңде жүргізілетін болады. 1 кезеңді іске асыру ИЛ-76, В-737, В-757, В-767, ТУ-2047 үлгісіндегі және көлемі мен температурасы бойынша шектеусіз сыныбы төмен ұшақтарды қабылдауға, ұшатын-қонатын жолақтарды жарықпен белгі беру жабдықтарымен толық жарактандыру есебінен ұшу қауіпсіздігін арттыруға мүмкіндік береді.

Құбырмен тасымалдау көлігі. "ҚазТрансОйл" ЖАҚ-ның Батыс филиалы Оңтүстік ұнайды құбырмен тасымалдау филиалының атауын қайта өзгерту жолымен 1997 жылдың 1 қазанында ұйымдастырылды. Батыс филиалының негізгі қызметі құбыр желілері бойымен мұнай мен суды тасымалдау болып табылады. "ҚазТрансОйл" ЖАҚ-ның Батыс филиалының құрамына Орал мұнай құбыры басқармасы, Атырау мұнай құбыры басқармасы, Құлсары мұнай құбыры басқармасы, "Қаражанбас" ЖӨДҚ, "Ақтау" ЖӨДҚ және басқа да құрылымдық бөлімшелер кіреді.

Маңғыстау облысы бойынша магистральды мұнай құбырларының жобалық өткізу қабілеті мынаны құрайды:

1. 1000 мм диаметрі (2 тінді) Өзен Атырау Самара мұнай құбыры 15 млн. тонна/жыл.
2. 500 мм диаметрі (2 тінді) Өзен Жетібай Ақтау мұнай құбыры 5 млн. тонна/жыл.
3. 700 мм диаметрі Қаламқас Қаражанбас Ақтау мұнай құбыры 8 млн. тонн/жыл.

Мұнай кенорындарын игерумен айналысатын жер қойнауын пайдаланушы кәсіпорындар жұмысындағы 1999 жылдан бастап тұрақтылық мұнай құбыры көлігіне де қолайлы ықпалын тигізді. 2002 жыл ішінде мұнай тасымалдау көлемі 2001 жылмен салыстырғанда 19% ұлғайып, мұнай 12,4 млн. тонна құрады. Ағымдағы жылдың I тоқсанында құбыр бойымен 2,5 млн.тонна мұнай айдалды, бұл 2002 жылдың осы

кезегіндегіден 13% артық. Маңғыстау облысы мұнай өндіру кешенінің одан әрі дамыту мен КТК (Каспий құбырлары Консорциумы) қатарға қосылы берілуі Өзен Атырау магистральды мұнай құбырының учаскесі бойынша мұнай тасымалдау ұлғаяды деп көзделуде. Мұнай құбырының әлеуеті мұнай айдауды өткен жылмен салыстырғанда тағы да 20% ұлғайтып, оны жылына 15 млн. тоннаға дейін жеткізуге мүмкіндік береді.

Бір тінінің жобалық өнімділігі 260 мың текше метр м/тәу., құбыр диаметрі 1200 мм, ұзындығы 1041 км "Астрахан - Маңғыстау" су таратқышы Маңғыстау облысына еділ суын беру қызметін атқарады. Қазіргі кезде еділ суын тұтынушылар Маңғыстау облысының елді мекендері, мұнай өндіретін компаниялар, темір жол және басқа да магистральды су таратқыш тарсасының бойына орналасқан өнеркәсіп кәсіпорындары болып табылады. Тасымалданатын судың тәулік сайынғы көлемі күні бүгінге тәулігіне 25-30 текше м. шегіндегі шамада және қазіргі кезде еділ суын Ақтау қаласына жеткізіп қоюды ұйымдастыруды келешегі қаралуда. Осыған байланысты еділ суын тәулік сайынғы жеткізіп қою көлемін 90 мың текше м. бастап 150 мың текше м. дейін жеткізудің бірқатар нұсқаларымен бірге су таратқышты қайта жаңарту жөніндегі іс ш а р а л а р ә з і р л е н д і .

Су таратқышты қайта жаңартудың ең төменгі нұсқасы өзіне мыналарды кіргізеді:

1. Қиғаш бас, тазарту имаратын (БТИ) қайта жаңарту және құрылысын бітіру;
2. Д 720 мм, ұзындығы 80 км Жетібай Ақтау су таратқышының учаске құрылысын с а л у ;
3. Ақтау қаласында тазарту имараты құрылысын салу;
4. Электрмен қоректендіруді кідіріссіз әрі сенімді қамтамасыз ету үшін электр берілісі желісінің құрылысын салу.

Теңіз көлігі . Маңғыстау облысының негізгі көлік кешені болып табылатын Ақтау теңіз сауда порты Қазақстанның көліктік инфрақұрылымында елеулі орын алады.

Ақтау теңіз порты әртүрлі жүктерді халықаралық тасымалдауға арналған Қазақстан Республикасының бірден бір теңіз қақпасы, Қазақстан Трасека көлік дәлізінде өзекті буын болып табылады. Жыл бойына үздіксіз жұмыс режимі, озық жүктеу техникасы, контейнерлерді, басты және үйілген жүктерді үлгерту жөніндегі көпмақсатты терминалдар, жүктерді сақтаудың төбесі жабылған және ашық аумақтары, сондай-ақ еліміздің көптеген жетекші экспортшыларымен берік байланысы бәсекеге қабілетті кәсіпорын ретінде Ақтау теңіз порты жайлы лебіз айтуға мүмкіндік береді.

Ақтау теңіз порты арқылы негізгі өтпелі жүк тасқыны жүреді. 1999 жылғы қайта жаңартудың бірінші кезеңінен кейін кәсіпорын қазіргі заманғы көп мақсатты терминалға айналды. Ақтау портының басты, үйілген және контейнерлердегі жүктерді аудару жөніндегі өндірістік әлеуметті жылына 1,5 млн. тоннаға дейін, мұнай мен мұнай өнімдерін аудару жөнінде жылына 8,0 млн. тоннаға дейін жеткізілді. Қайта жаңарту барысында порттың жүк аудару жөніндегі мүмкіндігі елеулі түрде ұлғайды, қызмет көрсету сапасы артты. Ақтау порты үлкен алаңдармен қамтамасыз етілген, олар жүктің

кеме мен қойма арасында горизонтальды бағдарда тез орын ауыстыру мүмкіндігін жасай отырып, қазіргі заманғы порт жұмысының өзегі болып табылады. Басты және үйілген жүктерді үлгертуге арналған үш әмбебап айлағы, "РО РО" үлгісіндегі ауыр салмақты және астық кемелеріне арналған бір айлығы, үш мұнай құю айлағы, шағын көлемді кемелердің тұрағына арналған екі айлағы бар, бір мезгілде 4 кемені үлгертуге мүмкіндігі бар, ұзындығы 550 м жаңа айлақпен қамтамасыз етілген. Порт арқылы ТРАСЕКА жүк қозғалысының халықаралық маршруты өтеді, портта көліктің бірнеше түрі: темір жолдың, автомобиль, су, құбыр жолдарының тораптары тоғысады.

Қайта жаңартудың 1 кезеңі аяқталғаннан кейін, теңіз портының даму жоспарына сәйкес 2000 жылы астық терминалының бірінші кезегі қатарға қосылды, паромдық терминалдық жұмысын қайта қалпына келтіру басталды. 2001 жылы қуаты жылына 300 мың тонна астық пен 13,5 мың тонна астықты біржолғы сақтайтын астық терминалы құрылысының екінші кезегі аяқталды. Әрекет үстіндегі жолаушы тасымалы мен көлік құралдары тасымалдаумен қатар үлгерілетін жүктердің түрлерін кеңейтуге мүмкіндік беретін паромдық терминалды қайта жаңарту жүзеге асырылды. Жүк тасымалдау, 28 темір жол вагоны мен контейнерлерді автопоездарға шығару түсіру жолымен жүзеге асырылады. 2001 жылы Ақтау теңіз портында 1,3 млн. тонна көлемінде құрғақ жүк өңделді немесе осының алдындағы жылғы деңгейден 1,7 есе жоғары, 4,4 млн. тонна көлемінде мұнай аудару жүзеге асырылады немесе 2000 жылғы деңгейге 129,0.

2000-2001 жылдардағы кезеңде жүк тасқынының ұлғаюы Ақтаудың өтпелік тартымдылығының өскенін дәлелдейді. 2001 жылдың 4 тоқсанында 1998 жылдың желтоқсанында құрылған "Қазтеңізкөлікфлот" Ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы" ЖАҚ өндірістік қызметін бастады. Осы компанияның жүк аудару көлемі 2002 жылы 3,5 млн. тонна, таза табыс 982 млн. теңге құрады.

Ақтау теңіз порты арқылы жүк аударудың жалпы көлемі 2002 жылы 2001 жылғы 5,7 млн. тонна орнына 6,9 млн. тонна құрады немесе 21% ұлғайды, сонымен қатар " Ақтау теңіз сауда порты" МРК өзі бойынша, олардың үлесі Ақтау порты арқылы мұнай аудару жалпы көлемінің 2/3 құрайтын бірқатар объектілерді, атап айтқанда N 4, N 5, N 9 мұнай құю айлақтарын "Қазтеңізкөлікфлот" ҰТКК" ЖАҚ берілуіне байланысты, берілген қызмет көрсетулер көлемі 2001 жылғы 3607,3 млн. теңгеден 2002 жылы 2819,7 млн. теңгеге дейін немесе 21,8% оның ішінде мұнай аудару 4366,8 мың тоннадан 2016,6 тоннаға дейін, құрғақ жүк 1125,7 мың тоннадан 800,1 мың тоннаға дейін азайды. Ұлғаю паромдық тасымалдауға ғана болды, оның көлемі 2,9 еседен астам ұлғайып, 5 9 4 , 9 м ы ң т о ң ғ а к Ұ р а д ы .

2003 жылдың I тоқсанында Ақтау порты арқылы жүк аудару көлемінің ұлғаюы байқалады, ол - өткен жылдың сы кезеңіндегі 697,0 мың тоннаның орнына 806,6 мың тонна құрады, алайда бұл көрсеткіш жоспарланған 14,2% кем.

Ақтау порты арқылы жүк тасқыны азаюының негізгі себептеріне мыналарды атауға б о л а д ы :

- Россия мен Қазақстанның металлургия комбинаттарының арзандау өнімдеріне қатысты Ираның шектеу шараларын енгізуі (импортқа және тауар өнімдерінің өткізіліміне қойылатын баж салығын арттыруы);

- мақта, сазбалшық аудару көлемі жүк жөнелтімінің расталмауы, бос вагондардың уақытылы қайтарылмауы және соның салдарынан паромдық тасымалдау жоспарының о р ы н д а л м а у ы ;

Қазақстан Республикасы Президентінің "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" 2002 жылғы 26 сәуірдегі N 853 Жарлығына сәйкес "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағының құрылуы "АТСП" РМК-ын дамытуға қосымша серпін берді және ол стратегиялық мынадай жергілікті міндеттерін шешуге м ү м к і н д і к б е р е д і :

- жобалық қуаты шеңберінде бүкіл атаулық жүктерді аудару жөніндегі толық тізбесін тұтынушыларға ұсынатын табысты кәсіпорын ретінде портты дамыту;

- қолдау бар өндірістік қуаттарды толыққанды пайдалана отырып құрғақ және құймалы жүктердің нарықтық үлесін ұстап тұру;

- жаңа қызмет көрсетулерді толыққанды игеру (темір жол паромымен жүк аудару, астық аударуды ұлғайтуға ықпалды жәрдемдесу);

- ЕДҚБ алдындағы міндеттемелері бойынша пайыздарын уақытылы төлеуді қамтамасыз ету, порттың инфрақұрылымын жетілдіру, феррохромды аударуға арналған мамандандырылған айлақ құрылысын салу;

- баламалы көлік маршруттарымен бірге, өзіндік және өтпелі жүктерді тарту есебінен қатарластыруға жүк айналымын ұлғайтуға отырып, өндірістік қуаттарды одан ә р і к е ң е й т у .

2003 жылдың аяғына дейін Ақтау теңіз порты арқылы жүк аудару көлемі 6,9 млн.тонна, оның ішінде "Ақтау теңіз сауда порты" РМК арқылы 3,7 млн. тонна, "Қазтеңізкөлікфлот" ҰТКК " ЖАҚ арқылы 3,2 млн. тонна құрайды.

Автомобиль көлігі . Облыста экономикалық жағдайдың жақсаруы, автомобиль көлігі кәсіпорындарының жұмысына да ықпал етті. 2000 жылы автомобильмен жүк тасымалдау көлемі 98,4% өсіп, 12,9 млн. тонна құрады. Осындай беталыс 2001 және 2 0 0 2 жылы да са қ т а л а д ы .

Автомобиль көлігімен жүк тасымалдау 2001 жылы 34,2 млн. тонна немесе осының алдындағы жылғы деңгейге 265,1% ал 2002 жылы осы көрсеткіш 89,8 млн.тоннаға жетті немесе 2001 жылғы деңгейге 265,5 құрады. Негізінен өндіріс пен тұрғын үй қоныстары жаңа объектілерінің құрылысын салуды жандандыру есебінен мұнайгаз сапасы жанданды, бұл мұнайшылар үшін габаритсіз жүктерді тасымалдауға, Ақтау теңіз порты үшін контейнерлік тасымалдауға, жалпы кең таралған пайдалы қазбалар кенорындарынан өндірілген өнімдерді тасымалдауға тапсырыстардың ұлғаюына әкелді .

2002 жылы жүк айналымы мен жолаушы тасымалдау көлемі едәуір ұлғайды, олар

тиісінше 2140,2 млн. тонна км және 14,7 млн. жолаушы құрады. Осынау көрсеткіштер пайыздық түрде 2001 жылмен салыстырғанда тиісінше 234% және 155,5% құрады.

Ағымдағы жылдың үш айында коммерциялық тасымалдаумен айналысатын көліктік емес ұйымдар мен кәсіпкерлер арқылы жүк тасымалдау көлемін бағалауды есепке алғанда, 17,6 млн. тонна жүк тасымалданды, бұл 2002 жылдың тиісті кезеңіндегіден 30,2% артық. Автомобильмен тасымалдау жалпы көлемінің 6,8% немесе 1159,3 мың тонна көлік кәсіпорындарының үлесіне, 17% (2998,7 мың тонна) көліктік емес ұйымдардың үлесіне тиеді, қалған 76,2% (13,4 мың тонна) жеке кәсіпкерлердің ү л е с і н е т и е д і .

2003 жылдың I тоқсанында жолаушы айналымы да ұлғайып, 632,8 млн. жолау. км құрады, бұл - өткен жылдың осы кезеңіндегіден 49,4% артық. Жеке меншіктегі көліктің үлесіне жолаушы айналымының негізгі бөлігі тиеді, ол 99,8% құрады.

Тұтас алғанда облыстың көлік кәсіпорындары тұрақты жұмыс істеуде, жеке дара тасымалдаушылармен және көлік кәсіпорындарымен автомобиль паркін жаңалау жөнінде, қызмет көрсету сапасын арттыру жөнінде нысаналы жұмыстар жүргізілуде.

Облыстың автомобиль көлігінің жүйесіне коммерциялық тасымалдаумен айналысатын, меншіктің әртүрлі нысанындағы 33 мамандандырылған көлік кәсіпорны кіреді. Облыста жолаушы айналымы 48 қалааралық, қалалық және ауданішілік маршруттарға қызмет көрсететін 38 тасымалдаушы арқылы жүзеге асырылады. Жолаушыларға әртүрлі маркадағы 4720 шағын автобус пен 200 автобус қызмет к ө р с е т е д і .

Байланыс. Маңғыстау облысы бойынша 349 қалааралық телефон, оның ішінде 217 спутниктік арна бар. автоматты телефон станцияларының жалпы жинақталған сыйымдылығы 66,5 мың нөмір, санды станциялар 38,1 мың нөмір, телефон станциялары абоненттерінің саны 49,5 мың нөмір (ҚТС 46,5 мың нөмір, АТС 2,97 мың нөмір). Облыста ДАМА жүйесінің 18 спутниктік станциясы әрекет етеді. Халыққа байланыс қызметін көрсетумен облыс бойынша үш ірі кәсіпорын: Маңғыстау облыстың телекоммуникация дирекциясы (МОТД), "Мұнайтелеком" ЖШС, "Каскор-Телеком" Аақ, сондай-ақ пошта байланысы қызмет көрсетулерімен "Қазпошта" ААҚ-ның Маңғыстау облыстық филиалы айналысады.

Облыста 44, оның ішінде 18 қалалық және 26 ауылдық байланыс бөлімі жұмыс істейді. Пошта байланысының хаттар, сәлемдемелер, жеделхаттар, газеттер мен журналдар жөнелту, зейнетақы мен жәрдемақы төлеу жөніндегі дәстүрлі қызмет көрсетулерден басқа зейнетақы қорымен бірге агенттік қызметін, депозиттер тарту, пошта бөлімдері арқылы бюджетке әртүрлі салықтар қабылдау жөніндегі жұмыстар ж о л ғ а қ о й ы л ғ а н .

Байланыс қызмет көрсетулерінің іске асыру көлемі 2002 жылы 854,4 млн. теңге немесе осының алдындағы жылғы деңгейге 103,3% құрды. Өсімнің осындай беталысы 2003 жылы да сақталады. Ағымдағы жылы іске тартылған сыйымдылықтар санының

өсуі есебінен табыс көлемі 2002 жылмен салыстырғанда 9,8% ұлғаяды деп күтілуде.

Сапалы байланыспен қамтамасыз ету көлік инфрақұрылымының ажырамас бөлігі болып табылады. Ағымдағы жылы Форт Шевченко қаласында электрлі механикалық АТС-ті сандыға ауыстыру, Ақтау Қаламқас автомобиль жолының 43 км-дегі шынылы пластикалық құбырлар дайындау жөніндегі жаңадан салынған зауытқа байланыс кабелін төсеу жоспарланады.

Жеткілікті қаржы қаражаты жағдайында облыстың талшықты - оптикалық байланыс жүйесін төсеу басталады.

5.2. Келешегі: 2004-2006 жылдар

Мақсаты мен міндеттері

2004-2006 жылдары көліктік коммуникациялық кешенді дамытудың мақсаты сыртқы рынокқа шығуды қамтамасыз ететін, өткізілімділік дәлізін дамыту, коммуникацияның ұтымды жүйесін қалыптастыру, коммуникация мен қозғалыс құрамның техникалық жай-күйі жақсарту болмақ.

Облыста көлік және телекоммуникация жолдарын дамыту өткізілімділік маршруттарды қалыптастыру мен дамыту, әрекет үстіндегі темір және автомобиль жолдарын, теңіз жолдарын, Ақтау теңіз портын, Ақтау халықаралық әуежайын, аэронавигациялық кешендерін жетілдіру және қайта жаңарту, көліктің әрқилы түрлерінің қозғалыс құрамының өзіндік өндірістік және жөндеу базасын дамыту, пошта байланысын жетілдіру, және пошталық жинақтау жүйесін дамыту, көліктік-коммуникациялық кешенімен басқару құрылымы жұмыс істеуінің нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру жолымен республикалық және әлемдік жүйеге кірікке, ұтымды көліктік-коммуникациялық жүйе құруды көздестірді.

Көліктік-коммуникациялық кешенінің міндеттері:

Ақтау теңіз портына тікелей жанасатын кірме темір жолдарын қайта жаңалау, сүйретпелі қозғалыс құрамын жетілдіру және жаңарту;

жүк және жолаушы тасымалын ұлғайту, автомашиналар паркін жаңалау; республикалық және жергілікті маңыздағы автомобиль жолдарының жүйесін халықаралық стандартқа сәйкес ұстау, жетілдіру және дамыту;

жүктер мен жолаушы тасымалын аз шығынмен қамтамасыз ететін, халықаралық көлік дәлізіне кіріккен ИКАО ұсыныстары мен халықаралық стандартқа жауап беретін Ақтау қаласы әуежайында халықаралық әуе жолы вокзалы құрылысын салу және аэродромы қайта жаңалау;

Қазақстанның экономикалық-көліктік әлеуетін іске асыруға ықпал ететін жинақылығы жоғары порттың инфрақұрылымын құру мақсатымен толқынқайтарғы мен бөгетті қайта қалпына келтіру, Баутын жүк ауданын кеңейту;

ауқымды ақпараттық инфрақұрылымына бәсекеге қабілетті болып кіріккен Экономикалық телекоммуникациялық секторын, одан әрі дамытуға бағытталған тетігінің шарттарын жасау және қалыптастыру.

Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізудің және міндеттері пешудің жолдары .

Міндеттерді іске асырудың негізгі жолдары мыналар бола алады:
көлікті-коммуникациялық кешеннің негізгі қорларын жаңалауды ынталандыратын инвестициялар үшін қолайлы жағдай жасау;
жаңа көлік маршруттарының географиясын кеңейту;

Ақтау қаласы әуежайы мен теңіз портының, автомобиль қатынастарының өткізілімдік әлеуетін арттыру үшін қажетті және жеткілікті жағдайлар жасау;
экологиялық және энергия сақтаудың көлік технологияларын енгізу, көліктің қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету және көліктің қоршаған ортаға тигізетін теріс әсерін халықаралық нормалар мен стандарт деңгейіне төмендету үшін жағдайлар жасау

1 міндет: Ақтау теңіз портына тікелей жанасатын кірме темір жолдарын қайта жаңарту, сүйретпелі қозғалыс құрамын жетілдіру және жаңалау;

Облыстағы темір жолдың, бүкіл облыс экономикасы үшін және жүктің көптеген үлгілері үшін стратегиялық маңызы бар, темір жол көлігі баламасыз түрі болып табылады. "Қазақстан Темір Жолы" ҰК" ЖАҚ темір жолының жалпы пайдалану ұзындығы 819 км құрайды. Темір жолдың тығыздығы республикадағы орташа деңгейден төмен және 1000 шаршы км-ге 4,9 км. құрайды. "Қазақстан Темір Жолы" ҰК " ЖАҚ-ның темір жолын дамыту, Қазақстан Республикасының темір жол көлігін қайта құрылымдаудың 20012005 жылдарға арналған Бағдарламасына және Темір жол көлігінің 2001-2014 жылдарға бағдарламасына сәйкес жүргізілуде.

"Каскор-ТрансСервис" ААҚ-ның кірме темір жолы жолдарын қайта жаңарту, станциялық жолдар санын 5-тен 8-ге дейін ұлғайтып және Ақтау теңіз портына бағытталатын темір жол құрамдарын іріктеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік болуы үшін станцияның жұптық өңешін қатарға қоса отырып "Строительная " станциясын қайта жаңартудан тұрады. Станцияны қайта жаңарту да "ҚазТрансОйл" ЖАҚ-ның БФ ағызу эстакадасын ұзартуға дайындау және жүк түсіруді күтуде вагондардың тоқтап тұру мүмкіндігі тұрғысында, станцияның өткізу қабілетін ұлғайту мақсатында, әрекет үстіндегі станциялық жолдарды ұзартудан тұрады. Қайта жаңартуды 2004 жылдың аяғында, 2005 жылдың басында аяқтау жоспарлануда.

"Каскор-ТрансСервис" ААҚ негізгі қорларын жетілдіру мен жаңалау, сүйретілетін қозғалыс құрамының тұрақты жұмысына бағытталды. Қазіргі күнге түгендеу паркі ТЭМ сериялы 7 тепловоздан және 2М62У сериялы магистральды тепловоздың алты секциясынан тұрады, оның 3-і жүк айналымы ұлғайған жағдайда пайдалану мүмкіндігі бар тосалқы қорда тұр. Кәсіпорын басшылығы ТЭМ сериялы жаңа тепловоз бен екі магистральдық тепловоз стапы алу мәселесін пысықтауда.

2 міндет: жүк және жолаушы тасымалдауды ұлғайту, автомашиналар паркін ж а н а л а у ;

Қазіргі күні облыстың автомобиль паркінде 40 мың автомобиль, оның ішінде

мемлекеттік меншікте 1,4 мың автомобиль, жеке меншікте (жеке өзінде тұрған автомобилін есептемегенде) 7 мыңнан астам автомобиль бар.

Жоспарланған 2004-2006 жылдары автомобиль көлігінде жүк тасымалдау көлемін 2004 жылы 102,3 млн.тоннадан 2006 жылы 118,0 млн.тоннаға дейін ұлғайту көзделуде, олар 2003 жылғы деңгейге пайыздық қатынаспен тиісінше 106,4% және 122,8% құрайды. Жүк тасымалдау ұлғаюының негізгі алғышарттары Солтүстік Каспийдегі кайраңдылық кенорындарының игерілуіне байланысты болып табылады, онда мұнай операцияларын жүргізуге жасанды аралдар құрылысын салу, "Доссор-Құлсары-Бейнеу-Сайөтес-Шетпе-Жетібай-Ақтау теңіз порты" учаскесінде автомобиль жолдарын қатарға қосып пайдалануға беру, Ақтау теңіз сауда портын дамыту, тұрғын үй құрылысын салуды көбейтетін арнайы экономикалық айғаны құру көзделген.

Болжамдалған кезеңде жалпы жолаушы тасқыны ұлғаяды, ол 2004 жылғы 21,4 млн.адамнан 2006 жылы 25,5 млн. адамға дейін көбейеді. Бұған облыс халқы әл-ауқатының көтерілуі, экономикалық жағдайдың тұрақтануы, елді мекендер арасындағы жүйелі автобус қатынастары елеулі дәрежеде ықпал етпек.

Автомобиль көлігімен дәл сондай немесе өзгедей дәрежеде жүк тасымалдау мен жолаушы тасымалдау жөнінде қызмет көрсететін кәсіпорындар мен жеке дара кәсіпкерлер санының көптігіне байланысты қатал бәсекелестік, автомашиналар паркін тұрақты түрде жаңалауды, сервистік қызметті дамытуды, қызмет сапасын арттыруды көздейді.

3 міндет: республикалық және жергілікті маңыздағы автомобиль жолдары жүйесін халықаралық стандартқа сәйкес ұстау, жетілдіру және дамыту;

Жоспарланған кезеңде жергілікті маңыздағы автомобиль жолдары жүйесін ұстауға және ағымдағы жөндеуге 2004 жылы 200 млн.теңге, 2005 жылы 250 млн. теңге, 2006 жылы 300 млн. теңге бөлу көзделуде. Сондай-ақ "Маңғыстау облысының ауылдық аумақтарын дамытудың 2003-2006 жылдарға арналған Аймақтық бағдарламасымен" ауылдық жолдарды жөндеуге және құрылысын салуға облыстық бюджеттен 2004 жылы 220 млн. теңге, 2005 жылы 84 млн. теңге және 2006 жылы 44 млн. теңге бөлу көзделуде.

2004 жылы республикалық маңыздағы жолдарға 1230 млн. теңге бағыттауды талап етеді, оның 100 млн. теңгесі республикалық маңыздағы автомобиль жолдарын ағымдағы жөндеуге және ұстауға, 531 млн. теңгесі "Доссор-Құлсары-Бейнеу-Сайөтес-Шетпе-Жетібай-Ақтау теңіз порты" автомобиль жолының 21 км қайта жаңартуға, 449 млн. теңгесі "Бейнеу-Ақжігіт-Өзбекстан шекарасы" автомобиль жолының 9 км қайта жаңартуға, 150 млн. теңгесі "Жетібай-Жаңаөзен-Фетисово-Түрікменстан шекарасы" автомобиль жолының 60 км орта жөндеуге арналған.

Сондай-ақ биылғы жылы "Доссор-Құлсары-Бейнеу-Сайөтес-Шетпе-Жетібай-Ақтау

теңіз порты" автомобиль жолының 70 км қайта жаңарту үшін 1779 млн. теңге сомасында шетел инвесторларының қаражатын тарту көзделуде.

2005 және 2006 жылдары тиісінше 4143 және 8510 млн. теңге көлемінде инвестиция қажет, оның республикалық бюджеттен 2005 жылы 1195 және 2006 жылы 2158 млн. теңге болмақ. Осынау сомалардан 2005-2006 жылдары республикалық маңыздағы автомобиль жолдарын ағымдағы жөндеу мен ұстауға ісінше, "Доссор-Құлсары-Бейнеу-Сайөтес-Шетпе-Жетібай-Ақтау теңіз порты" автомобиль жолының тиісінше 35 және 74 км қайта жаңартуға 880 және 1898 млн. теңге, "Жетібай-Жаңаөзен-Фетисово-Түрікменстан шекарасы" автомобиль жолын орта жөндеуге тиісінше 210 және 150 млн. теңге бағытталатын болады. Алынған шаралар автомобиль жолдары мен жол имараттарының пайдалану сапасын қайта қалпына келтіруге, елді мекендер, облыстар мен көрші республикалар арасындағы көлік байланысын жақсартуға, аймақтың өткізілімділік әлеуетін барынша пайдалануға, салық салынатын базаны кеңейтуге мүмкіндік береді.

4 міндет: халықаралық көлік дәлізіне кіріккен, аз шығынмен жүктер мен жолаушы тасымалдауды қамтамасыз ететін ИАКО ұсыныстары мен халықаралық, Ақтау қаласының әуежайында халықаралық әуе жолы вокзалы құрылысын салу және аэродромды қайта жаңалау;

2004 жылы ИКАО ұсыныстары мен халықаралық стандарттың 1 санатына дейін жеткізу мақсатымен Ақтау қаласының әуежайындағы халықаралық әуе жол вокзалы құрылысын салуды және аэродромды қайта жаңартуды аяқтау белгіленген. Аэродромды қайта жаңарту 2 кезеңде жүргізіледі, құны 10,52 млн. АҚШ долларымен 1 кезеңде, 6,48 млн. АҚШ долларында 2 кезеңде. 1 кезеңді іске асырудың өзі ИЛ-76, В-737, В-757, В-767, ТУ-204 және көлемі мен температурасы бойынша сыныбы төмендерін шектеусіз қабылдауға, ұшатын қонатын жолақтарды жарық белгі беру жабдықтармен толық жарақтандыру есебінен ұшу қауіпсіздігін арттыруға мүмкіндік береді.

Тұтас алғанда халықаралық әуе жолы вокзалы құрылысын жаңарту әуежайдың инфрақұрылымын халықаралық стандарт талаптарына дейін жеткізуге мүмкіндік береді, әуе жолы қауіпсіздігі мен ұшу қауіпсіздігінің жоғары деңгейі қамтамасыз етілетін болады, сондай-ақ жобаны іске асыру, аймақтық инвестициялық тартымдылығына, кәсіпкерлердің қызметін жандандыруға, жұмыс орындарын құруға, салық салу базасын кеңейту есебінен аймақтың бюджетке кірістерін ұлғайтуға ықпал ететін болады.

5 міндет: Қазақстанның экономикалық көліктік әлеуетін іске асыруға, толқын қайтарғы мен бөгеттерді қайта қалпына келтіруге, Баутиноның жүк ауданын кеңейтуге ықпал ететін, жинақылығы жоғары порттық инфрақұрылымын құру мақсатымен Ақтау теңіз портын одан әрі дамыту;

Ақтау теңіз сауда портының даму жоспарымен 2004 жылы 2095,5 млн. теңге

сомасында "АТСП" РМК өзіндік капиталындағы инвестиция, оның ішінде Ақтау порты бойынша 1337,5 млн. теңге, Баутино жүк ауданы бойынша 758,0 млн. теңге көзделуде.

Инвестицияны мемлекеттік қолдау есебінен, Ақтау портының толқын қайтарғысы мен бөгеттерін қайта қалпына келтіру жобасын (осы жобаның барлық қажетті жобалық құжаттамасы мен тиісті сараптамасы бар) жүзеге асыру үшін 102,8 млн. теңге сомасында ЕДҚБ-нен жаңа қарызға алу қаражатын тарту күтілуде. Бұл жоба 2005 жылы да жалғасатын болады, онда 2257,0 млн. теңге пайдаланылатын болады. Жобаны іске асыру, ауа-райының жағдайлары себепті кемелердің бос тұратын уақытын азайтуға мүмкіндік береді, бұл айлақтардың өткізу қабілетін ұлғайтады, толқын күшінің қирату әсерінен онда төселген мұнай құбырлары мен бөгеттерді қорғауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ 2004 жылы қарызға алу есебінен 4,5 млн. АҚШ доллары немесе 750 млн. теңге сомасында Баутино жүк ауданына кеңейту жоспарлануда. Несиені өтеу көзі Баутино жүк ауданының таза табысы пен амортизациялық аударылымы болады.

Толқын қайтарғы мен бөгеттерді қайта жаңартуды аяқтауға 2005 жылы инвестиция 2343,0 млн. теңге, оның ішінде өзіндік қаражат есебінен 86 млн. теңге, сыртқы қарызға алу есебінен 2257,0 млн. теңге құрайды.

2006 жылы барлық инвестиция 9024,6 млн. теңге сомасында, оның 89 млн. теңгесі - өзіндік қаражат есебінен, қалғандары мемлекеттік қарызға алу, сыртқы займдар немесе тікелей инвестициялар есебінен көзделеді. Осынау қаражат бекітілген порт дамуының 2015 жылға дейінгі Инвестициялық бағдарламасына сәйкес жобаны жүзеге асыруға бағытталатын болады.

Көрсетілген бағдарламалардың қабылдануы және іске асырылу тек қана саланы дамыту мен оның халықаралық көлік қатынастарының жүйесіне ойдағыдай кірігуіне ғана емес, сонымен қатар халықты жұмыспен қамту проблемасын шешуге, сондай-ақ сабақтас салаларды дамытуға ықпал ететін болады.

6 міндет: халыққа қызмет көрсетулерді өткізу көлемін ұлғайту, телефон жүйесі мен пошталық қызмет көрсетулерді одан әрі дамыту, ауқымды ақпараттық инфрақұрылымына кіріккен бәсекеге қабілетті жаңа технологияларды енгізу Қазақстан Республикасының телекоммуникация саласын дамытудың 2005 жылға дейінгі Бағдарламасына сәйкес облыс экономикасының телекоммуникациялық секторын одан әрі дамытуға бағытталған жағдайлар мен тетіктер құрылатын болады. Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде, телекоммуникация жүйелерінің іркіліссіз жұмыс істеуі мен оңтайлы басқарылуын өзара байланыстылығын қамтамасыз ету, облыстың бүкіл аумағында тұрғындардың телекоммуникацияның базалық қызметіне қол жетімділігін, телекоммуникация беретін қызмет көрсету жағдайларын кеңейтілуі қамтамасыз етілетін болады.

2002 жылы халыққа байланыс қызметін сатып өткізу көлемі 854,4 млн. теңгенің 717 млн. теңгесі немесе 84%-дағы негізгі үлесі "Қазақтелеком" ААҚ-ның филиалы болып табылатын Маңғыстау облыстық телекоммуникация дирекциясының (МОТД) еншісіне

тиеді. 2004 жылдан бастап 206 жылға дейін өсу қарқыны орта есеппен 3,5% құрайды. Облыстағы телекоммуникация қызмет көрсетулер рыногында маркетингтік зерделеудің алдын ала алынған мәліметтері бойынша өсімнің осындай төмендеуі (2002 жылы өсім 2001 жылға 15,8% құрады, 2003 жылы күтілетіні 10,1% құрайды), телекоммуникация бойынша қызмет көрсетулер беретін операторлар санының болашақта өсуіне және соның салдарынан бәсекелестіктің күшеюіне байланысты. Сондай-ақ қызмет көрсетулерді өткізу көлемінің өсуі, қалаларда, сонымен қатар ауылдық жерлерде оған деген тұрақты сұраныс бар телефон орнатуға қажетті желілік және станциялық сыйымдылықтың көбеюіне, телефон жүйесінің дамуына байланысты болып отыр. МОТД АТС сыйымдылықтарын кеңейту жөнінде шаралар алынуда, алайда МОТД-ның дербес емес кәсіпорын екенін ескерсек, онда жұмыстарды қаржыландыру мен жабдықтарды жеткізіп қою "Қазақтелеком" ААҚ-на байланысты болмақ.

"Каскор-Телеком" ААҚҰ, аймақтағы жергілікті телефон байланысы қызмет көрсетулерін беру жөніндегі байырғы кәсіпорны халыққа өткізілетін қызмет көрсетулер 2004 жылғы 56,8 млн. теңгеден 2006 жылы 67,6 млн. теңгеге дейін жеткізуді жоспарлауда. Қызмет көрсетулерді беру ауқымын кеңейту, абоненттерді қазіргі заманғы байланыстың барлық түрімен қамтамасыз етуге қабілетті жоғары технологиялық сатып алу мақсатымен өндіріске жаңа технологияларды енгізу үшін "Каскор - Телеком" ААҚ 2004-2006 жылдары 50 млн. АҚШ доллары мөлшерінде инвестиция тартуға ниеттенуде. Қызмет көрсетулердің жаңа түрлерінен түсірілетін есептелген табыс, 5-6 жыл ішінде тартылған қаражат үшін есептесіп қана қоймай, сонымен қатар аймақта қызмет көрсетулер рыногын едәуір кеңейтуге мүмкіндік береді.

"Қазпошта" ААҚ Маңғыстау филиалы халыққа көрсетілетін қызмет көрсетулер көлемін 2004 жылғы 113 млн. теңгеден 2006 жылы 132 млн. теңгеге дейін ұлғайтуға ниеттенуде, бұл 2003 жылғы көрсеткішке тиісінше 124,6% және 145,5% құрайды.

"Қазпошта" ААҚ Маңғыстау филиалының болжамдалған кезеңдегі негізгі мақсаты аймақтағы пошталық қызмет көрсетулер рыногында өз айқындамасын сақтау, пошталық сақтау жүйесінің тұрақты жұмыс істеуі мен одан әрі дамуын қамтамасыз ету

б о л м а қ .

Б о л ж а м д а л ғ а н н ә т і ж е л е р .

"Каскор-ТрансСервис" ААҚ қосалқы теміржол жолын қайта жаңарту станцияның тексеру мүмкіндігі мен жүк тиеуді күтудегі вагондардың тұрысын мәнді арттыруға мүмкіндік жасайды. Тартқыш жылжымалы құрамды жетілдіру және жаңалау теміржол құрамаларын сұрыптау жөніндегі барлық жүйенің жұмыстарын орнықтырады, Ақтау теңіз портына бағытталған жүк тасқынын тәртіпке келтіреді.

Облыстың көлік ұйымдары мен жеке тасымалдаушылардың орнықты жұмыстары автомашина паркі мен сервистік қызметті болашақта жаңалауды болжауға мүмкіндік жасайды. Сонымен қатар облыс аумағы арқылы транзиттік тасымалдар, Ақтау теңіз

порты арқылы аударып тиеуге бағытталған контейнерлік тасымалдар болашақта дамуын алады, қолайлы шағын автобустармен жүзеге асырылатын жолаушылар т а с ы м а л ы н ы ң ү л е с і а р т а д ы .

Республикалық маңызды жолдарды қайта жаңарту және сауықтыруға бағытталған іс шаралар кешені автомобиль жолдары мен жол имараттарының пайдалану сапасын қалпына келтіру, елді мекендер, облыстар мен көрші республикалар арасындағы көлік байланысын дамыту мен жақсарту, аймақтың транзиттік әлеуетін жоғары пайдалану, салық салынатын базаларды кеңейту мүмкіндігін береді.

Халықаралық аэровокзал құрылысы мен аэроланды қайта жаңарту әуежай инфрақұрылымын халықаралық стандарт талаптарына дейін жеткізуге мүмкіндік береді, авиациялық қауіпсіздік пен ұшу қауіпсіздігінің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді, сонымен қатар жобаны іске асыру аймақтың инвестициялық артықшылығына, кәсіпкерлік қызметті жандандыруға, жұмыс орындарын ашуға, аймақ бюджетінде салық салынатын базаларды кеңейту есебінен табыстарды арттыруға бейімделетін б о л а д ы .

Ақтау теңіз портының толқын қайтарушы және бөгетін қалпына келтіру, Баутин жүк ауданын кеңейту жөніндегі бағдарламаларды қабылдау және іске асыру, порттың дамуының 2015 жылға дейінгі Инвестициялық бағдарламасын болашақта іске асыру тек салалардың дамуы мен олардың халықаралық көлік қатынасының жүйесінде жетістікті ықпалдастықтығын ғана емес, халықты жұмыспен қамту проблемаларын шешуге, сондай ақ аралас салаларды дамытуға ыңғайластырылатын болады.

Қазақстан Республикасының 2005 жылға дейінгі телекоммуникация саласын дамыту Бағдарламасына сәйкес облыс экономикасының телекоммуникация секторын болашақта дамытуға бағытталған жағдайлар мен тетіктер құрылатын болады. Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде телекоммуникация желілерінің өзара байланыстылығын үздіксіз іс қимыл жасауын және оңтайлы басқаруды қамтамасыз етуге, телекоммуникациясының базалық қызметіне облыстың барлық аумағында тұрғындардың қол жетімділігін қамтамасыз етуге, телекоммуникацияның ұсынылған қызмет спектрін кеңейтуге әкеледі.

6 тарау. Тұрғын үй құрылысын салу, күрделі жөндеу және тозған апатты тұрғын үйлерді бұзу саласындағы саясат.

1. Талдау: 2002-2003 жылдар

2002 жылы тұрғын үй құрылысын салу жеткілікті түрде жоғары қалыпта болды, 117,9 мың шаршы м. тұрғын үй қатарға қосылды, бұл 2001 жылғы тиісті деңгейден 2,5 есе жоғары. Жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен қатарға қосылған тұрғын үйдің жалпы көлемінен 12,1 мың шаршы м. тұрғын үй салынды, тұрғындардың қаражаты есебінен 91,8 мың шаршы м., мемлекеттік емес сектордағы кәсіпорындар қаражатына 13,92 мың шаршы м. қатарға қосылды.

Тұрғын үй құрылысының жандануына мұнай, газ және конденсат өндіру көлемінің тұрақты өсуі есебінен, аймақтың тау-кен өндіретін сектордағы өндірістің тұрақты қарқынмен өсуі ықпал етті.

Облыс экономикасының тұрақты дамуы Қазақстан Республикасының, сондай-ақ жақын және алыс шет елдердің қолайсыздау аймақтарынан тұрғындардың көші қонының өсуі ықпал етті, осыған байланысты Маңғыстау облысындағы салыстырмалы түрдегі қолайлы тұрғын үй жағдайына қарамастан, қазіргі кезде тұрғын үйдің белгілі бір шамадағы жеткіліксіздігі бар. Облыс бойынша адамның тұрғын үймен қамтамасыз етілуі 14,7 шаршы м. құрайды, бұл 18 шаршы м. қажетті нормадан аз. Тұрғын үй құрылысының статистикасы, қатарға қосылып пайдалануға берілмек алаңдардың өсуін дәлелдейді: 2002 жылы 2001 жылғыдан 2,5 есе тұрғын үй салынды, 2003 жылы 152,2 мың шаршы м., тұрғын үй салу, оның тұрғындардың қаражаты есебінен 139,1 мың шаршы м. тұрғын үй, мемлекеттік емес сектордағы кәсіпқандарының қаражаты есебінен 6,0 мың шаршы м., тұрғын үй, жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен 7,11 мың шаршы м. тұрғын үй салу жоспарлануда, сондай-ақ жалпы алаңы 23,1 мың шаршы м. қолайлығы жоғары коммерциялық үйлер құрылысын салу жүзеге асырылуда.

Күрделі жөндеу мен тозған және апатты тұрғын үйлерді бұзу бағдарламасының міндеті тұрғын үй қорын сақтау, және тұрғын үйдің жай күйін санитарлық норма талаптарына сәйкес деңгейге жеткізу.

2002 жылы жалпы алаңы 2,0 мың шаршы м. тұрғын үйді күрделі жөндеу мен бұзу көзделуде. Ағымдағы жылы жалпы көлемі 5,0 мың шаршы м. тұрғын үйді күрделі жөндеу мен бұзу көзделуде.

Одан әрі пайдалануға жарамсыз тұрғын үйдің едәуір көлемі Ақтау қаласында шоғырланған анықталған жалпы көлемнің 83% жуық, Жаңаөзен қаласында 12%. Кезінде қысқа мерзімге уақытша тұруға пайдалану үшін арналған осыдан 40 жыл бұрын салынған ағаш бөренеден, ұлутастан салынған тұрғын үйлер қатардан шығып қалуда. Ақтау қаласында 60-шы жылдары салынған үйлердің инженерлік жүйелері (1-3 шағын аудандар) әбден тозған, оларды жөндеуге 2002 жылы 126,844 мың теңге бағытталды. Түпқараған ауданында бұзуға жататын 15 үй және күрделі жөндеуге жататын 17 үй анықталды, Бейнеу ауданында бұзуға жататын 7 тұрғын үй және оларға күрделі жөндеу жүргізу қажет ететін 20 тұрғын үй, Жаңаөзен қаласында тиісінше 97 тұрғын жай барактары мен 12 тұрғын үй анықталды. 2002 2003 жылдары күрделі жөндеу мен тозған және апатты тұрғын үйлерді бұзу бағдарламасын толық іске асыру үшін жергілікті бюджетте жеткілікті қаражат болмады. 2002 жылы 30,8 млн. теңгенің орнына 147,1 млн.теңге бөлінді. Ағымдағы жылы бюджеттік бағдарлама бойынша бар болғаны 22,1 млн. теңге бөлінді. Соған қарамастан осы бағытта жұмыстар жүргізілуде.

2. Келешегі: 2004-2006 жылдар.

Мақсаты, міндеттері

Тұрғын үй құрылысы, күрделі жөндеу және тозған және апатты тұрғын үйлерді бұзу саласындағы мақсат пен міндеттер облыс халқының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қарашадағы № 1774 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың және тұрғын үй қорын сақтаудың әзірленген Тұжырымдамасына" сәйкес тұрғын үй жағдайын жақсарту және тұрғын үймен барынша толық қамтамасыз ету болып табылады.

Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізудің және міндеттерді шешудің жолдары.

Осы бағыттағы алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу, тұрғын үй құрылысы, күрделі жөндеу, тозған және апатты тұрғын үйлерді бұзу көлемін одан әрі ұлғайтуды, сондай-ақ аймақтың құрылыс индустриясын жедел дамытуды көздейді.

Жоспарланған 2004-2006 жылдарда тұрғын үй құрылысының көлемін есепті жылмен салыстырғанда 1,2 есе ұлғайту күтілуде.

Келешекте 2004-2006 жылдары 467,13 мың шаршы м. тұрғын үйді, оның ішінде 2004 жылы 146,28 мың шаршы м. тұрғын үйді, 2005 жылы 164,42 мың шаршы м. тұрғын үйді 2006 жылы 156,43 мың шаршы м. тұрғын үйді қатарға қосу көзделуде. Тұрғындардың қаражаты есебінен жалпы көлемі 433,89 мың шаршы м. 3334 үй, жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен жалпы көлемі 24,6 мың шаршы м. 271 пәтер, мемлекеттік емес сектордағы кәсіпорындардың қаражаты есебінен жалпы көлемі 8,64 мың шаршы м. 113 пәтер салынатын болады, бұдан басқа жалпы көлемі 34,84 мың шаршы м. қолайлылығын жоғары коммерциялық үйлер құрылысын салу көзделуде.

Тұрғын үй құрылысының жандануына мынадай факторлар ықпал етеді: Каспий теңізі қайраңын игерудің басталуы, жоғары технологиялық экспорт өнімдерін шығаруға бағдарланған, "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағында орналасқан кәсіпорындардың қызметі, бұл - өз кезегінде әртүрлі бағдардағы жоғары білікті мамандардың тартылуын қажет етеді. Осыған байланысты тұрғын үй құрылысын қаржыландырудың дәстүрлі әрекет үстіндегі тәсілдерден басқа, Маңғыстау облысында аймақта тұрғын үйді ипотекалық несиелеу жүйесін дамытудың бағдарламасын әзірленуде, онда өнеркәсіп саласы қызметкерлерінің мүддесі ғана емес, сонымен қатар аймақ халқының мейлінше осал бөлігі болып табылатын бюджет саласы қызметкерлерінің мүддесі ескертілетін болады.

2004-2006 жылдарда, "Тозған үйлерді күрделі жөндеу және апатты тұрған үйлерді бұзу" Аймақтық бағдарламасына сәйкес жергілікті бюджеттен 191,4 мың теңге бөлу жоспарлануда.

Болжамдалған нәтижелер .

Бағдарламаны іске асыру 2006 жылға, тұрғын үй жағдайы едәуір жақсарады, кемінде жүздеген отбасы апатты үйлерден жаңа тұрғын үйге қоныстану мүмкіндігіне ие болады, көптеген отбасы күрделі жөндеуден өткен пәтерлер алатын болады.

Тұрғын үй саясатын іске асыру нәтижесінде 2006 жылға облыстың тұрғын үй қоры 467,13 мың шаршы м. ұлғаяды.

Аймақта тұрғын үйді ипотекалық несиелеу жүйесі өз дамуын алады. сапалы тұрғын үйді таңдау тұрғысында балама құрылатын болады, 2004-2006 жылдары 34,84 мың шаршы м. таңдаулы тұрғын үй қатарға қосылатын болады.

7 тарау. Инвестициялық сала.

1. Талдау: 2002-2003 жылдар

2002 жылы негізгі капиталдағы инвестиция көлемі, барлық қаржыландыру көздері есебінен 59933 млн. теңге немесе 2001 жылға 110,8% құрады.

Есепті жылға негізгі капиталға инвестициялар негізінен өнеркәсіп объектілеріне 39380,4 млн. теңге (84,1%), оның ішінде тау кен өндіру саласына (мұнай, газ өндіру және сервистік қызмет) 37431 млн.теңге (95,1%) бағытталды. Көлік пен байланысты дамытуға 18,1%, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларға 7,4%, электр энергиясын, газ бен су өндіруге және бөлуге 2,8% бағытталды.

"Өзенмұнайгаз" ААҚ, "Қаражанбасмұнай" ААҚ, "Маңғыстаумұнайгаз" ААҚ сияқты мұнай компаниялары арқылы 2002 жылы 144 ұнғыма қатарға қосылды. 2003 жылы жоғарыда аталған компаниялар, сондай-ақ "Тексако-Норс-Бузачи-Инк" арқылы 137 ұнғыманы қатарға қосу көзделуде.

"Маңғыстаумұнайгаз" ААҚ Қаламқас пен Жетібай кенорындарын өнеркәсіптік жайластыруын дамытуды жалғастыруда, мұнай қыздыруға арналған 3 пеш, 1 аралық сыйымдылық, 1 "Спутник" өлшеу қондырғысы, Жетібай кенорнындағы мұнай дайындау цехында кранбалкасымен бірге сорғы қатарғы қатарға қосылды; Қаламқас кенорнында кәсіпшілік топырақты жинауға арналған полигон, ұзындығы 720 метр толқын әсерінен қорғауға арналған бөгет салынды. 2002 жылы аймақтың әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту мақсатында Ақтау қаласында "Ардагер" гипермаркет құрылысын салу жүзеге асырылды; Жетібай кентінде 205 тұрғын үйді газдандыру жүзеге асырылды. 2003 жылы компанияның қаражаты есебінен минералды суды тазалау және бөтелкеге құю жөніндегі зауыт, өнімділігі тәулігіне 20 мың м³ теңіз суын тұщыту зауытының 1-ші кезегі, шынылы пластикалық құбырлар шығару жөніндегі зауытының 1 кезегі қатарға қосылады деп күтілуде.

"Өзенмұнайгаз" ААҚ 1999 жылы қабылданған, кенорындарын оңалту жобасын жүзеге асыруды жалғастырады. Жобаның алғашқы үш бағытын іске асыру нәтижесінде мұнай өндіру көлемі едәуір өсті және 2002 жылы мұнай 4883 мың тонна құрады. 2003 жылы 5094 мың тонна мұнай өндіру белгіленуде. Қуаты тәулігіне 960 сорғы компрессорлық құбырлық диагностика, жөндеу және құбырларды маркілеу жөніндегі құбыр базасы қатарға қосылып пайдалануға берілді. 39 ұнғымаға жайластыру жүзеге асырылды және 15,7 км кәсіпшілікшілік мұнай құбыры салынды. 2002 жылы Жаңаөзен қаласының әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту мақсатында ауысымына 100 келушіге арналған сауықтыру алдын алу кешені, 158 тынығушыға арналған "Кендірлі" демалыс базасы салынды. "Мұнайшы" мәдениет үйіне қайта жаңарту жүзеге асырылды. 2003

жылы компанияның қаражаты есебінен 7000 орындық стадионы бар дене шынықтыру сауықтыру кешені, төбесі жабық жүзу бассейні, асханалық өндірістік дайындау кешені, Сенек селосында мәдениет үйі құрылсын салу, сондай-ақ Құланды селосын газдандыру белгіленуде. 2002 жылы "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағының (АЭА) әкімшілік аумақтық шекарасын қалыптастыру аяқталды.

2003 жылдың 1 қаңтарынан бастап "Ақтау теңіз порты" АЭА аумағында қуаты жылына 60 мың тонна мұнай кәсіпшілігіне іріктелген болат құбырлар шығару жөніндегі зауыты, қуаты жылына 40 мың тонна теңіз конструкцияларын шығару жөніндегі зауыты, өнімділігі жылына 400 км құбырлық шынылы талшықты құбыр шығару зауыты, қуаты 40 мың тонналық астық терминалы тәрізді ірі объектілер құрылысын салу басталды.

"Ақтау теңіз сауда порты" РМК 2002 жылы бондық қоршаулар айлағы құрылысын салу мен порттың диспетчерлік ғимаратын қайта жаңартуды аяқтады.

Тұрғын үй құрылысына 2002 жылы 1192,1 млн. теңге бағытталды, 117854 шаршы м. тұрғын үй салынды. Тұрғын үйдің негізгі үлесі 83,96% немесе 91798 шаршы м. тұрғындардың қаражаты есебінен қатарға қосылды, жергілікті бюджет қаражаты есебінен 12138 шаршы м. салынды, бұл салынған тұрғын үйлер жалпы көлемінің 9,6% құрайды, қалған тұрғын үйлер меншіктің жеке нысанындағы кәсіпорындар арқылы салынды.

2003 жылы тұрғын үй құрылысына 1262,1 млн. теңге бағыттау көзделуде, 152186 шаршы м. тұрғын үй құрылысын салу белгіленуде, тұрғындардың қаражаты есебінен 139080 шаршы м. тұрғын үй, жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен 7106 шаршы м. тұрғын үй қатарға қосылатын болады, бұл 4,7% құрылыс жалпы көлемінің құрайды, қалған тұрғын үйлер мемлекеттік емес сектордың кәсіпорындары арқылы салынатын болады.

Тұрғын үй құрылысының жандануына мұнайгаз секторында өндірістің тұрақты өсу қарқыны ықпал етті.

Негізгі капиталдағы инвестициялар құрылымында жыл өткен сайын жеке кәсіпорындардың өзіндік қаражатының үлесі ұлғаюда. Мәселен, 2002 жылы жеке меншік кәсіпорындарының негізгі капиталдағы инвестициялары 69,9% құрады. Мемлекеттік және шетелдік кәсіпорындардың үлесі негізгі капиталдағы инвестициялар жалпы көлемінің тиісінше 10,8% және 19,3% құрады.

2003 жылы меншіктің жеке нысанындағы кәсіпорындардың негізгі капиталдағы инвестициялары жалпы көлемінің 82,3% құрайды, мемлекеттік және шетелдік кәсіпорындардың үлесі негізгі капиталдағы инвестициялар жалпы көлемінің тиісінше 6,2% және 11,4% құрайды деп күтілуде. Инвесторлар үшін инвестиция салуы үшін мейлінше тартымдысы, жеткілікті түрде жоғары табыспен капиталын тез қайтаруын камтамасыз ететін мұнай өндіру саласы болып табылады.

Жоғары қосылған құны бар өндірістерді құруға ықпал ететін экономиканың мұнайхимия, химия, құрылыс материалдарын, бұйымдары мен конструкцияларын өндіретін салалар нашар қаржыландырылады.

Өнеркәсіптің өңдеу салаларын дамытуға 2002 жылы негізгі капиталдағы инвестициялары жалпы көлемінің 0,5% бағытталды.

Осының алдындағы жылдағыдай, ағымдағы жылы кәсіпорындардың өзіндік қаражаты мен шетел инвестицияларының негізгі үлесі, мұнай өндіруге 42268,3 млн. теңге немесе кәсіпорындар мен шетел инвесторлары инвестициялары жалпы көлемінің 77,6% бағытталатын болады.

2141,3 млн. теңге көлеміндегі жергілікті бюджеттің қаражаты облыстың білім беру, денсаулық сақтау, көлік және байланыс, сапасы мен инфрақұрылымына, оның ішінде жергілікті маңыздағы автомобиль жолдары құрылысын салуға және қайта жаңартуға, Ақтау және Жаңаөзен қалаларының канализациялық тазарту имараттарды құрылысын салуға және қайта жаңартуға, ауыз су мен техникалық судың су таратқыштарын, электр және жылу жүйелерін жөндеуге бағытталатын болады.

2003 жылы мұнай өндіру кәсіпорындары арқылы 167 мұнай ұңғыманы қатарға қосылып пайдалануға берілетін болады. "Маңғыстаумұнайгаз" ААҚ арқылы су тұщыту зауыты (1 кезегі), шынылы пластикалық құбырлар шығару зауыты қатарға қосылатын болады. Аджип ККО компаниясы, аймақтың әлеуметтік саласын дамытуға қатысу шеңберінде Ақтау қаласындағы перзентхананың 2 блогын қатарға қосып пайдалануға беруді, Ақтау қаласында неке сарайы мен Қызылөзен поселкесінде орта мектеп құрылысын салуды көздеуде.

2003 жылдың аяғына дейін негізгі капиталдағы инвестициялар 58128,1 млн. теңге немесе 2002 жылғы деңгейге 102,1% құрайды.

2. Келешегі: 2004-2006 жылдар.

Мақсаты, міндеттері

Инвестициялар экономика өсімінің негізгі факторы болып табылады, оның соңғысының көлеміне аймақтың, сонымен қатар тұтас республиканың экономикалық даму қарқыны тәуелді болады.

Облыстың инвестициялық саясатының мақсаты аймақ экономикасына тікелей шетелдік және отандық инвестициялар тарту, қарымды инвестициялар үшін қолайлы инвестициялық ахуал жасау болып табылады, бұл аймақ экономикасының барлық саласында тұрақты өсуді қамтамасыз етеді.

Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізудің және міндеттерді шешудің жолдары.

Осы бағытта алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу, облыстың инвестициялық мүмкіндігіне сүйене отырып, сондай-ақ қолайлы инвестициялық ахуал жасау жолымен аймақ экономикасына инвестицияларды одан әрі тартуды көздейді.

Жоспарланған 2004-2006 жылдарда негізгі капиталдағы инвестициялар көлемі шамамен 202539,1 млн. теңге құрайды. Инвестициялар көлемінің өсу қарқыны осының

алдындағы жылмен салыстырғанда 2004 жылы 2,2% немесе 62996 млн. теңге, 2006 жылы 4,0% немесе 71981,9 млн. теңге болады деп күтілуде.

Экономикалық қызмет түрлері бойынша инвестициялар құрылымында тау кен өндіру өнеркәсібінде, яғни мұнай, газ және конденсат өндіру жетекші жағдайда қалады.

Мұнай өндіру саласын 146610,5 млн. теңге инвестициялау көзделуде, бұл инвестициялар жалпы көлемінің 72,4%, оның 123682,9 млн. теңгесі жер қойнауын пайдаланушы кәсіпорындардың өзіндік қаражаты, 22927,6 млн. теңгесі шетел инвесторларының қаражатын құрайды.

Каспий теңізінің Қазақстанның секторында бірыңғай теңіз көлік жүйесін құру тұжырымдамасы одан әрі дамытылады.

Қазақстан республикасының Мемлекеттік көлік саясатының Тұжырымдамасына сәйкес теңіз сауда флоты мен оның инфрақұрылымын дамытуға 39,8 млрд. теңге инвестициялау болжамдалуда.

Аймақ экономикасын дамытудың маңызды факторы, өнеркәсіп секторы өндірістерінің тұрақты өсу қарқынын сақтау, тоқтап қалған кәсіпорындардың өндірісін қайта қалпына келтіру және сауықтыру, өнеркәсіпті импорт алмастыру өнімдерін шығаруға бағдарлау болып табылады. Осы бағытта аймақ экономикасындағы инвестициялық тартымдылық пен басымдық бағыттардың бірі химиялық және мұнайхимиялық өндірісін дамыту болып табылады. Аймақта мұнайхимиясы мен химияны дамытуға Республиканың жол құрылысы битумына, жағар майға, пластмассаға, әртүрлі қышқылды және шектеу ерітіндісіне, сондай-ақ азотты және фосфорлы тыңайтқыштарға қажеттілігін қамтамасыз етуге ықпал ететін болады. Инвесторлардың негізгі көздері кәсіпорындардың өзіндік қаражаты мен шетелдік инвестициялар болып қала бермек. Жоспарланған кезеңде инвестициялар көлемінің өсуі болжамдалып отыр. Мәселен, егер 2004 жылы олар инвестициялар жалпы көлемінің 60064,8 млн. теңгесін құраса, онда 2006 жылы 67924,3 млн. теңгесінің құрайды. Оның үстіне кәсіпорындар мен шетел инвесторларының мұнай өндіру өнеркәсібіне және көлік пен байланысты дамытуға бағыттайтын қаражат көлемі өсетін болады.

Осы кезеңде неғұрлым ірі жобалар кәсіпорындардың, шетелдік компаниялар мен қаржы институттарының қаражаты есебінен "Ақтау портының 4, 5 мұнай айлағын қайта жаңарту және жетілдіру", "Танкерлік және құрғақ жүк флотының құрылысын салу", "Түпқараған шығанағының порттық инфрақұрылымының объектілері құрылысын салу", "Ақтау қаласының әуежайында халықаралық әуе жолы вокзалы құрылысын салу", "Ақтау әуежайын қайта жаңарту және оны халықаралық стандартқа дейін жеткізу", "Мұнайға және газға іріктелген зауыт құрылысын салу", "Теңіз суын тұщыту жөніндегі зауыт құрылысын салу", "Шынылы пластикалық құбырлар шығару жөніндегі зауыт құрылысын салу", "Цемент өндіру жөніндегі зауыт құрылысын салу", "Кірпіш пен жабындықыш шығару жөніндегі зауыт құрылысын салу", "Баутино

поселкесінде теңіз операцияларын қолдау базасының құрылысын салу", "Каспий теңізінде бұрғылауға арналған жасанды аралдар құрылысын салу" іске асырылатын болады.

Бұдан басқа, Аджип ККО қаражаты есебінен Ақтау қаласында және Қызылөзен селосында мектептер, Ақтау қаласында Неке сарайы, Кетік Форт Шевченко Баутино су таратқышы салынатын болады. Облыста осы кезеңде мұнайға іріктелген құбырларды шығару жөніндегі зауыт, шынылы пластикалық құбырар шығару жөніндегі зауыт, теңіз конструкцияларын шығару жөніндегі зауыт, теңіз суын тұщыту жөніндегі зауыт салынатын болады; кірпіш пен жабындықыш шығару жөніндегі зауыттың, цемент шығару жөніндегі зауыттың құрылысын салу басталады. Жыл сайын құрылыс индустриясы арқылы өндірісті техникалық қайта, жарактандыру мен кеңейтуге 500 млн. теңге өзіндік қаражат бағытталатын болады.

2004-2006 жылғы жергілікті бюджеттің қаражатынан негізгі капиталға 10180,9 млн. теңге бағыттау көзделуде. Оның аймақтың әлеуметтік инфрақұрылымының объектілеріне, тұрғын үй, жол құрылысын салу мен жөндеуге және басқа да қызмет көрсетулерге 5529,9 млн. теңге немесе жергілікті бюджеттің бүкіл қаражатының 52,1% , білім беру объектілеріне - 3370,1 млн. теңге немесе 31,7%, денсаулық сақтауға - 859,9 млн. теңге немесе 8,1%, көлік пен байланысқа 858,5 млн. теңге немесе жергілікті бюджеттің бүкіл қаражатының 8,1% бағыттау көзделуде.

Қаржыландырудың барлық көздері есебінен 467,13 мың шаршы м. тұрғын үй салу көзделуде, оның ішінде 2004 жылы - 146,28 мың шаршы м., 2005 жылы - 164,42 мың шаршы м., 2006 жылы - 156,43 мың шаршым. салу көздеуде. Тұрғындардың қаражаты есебінен жалпы көлемі - 433,9 мың шаршы м. 3434 үй, жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен - жалпы алаңы 24,6 мың шаршы м. 271 пәтер, мемлекеттік емес сектор кәсіпорындарының қаражаты есебінен жалпы алаңы 8,64 мың шаршы м. 113 пәтер салынатын болады, сондай-ақ жалпы алаңы 34,84 мың шаршы м. қолайлығы жоғары коммерциялық үйлер құрылысын салу көзделеді.

Болжамдалған нәтижелер.

Көмірсутегі шикізат қорының мол қоры бар Каспий теңізінің қайраңын жедел игеру теңіз операцияларын қолдау базасының Каспий теңізінде бұрғылауға арналған жасанды аралдарының құрылысын салу, сондай-ақ "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағында орналасқан кәсіпорындардың қызметі аймаққа, тікелей шетелдік және отандық инвестицияларды одан әрі тарту үшін тартымды инвестициялық ахуал туғызады.

2004-2006 жылдары 202539,1 млн. теңге көлемінде инвестициялар тарту көзделуде, бұл - өндірісті иверсификациялау, аймақта мұнай, газ, конденсат пен шектеусіз минералдық шикізат өңдеу жөнінде жоғары техникалық, экспортқа бағдарланған өндірістер құруға мүмкіндік береді. Мемлекеттік көлік саясатына сәйкес 2004-2006 жылдары теңіз көлігімен оның инфрақұрылымын дамытуды 39,8 млрд. теңге көлемінде

инвестициялау болжамдалады. Соның нәтижесінде 2006 жылдың аяғында Республиканың өзіндік теңіз сауда флотына ие болады.

Қолайлылығы жоғары коммерциялық тұрғын үй құрылысын салу дамиды, 2004-2006 жылдарда 34,84 мың шаршы м. таңдаулы тұрғын үйлерді қатарға қосу болжамдалады.

8 тарау. Сыртқы экономикалық қызметі.

1. Талдау: 2002-2003 жылдары

Облыстың сыртқы экономикалық қызметі 50-ден астам алыс және жақын шетелдермен ынтымақтасады.

Жыл сайын сыртқы сауда айналымы көлемінің өсу қарқыны байқалады. 2002 жылы сыртқы сауда айналымы 1710,6 млн. АҚШ долларын құрады немесе 2001 жылмен салыстырғанда 0,3% артты, ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында - өткен жылдың тиісті кезеңіне 2,1 есе және 569,2 млн. АҚШ долларын құрады. Сыртқы сауда айналымы көлемінің толықтай 2 есе артуы мұнайгаз секторының басымдылығымен байланысты, сол себепті мұнай экспортты жалпы экспорт көлемінің 98,3% құрайды (егер өткен жылдың осы кезеңінде мұнайгаз экспорты 81,5 млн. АҚШ долларын құраса, ағымдағы жылы 488,5 млн. АҚШ долларын құрады, бұл мұнай бағасының өткен жылдық осы кезеңімен салыстырғанда 2 есеге жуық көтерілуімен байланысты). Бұдан басқа, 2002 жылдың соңында тиелген мұнай бөлігі кеден декларациясының есебі бойынша 2003 жылдың бірінші тоқсанында рәсімделді.

2003 жылы сыртқы сауда айналымының көлемі 2002 жылмен салыстырғанда 23,4% артады, оның ішінде экспорт 20,3%, импорт 31% өседі.

Экспорт бойынша негізгі серіктес болып (экспорттық жалпы көлемінің 93,0%) Еуропа одағының елдерді (негізінен Италия, Гибралтар) қалады. Азия аймағының елдерінен көбірек көлемі БА? мен сауда байланысына келеді; Америка континенті елдерінен - Виргин аралы. Ал қалған экспорттың жалпы көлемінің 7% ТМД мемлекеттеріне (Украина, Ресей) келеді.

2002 жылы ТМД басқа елдермен сыртқы сауда айналымы 1291,1 млн. АҚШ долларын құрады және өткен жылмен салыстырғанда 14% артты, оның ішінде экспорт 1126,9 млн. АҚШ доллары, 27% өсті, импорт 239,5 млн. АҚШ доллары, 0,1% артты.

Облыс экспорты көлемінде едәуір үлесті Еуропа елдері алады, 2002 жылы олардың үлес салмағы 69% (2001 ж 54%) құрады. Еуропа елдері арасында экспорт өнімдерін негізгі тұтынушылар Польша (экспорттың жалпы көлемінің 21,3%), Италия (17,6%), Швейцария (13,9%), Германия (3,6%), Ұлыбритания (2,4%). Достастық елдері мен сыртқы сауда айналымы 2002 жылы 344,2 млн. АҚШ долларын құрады, бұл 2001 жылдан 40,6% кем, оның ішінде экспорт - 164,7 млн. АҚШ доллары, Ресейге жеткізудің азаюы есебінен 62,3% төмендеді, Өзбекстан - 98,5%, Украина - 53,4%, Молдова - 76,3%. Осы уақыттарда өнімдерді жеткізу көлемі Азербайжанған - 3 есе, Түрікменстан - 2,3 есе өсті. Облыста импорттың жалпы көлемінен 38,7% ТМД

мемлекеттеріне келеді, ал 61,3% - әлемнің қалған елдеріне. Әлемнің қалған елдерінің импорт үлесі машина жасау өнімдері бойынша ағымдағы жылдың үш айында 64,5% құрады, киімде 0,1%, азық-түлік тауарларына 1,2%, металлургия өнеркәсібінің өнімдері - 16,7%. ТМД елдерінен импорт үлесі машина жасау бойынша - 40,0% құрайды, металлургия өнімдері - 34,7%, кизм бойынша - 0,1%, тамақ өнімдері бойынша - 1,4%.

Ағымдағы жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша ТМД елдерінің импорт үлесі жалпы көлемінің 38% құрады, бұл 2002 жылдың осы кезеңінен 16,2 пайыздың көрсеткішінен кем. ТМД елдерінің импорт үлесінің азаюы облысқа сорғы, бұрғылау машиналарына арналған қосалқы бөлшектер, жеңіл автомобильдер мен жүк көліктерін жеткізу көлемінің азаюымен түсіндіріледі.

Облыста 01.01.2003 ж. алыс және жақын шетелдердің шетелдік фирмаларының қатысуымен құрылған 144 шетелдік және 64 біріккен кәсіпорындары тіркелді. Шетелдің қатысуымен кәсіпорындар қызметінің негізгі түрлері өнеркәсіп (өндірілген өнімнің жалпы көлемінен 98,9%) болып табылады. Мұнай мен табиғи газ өндіру жөніндегі кәсіпорындар үлесіне 97,9% келеді. Өңдеу өнеркәсібі бойынша 0,9%, 0,6% - стирол полимерін өндіруге, тері, аяқ киіммен бұйымдар өндіруге 0,2%.

Электр энергиясы, газ бен су өндіруге және бөлуге - өндірілген өнімнің 0,1%, көлік пен байланысқа 0,2%.

Біріккен кәсіпорындардың қызметі ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу бойынша (өнімнің жалпы көлемінен 0,1%), тек сусындар өндіру енеді.

Әрекеттегі кәсіпорындардың жалпы санынан 17 (жалпы санынан 20%) экспортқа өнім жеткізуді жүзеге асырады, 23 (немесе 27,1%) импорттық түсімдері бар. 2002 жылы біріккен және шетел кәсіпорындарымен 375,1 млн. АҚШ долларының өнімі экспортталды, бұл 2001 жылғы экспорт көлемін 68,5% арттырады, импорт көлемі 70,81% азайды және 75,6 млн. АҚШ долларын құрады. Облыс бойынша толықтай экспорттық жеткізілім көлемінде біріккен кәсіпорындар көлемі 20% құрайды, импорттық түсімдер 18%.

Біріккен кәсіпорындармен шығарылған өнімдер тізбесі әзірге онша жоғары емес. Облыстан негізінен шикізат ресурстары шығарылады. Тауарлық құрылымда шикімұнай (экспорттың жалпы көлемінен 95,9%) басымдыққа ие, стирол полимері 0,4%. Экспорт қызметі 1,1 млн. АҚШ долларын құрады немесе жалпы көлемінен 0,3%.

Импорттың тауарлық құрылымында басымдылыққа ие жеткізілімдер: машиналар мен жабдықтар 23,7%, қымбат емес металдар мен одан жасалған бұйымдар (10,7%); химия және онымен байланысты өнеркәсіп өнімдері, полимер материалдары, пластмассалар мен каучиктер (9,9%); көлік құралдары 4,3%, тамақ өнімдері, алкоголь және алкоголь емес сусындар, темекілер 1%.

2. Келешегі: 2004-2006 жылдары.

Мақсаттары, міндеттері

2004-2006 жылдары сыртқы сауда айналымының көлемін мұнай өндіруді арттыру, химия зауытын қосу және қайта жаңарту, шыны пластикалық және шыны талшықтары құбырларын шығару бойынша жаңа зауыт құрылысы, сонымен қатар біріккен мұнай компанияларымен мұнай конденсаты мен газ, химия өнімдерін экспорттау есебінен орташа 14,5 өсіру жоспарлануда.

Жабдықтарды, әрекеттегі және жаңадан құрылатын кәсіпорындар үшін арнаулы машиналарды импорттау жалғасатын болады.

Алға қойылған мақсаттар жету және міндеттерді шешу жолдары.

Аймақта 2004-2006 жылдардағы кезеңде мұнайгаз өнімдерін өндірудің қарқынын сақтау бойынша нысаналы жұмыстар жүргізілетін болады, яғни экспорт көлемінің 98% құрайды, жұмыс істемей тұрған ұңғымаларды қалпына келтіру, қабаттың мұнай беруін арттыруға бағытталған озық технологиялар мен жаңа техникалар енгізу сияқты.

Сонымен қатар жоспарланған кезеңде мұнай мен газ конденсаты экспортының өсуі Солтүстік Бозашы, Доңға кенорындарында өнеркәсіптік өндіруді жүзеге асыру, Толқын, Боранкөл және Тасболат кенорындарын жайластыру және игеруге іске қосу есебінен арттырылатын болады.

2004-2006 жылдары аймақта химия өнеркәсібін дамыту белгіленеді. 2003 жылдың соңына дейін "Актал ЛТД" химия кешенінде өндірісті қайта жаңарту, жетілдіру мен жабдықтау және құрылыс жинақтау жұмыстарын аяқтау жөніндегі жұмыстар орындалатын болады. Өндірістік бағдарламада барлық үш зауытты азот түк, күкіртқышқыл және химия гидрометаллургиялық, іске қосу қарастырылған. Негізгі өнімдері минералды тыңайтқыштар: нитроаммофос, диаммонийфосфат және аммиак селитрасы болады. "ЗПМ" ЖШС пластмасса зауытында 2003 жылы стирол өндіру жөніндегі қондырғыларды іске қосу жоспарлануда.

Ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында "Маңғыстаумұнайгаз" ААҚ шыны пластикалық құбыр шығару жөніндегі зауыттың 1-ші желісінің құрылысы аяқталды. Сондай-ақ "АШҚЗ" (Ақтау шыныталшықтары құбыр зауыты) ЖШС 2003 жылдың соңында іске қосылуды күтілетін, шыныталшықтары зауытының құрылысын жүргізілуде.

Өнім өндіруге жоспарлау тек ішкі рынокта ғана емес, сыртқы рынокта да бәсекеге қабілетті, бұл тиісінше сыртқы сауда айналымының өсуіне, соның ішінде тек шикі мұнай есебінен ғана емес, сонымен қатар химия өнеркәсібінің өнімі есебінен экспорт көлемінің өсуіне, оң әсер етеді.

Болжанған нәтижелер.

Сыртқы сауда айналымының жоспарланған мөлшері 2004-2006 жылдары 7158,6 млн. АҚШ долларын құрады, оның ішінде экспорт өлемі 5454,4 млн. АҚШ доллары, импорт 1734,2 млн. АҚШ да 2004 жылы сыртқы сауда айналымы 2450,3 млн. АҚШ

құрайды, бұл ағымдағы жылы деңгейінен 4% жоғары. Экспорт көлемі 4,3% артуы немесе 1627,9 млн. АҚШ доллары құрады. Импорт көлемі 566,7 млн. АҚШ доллары, бұл ағымдағы жыл көрсеткішінен 3% жоғары.

Жоғарыдағы айтылған деректер, облыста сыртқы сауданың жетекші бағыты болып экспорт болып қалатынын көрсетеді, яғни құрылымда аймақтағы экспорт әлеуетінің негізін құрайтын, шикі мұнай басымдыққа ие болады, яғни 2004-2006 жылдары үлесі экспорттық жалпы көлемінен 94% құрайтын болады. Химия өнеркәсібі өнімінің үлесі шамамен 5% құрайды.

Импорттың тауарлық құрылымында машиналар мен жабдықтар 26,4%, металлургия өнімдері 8,3%, сондай-ақ Ресейден, "Маңғыстаумұнайгаз" ААҚ өндірістік мақсаты үшін аймаққа әкелінетін мұнай өнімдері басымдыққа ие болады.

9 тарау. Шағын кәсіпкерлікті дамыту.

1. Талдау: 2002-2003 жылдары

Шағын кәсіпкерлікті (ШК) дамыту облыс экономикасының нақты секторының басым бағыттары болып табылады, оны дамыту бәсекеге ортасын қалыптастырады, рынокта өз тауарлы мен қызметтерін толтыруға, халықты жұмыспен қамту проблемасын шешуге бейімделеді.

2002 жылы "Маңғыстау облысында шағын кәсіпкерлікті дамыту мен мемлекеттік қолдаудың 2001-2002 жылдарға арналған Аймақтық бағдарламасын" іске асыру аяқталды. 2002 жылы қазанда қоғамдық бірлестіктердің бастамасы бойынша кәсіпкерлер форумы өтіп, облыс кәсіпкерлер форумы өтіп, облыс кәсіпкерлерінің Кеңесі сайланды, желтоқсан айында "Маңғыстау облысының үздік кәсіпкері" конкурсы және жергілікті тауар өндірушілердің тауарларының жәрмеңке көрмесі өткізіледі.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2002 жылы 2001 жылмен салыстырғанда 18,7% өсті және 9413 бірлік құрады, оның ішінде 3095 шағын кәсіпорындар (занды тұлға), 6318 жеке кәсіпкерлер мен шаруа (фермерлік) шаруашылықтары.

Шағын кәсіпкерліктің тіркелген субъектілерінің жалпы санынан қаржы шаруашылық қызметін 9177 субъектісі немесе 97,5% жүзеге асырды.

Шағын кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандар саны 7,3% артты. 28673 адам құрады және экономикалық белсенді халық санынан 19,4% (жұмыспен қамтылғандардың жалпы санынан 17,0%). Шағын кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандардың көбірек саны құрылыста 15,8% (4,55 мың адам) және көлік пен байланыста 15,7% (4,5 мың адам) байқалады. Сауда, автомобиль мен үйде қолданатын бұйымдарды жөндеу салаларына шағын кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандардың жалпы санынан 14,6% (4,2 мың адам) қамтылған, өнеркәсіпте 15,6% (4,49 мың адам). ШК саласында жұмыспен қамтылғандардың айтарлықтай емес үлесі ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығында 7,0% (2,0 мың адам) және мейманхана бизнесінде 3,5% (1,0 мың адам).

2002 жылы шағын кәсіпкерлік субъектілерімен 17,5 млрд. теңге сомасында өнім (жұмыстар мен қызметтер көрсетілді) өндірілді, бұл өткен жылдан 18,4% артық, бюджетке төлем көлемі 3,3 есе көбейіп, 7,5 млрд. теңге құрады.

Шағын кәсіпкерлікті қолдау нысандарының бірі өсімге бейімді және кәсіпкерлікті ұстаудың қаржылық несиесіне қолдау болып табылады. 2002 жылы екінші дәрежелі банктерден шағын бизнес субъектілеріне берілген несиесі ресурстарының көлемі 2001 жылмен салыстырғанда 2,0 есе өсіп, 3,4 млрд. теңге құрады.

2002 жылы екінші дәрежелі банк арқылы облыстық бюджет қаражатынан 28 шағын бизнес кәсіпорны мен жеке кәсіпкерге 85,0 млн. теңге сомасында қаражат бөлінді. Жеңілдікті несиелендіру есебінен Жаңаөзен қаласында пластикалық терезе мен есік жасау, Маңғыстау ауданының Шетпе селосында макорон өндіру және Шайыр селосында жәнді қайта өңдеу, Ақтау қаласында кондитер өнімдері мен автомобиль бояуларын өндіру бойынша жобалар іске асырылды.

2002 жылы мемлекеттік сатып алулар бойынша 8523 конкурс өткізілді, оның ішінде ШКС 5448 мемлекеттік сатып алу (2001 жылға 105,1%), немесе 63,9%. Мемлекеттік сатып алуларға 17328 шаруашылық субъектісі қатынасты, оның 12891 ШКС, немесе қатынасушылар санының 74,4%.

1.04.03 ж. жағдай бойынша облыста 9281 шағын кәсіпкерлік субъектісі тіркелді, оның ішінде 3236 шағын кәсіпорындар (заңды тұлға), 6045 жеке кәсіпкерлер және шаруа (фермерлік) шаруашылықтар. Шағын кәсіпкерліктің әрекеттегі субъектілері (заңды тұлғалар) тіркелгендердің жалпы санының 87,5% құрайды.

Шағын кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандар саны 29228 адам құрады немесе экономикалық белсенді халықтың 19,5% (жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 21,3%), бұл 2002 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 3,6% артық.

2003 жылдың бірінші тоқсанында шағын кәсіпкерлік субъектілерімен 5,0 млрд. теңге сомасында өнімдер (жұмыстар мен қызмет көрсетулер) өндірілді, бұл алдыңғы жылдың тиісті кезеңіне 120,8% құрайды.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерінен бюджетке салық төлемдерінің көлемі 2002 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 3,0 есес артты және 2,2 млрд. теңгеден артық құрады.

2003 жылғы бағалау бойынша шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны 9826 бірлік құрады (2002 ж. 104,3%), оның ішінде 3340 шағын кәсіпорындар (заңды тұлғалар), 6486 жеке кәсіпкерлер мен шаруа (фермерлік) шаруашылықтары. Шағын кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандар саны 3,6% артады және 29708 адам құрайды, ШКС субъектілерімен өндірілген өнімдер көлемі (жұмыстар, қызметтер) 17,7% және 20,6 млрд. теңге құрайды.

Ағымдағы жылы жаңа "Маңғыстау облысында шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған аймақтық бағдарламасы" әзірленді және облыстық мәслихатқа бекітуге ұсынылды.

Бағдарламада 2003 жылы шағын кәсіпкерлік субъектілерін жеңілдікпен несиелендіру үшін облыстық бюджеттен 100 млн. теңге бөлу қарастырылды.

2. Келешегі: 2004-2006 жылдары.

Мақсаттары мен міндеттері

Шағын кәсіпкерлік саласының басты мақсаты экономиканың өндірістік және басқа да салаларында шағын кәсіпкерліктің тұрақты дамуын қамтамасыз ету, жаңа жұмыс орындары санын арттыру болып табылады.

Негізгі міндеттері болып табылатындар:

- аймақтық шағын кәсіпкерліктің болашақта дамуы үшін жағдай жасау;
- экономикалық өмірге кіру рәсімін ықшамдау және рыноктағы тіршілік қызметін қолдау ;
- жаңа технологиялық өндірістерге бағытталған шағын және орта бизнес субъектілерінің көбірек артықшылықтарын құру.

Алға қойылған мақсаттарға жету және міндеттерді шешу жолдары:

- құру және лицензиялау рәсімін ықшамдау, бақылау және қадағалау функцияларын мемлекетпен жүзеге асырылуын тәртіпке келтіру, кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласуды болдырмау ;
- кәсіпкерлердің қоғамдық бірлестігін жан-жақты қолдау;
- жаңа өндірістер мен инновацияны қаржымен қамтамасыз ету;
- шағын бизнестің отандық өнімдерін мемлекеттік сатып алулар көмегімен кеңеюіне жәрдемдесу ;
- отандық өндірушілерге мемлекеттік ақпараттық маркетингтік қолдау көрсету, оларды озық технологиялар мен менеджмент мәселелері бойынша оқыту және кеңес беру ;
- ірі өндірушілерді шағын бизнес субъектілерінің импортталмастыру үдерісіне бағыттау ;
- өндірістік шағын бизнес субъектілерінің өзара, сондай-ақ ірі мұнай компанияларымен бірлесуін белсенді қолдау;
- бизнес орталығы мен бизнес инкубаторды дамыту.

Маңғыстау облысында шағын кәсіпкерлікті дамыту және қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған аймақтық бағдарламасына сәйкес тауарлар мен қызмет көрсетулер саласында шағын кәсіпкерлік субъектілерінің бизнес-жобаларын қаржыландыру үшін жыл сайын 100 млн. теңге шамасында бөлу қарастырылды.

Жеке тауар өндірушілерінің өнімдеріне жыл сайын көрме жәрмеңке өткізу тәжірибесі жалғасатын болады, оның ішінде қалалар мен аудандардағы ауыл шаруашылығы өндірушілері, шағын бизнес субъектілерін несиелендіруге халықаралық ұйымдарды тарту, жеткілікті жергілікті шикізатпен табиғи материалдарды пайдалана отырып, дәстүрлі қолөнер мен майдагерлік кәсіпшілікті дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі жұмыстар жүзеге асырылады.

Б о л ж а н ғ а н н ә т и ж е л е р .

Жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту және жаңа өндірістерді енгізу 2006 жылы шағын кәсіпкерлік субъектілерінің санын 2003 жылмен салыстырғанда 13,7%(11170 бірлік) өсуге әкеледі, оның ішінде заңды тұлғалар 22,4% (4090 бірлік), жеке кәсіпкерлер мен шаруа (фермерлік шаруашылықтары) 9,2% (7080 бірлік).

Экономиканың жеке секторында жұмыспен қамтылғандар саны 9,6% (32564 адам) өседі, ШК субъектілерімен өндірілген өнім көлемі - 39,5% (28,7 млрд. теңге). Шағын кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандардың көбірек өсуі көлік пен байланысты - 10,2%, ауыл шаруашылығында - 12,3%, құрылыста - 11,6%, өнеркәсіпте - 8,6% күтіледі.

10 тарау. Тұрғын халық, жұмыспен қамтылуы және еңбек ресурстарының дамуы.

1. Талдау: 2002-2003 жылдары

Демография және көші-қон.

Облыс бойынша 2002-2003 жылдардағы демографиялық ахуал табиғи өсімнің өсуі және халықтың көші қон ағынының артуы есебінен халық санының артуымен сипатталады. 2002 жылы халықтың орташа жылдық саны 3,0% өсті және 333,4 мың адам құрады, оның ішінде қалалық тұрғындар 1,9% (256,5 мың адам), ауылдықтар 6,7% (76,9 мың адам).

Облыста халық санының өсуімен бір мезгілде, өлім деңгейінің артуы байқалады. 2002 жылы өлім коэффициенті 1000 адамға 8,11 жағдайдан құрады немесе 2001 жылғы деңгейге 101,2%. Өлім деңгейінің өсу себебінде қан айналысы органдарының сырқатын айқындаушы рол атқарады, айтарлықтай орыны кездейсоқ жағдайдан, уланумен жарақат алудан, жаңадан пайда болу жағдайындағы өлімдер алады.

Нәрестелердің өлімі жоғары деңгейде қалып отыр. Мәселен, бұрынғы жылмен салыстырғанда 12,6% азайғынан қарамастан, 1 жасқа дейінгі балалардағы балалар өлім коэффициенті орташа республикалық деңгейді 28,3% арттырады (2002 жылы 1000 туылғандарға 21,82 жағдайдан). Нәрестелердің шетінеу себебі, құрылымында бұрынғыша шарана кезеңінде туындаған жағдайдан, сондай-ақ тыныс алу органдары ауруынан қайтыс болғандар басымдыққа ие.

Сол уақыттарда туудың өсу қарқыны байқалады. Туу коэффициенті 2001 жылғы 1000 адамға 20,43 жағдайдан 2002 жылғы 22,39-ға дейін артты. Туу коэффициенті өлім коэффициентінен 2,8 есе артты, бұл табиғи өсімнің 15,1% өсуіне әкелді (2001 жылғы 4067 адамға 2002 жылғы 4680 адам).

2003 жылы облыстағы халық санының өсуі жалғасты. 01.10.2003 ж. жағдай бойынша халық саны жыл басынан 2,3% артты және 346,2 мың адам, оның ішінде қала тұрғындары 266,8 мың адам, ауылдықтар - 79,4 мың адам, құрады. 2003 жылға бағалау бойынша халықтың орташа жылдық саны 343,6 мың адамға дейін өседі немесе туу коэффициентін 22,63-ке дейін және табиғи өсіледі 5,1 мың адамға дейін арттыру есебінен 2002 жылғы деңгейге 3,0% болды.

Соңғы екі көші-қон сальдосы өң қалыптасты: 2001 жылы 5698 адам (2000 жылға

3,0 есе), 2002 жылы 5519 адам (2001 жылға 96,9%).

2002 жылы облыстан тысқары жерлерге 1235 адам көшті, бұл 2001 жылғыдан 2,2% кем, соның ішінде 1192 адам ТМД елдеріне және 43 адам ТМД елдерінен басқа жерлерге тұрақты орналасуға қоныс аударды. Эмигранттардың ұлттық құрамында орыс ұлтындағы тұлғалар басымдықпен ұсынылады, немістер 1,4% құрайды, қазақтар 14,8%, басқалары 20,0%.

2002 жылы облыс ішілік көші-қон үрдісінің күшейе түскендігі бұрынғы жылдармен салыстырғанда 1,5% азайды. Облысаралық көші-қон сальдосы 1,9 есе артты және 650 адам құрады. 2002 жылы 2001 жылмен салыстырғанда облыстан тысқары республиканың басқа аймақтарына кетушілер саны қысқарды (2209 адам орнына 1909 адам).

Соңғы жылдары жақын шетел едерінен қазақ диаспорының өкілдерінің көші-қон ағынының артуы байқалады. Жақын шетелдерден жергілікті ұлт тұлғаларының көшіп келуінің артуының негізгі себебі, Қазақстанмен салыстырғанда өмір сүрудің әлеуметтік экономикалық деңгейінің Өзбекстан мен Түрікменстанда төмендігі болып табылады.

Мәселен, 2001 жылы облысқа 7731 жергілікті ұлт өкілдері келді, 2002 жылы - 7236 адам. Жалпы санынан: 2001 жылы Өзбекстаннан - 4040 адам келді, Түрікменстаннан - 3543 адам; 2002 жылы - тисінше 3613 және 3522 адам.

Қазақстан Республикасы Президентінің "2002 жылға арналған көші қон квотасы туралы" 2002 жылғы 16 қыркүйектегі Жарлығына сәйкес Маңғыстау облысы үшін 167 отбасыға квота бекітілді. Алайда уақыттың шектелуінен (квота жылдың аяғында бекітілген) және республикалық бюджет қаражатынан 2002 жылы квота бойынша тек 85 отбасы оралман (398 адам) келіп, 147,0 млн. теңге сомасында пәтер сатып алынды.

Қалған қоныс аударушы оралмандар квотадан тыс келді. 2003 жылы облыс бюджетінен квотадан тыс келген оралмандар үшін көлік және жол шығындарын жабуға және қоныс аударушылар үшін біржолғы жәрдем беруге 11,0 млн. теңге қаралды.

Облыстың көші-қон және демография басқармасынан Қазақстан Республикасы көші-қон және демография Агенттігіне бұрындары квота бойынша келген 800-ден астам отбасы оралмандардың тұрғын үй алуына сұраныс жолданды.

Квотадан тыс келген оралмандар, тұру үшін бейімделмеген, Ақтау қаласы мен Жаңаөзен қаласындағы саяжайларға өз бетінше орналасуда.

Ақтау қаласы мен Жаңаөзен қаласының әкімияттарымен саяжайда тұратын 10000-нан астам оралмандарға өмір сүруге арналған барлық жағдайлар жасалды: ауыз су, электрлендіру, жылу, баллондағы сұйық газ. Жұмысқа орналасу, өз күштерімен тұрғын үй құрылысын салу жер учаскелерін ұсыну, сайжайдағы тұрғылықты жері бойынша ресми есепке тұру мәселелері шешілуде.

Ақтау қаласын жақын саяжайларда тұратын оралмандарға меншігіне үш жер

учаскесі берілді, 148 отбасы өз күштерімен тұрын үй құрылысын салуға рұқсатымен қоса жер учаскесін жалға алды. Ақтау қаласында қала маңындағы елді мекендерде меншікке 10 жер учаскесі, жалға 21 жер учаскесі берілді.

Өзбекстан мен Түрікменстаннан қоныс аударған, Жаңаөзен қаласында тұратын 400 отбасыға жер учаскелері бөлінді. Бейнеу ауданында 33 оралман отбасы үшін жеке құрылысқа жер учаскелері бөлінді, Маңғыстау ауданында 4 отбасыға, Қарақия ауданында 23 отбасыға. Қарақия ауданының аудан орталығында 2 оралман отбасы үшін екі пәтер бөлінді.

Ағымдағы жылы облысқа келген оралмандар санының өсуі жалғасуда. Қазақстан Республикасы Президентінің "2003 жылға арналған көші-қон квотасы туралы" 2003 жылғы 10 ақпандағы № 1017 Жарлығына сәйкес Маңғыстау облысы үшін 352 отбасыға квота бекітілді, оның ішінде Ираннан 38 отбасы, Өзбекстаннан 256 отбасы, Түрікменстаннан 53 отбасы, Ресейден 5 отбасы.

2003 жылдың қаңтар қыркүйегінде облысқа алыс шетел елдерінен 1395 отбасы (4850 адам) оралмандар келді, оның ішінде Түрікменстаннан 620 отбасы (2286 адам), Қарақалпақстаннан 540 отбасы (1778 адам), Өзбекстаннан 200 отбасы (690 адам), Ресейден 30 отбасы (87 адам), Қырғызстаннан 2 отбасы (4 адам), Украинадан 2 отбасы (4 адам), Ираннан 1 отбасы (1 адам).

Жұмыспен қамтылуы және еңбек ресурстарының дамуы.

2002 жылғы облыстағы қолайлы экономикалық жағдай халықтың жалпы саны сияқты, экономикалық белсенді халықтың, халықтың жұмыспен қамтылу санының өсуіне әкелді.

2002 жылы экономикалық белсенді халық саны экономикада 133,2 мың адамға дейінгі жұмыспен қамтылғандар санының өсуі (2001 жылға 101,9%) және 14,4 мың адамға дейін жұмыссыздар санының қысқаруы (6,5%) есебінен 2001 жылға 1,0% (147,6 мың адам) артты. Облыс бойынша жалпы жұмыссыздық деңгейі 0,7 пайыздың пунктке азайды: жұмыссыздық пен және кедейшілікпен күрес Аймақтық бағдарламасын іске асыру және жаңа жұмыс орнын құру нәтижесінде 2001 жылғы 0,5%-дан 2002 жылғы 9,8%-ға дейін.

Жалдану бойынша жұмыспен қамтылғандар саны 2001 жылмен салыстырғанда 13,0% артты, өз бетінше жұмыспен қамтылған халық саны 33% төмендеді. Жалдану бойынша жұмыс істейтіндер үлесі жұмыспен қамтылған халық құрылымында 84,5%-ға дейін (112,5 мың адам) өсті, өз бетінше жұмыспен қамтылған халық 15,5%-ға дейін (20,7 мың адам) азайды.

Экономикалық қызметтің түрлері бойынша: өнеркәсіп пен құрылыста 51,8 мың адам (46,0%) қамтылды, ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығында 2,6 мың адам (2,3%), қызмет көрсетулерде 58,1 мың адам (51,7%).

Тіркелген жұмыссыздар деңгейі 2001 жылғы 3,8%-дан 2002 жылы 3,5%-ға дейін азайды. 01.05.2003 жағдай бойынша бұл көрсеткіш 3,3% құрады. Облыстың жұмыспен

қамту қызметіне жұмысқа орналасуға 2002 жылы 12872 адам (2001 ж. 8,1% аз), 2003 жылдың қаңтар қыркүйегінде 6521 адам хабарласты.

2002 жылы облыс кәсіпорындарында 11777 қосымша жұмыс орны құрылды, оның ішінде қоғамдық жұмыстар бойынша 3904 орын. 7873 тұрақты жұмыс орны құрылды, оның ішінде мұнайгаз саласында 972 орын, шетелдік фирмаларда 1267 орын, шағын несиелендіру есебінен 69 орын, шағын кәсіпкерлікте 5489 орын, басқа салаларда 76 орын.

Жұмыс орындары санының артуы 2002 жылы 3687 жұмыссыздың жұмысқа орналасуына мүмкіндік туғызды. Ақылы қоғамдық жұмыстарға 2002 жылы 3904 адам (2001 жылға 79,5%), 2003 жылдың қаңтар қыркүйегінде 3067 адам жіберілді. Қоғамдық жұмыстар түрлерінің кеңеюі жұмыссыздардың ең жоғары мүмкін санын қамтуға мүмкіндік туғызды, мелиоративтік жұмыстарды жүргізу, тарихи сәулет ескерткіштерін қалпына келтіру, мәдени іс-шараларды ұйымдастыруға көмектесу сияқты қоғамдық жұмыстардың түрлері пайда болды.

2003 жылы экономикада жұмыспен қамтылғандар санын 136,9 мың адамға дейін өсіру күтіледі, одан жалдану бойынша жұмыспен қамтылғандар 117,5 мың адам, оның ішінде экономикалық қызмет түрлер бойынша: өнеркәсіп пен құрылыста 54,3 мың адам (46,2%) қамтылатын болады, ауыл шаруашылығында, орман және балық шаруашылығында 2,7 мың адам (2,3%) қызмет көрсетулерде 60,5 мың адам (51,5%). Маңғыстау облысы бойынша халықты жұмыспен қамтудың 2003-2005 жылдарға арналған Аймақтық бағдарламасын іске асыру жұмыссыздардың жалпы санын 2003 жылы 13,2 мың адамға дейін (2002 жылға 91,7%) бірте-бірте азайтуды жоспарлайды.

Экономиканың дамуымен білікті кадрлерге қажеттілік өседі. Аймақтық бастауыш, орта және жоғарғы кәсіптік білімді мамандарға қажеттілікті 7 жоғарғы оқу орындары, оның ішінде 3 мемлекеттік және 4 жеке меншік; 14 колледждер: 7 мемлекеттік және 7 мемлекеттік емес; 4 кәсіптік мектеп қамтамасыз етеді.

2002 жылы облыстың жоғарғы және орта арнаулы оқу орындарымен 2527 маман дайындалды және бітірді, одан 1584 маман немесе 78,1% маман жұмысқа орналасты. 2003 жылы 2509 маман бітіреді деп күтілуде.

Облыстың оқу орындарымен өткен жылы 27 техникалық, 23 гуманитарлық және 2 медициналық мамандықтары бойынша мамандар дайындалып, бітірді. 2003 жылы техникалық мамандық саны, яғни бітіруді қамтамасыз ететін, 37-ге дейін артады, медициналық 3-ке дейін, гуманитарлық мамандықтар саны 2002 жылғы деңгейде қалады.

Облыс кәсіпорындарымен келісім бойынша мамандар дайындауды, оның ішінде шетел мұнайгаз компанияларымен Ш.Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университеті жүргізеді. 2003-2006 жылдары бұл ЖОО-мен 29 мамандық бойынша шамамен 0,4 мың маман дайындалады.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің орынбасары Қ.Қ.Мәсімовке 2002 жылғы 16 мамырда өткен мәжілістің № 11-7/11-178 хаттама шешімімен күйзелген экономикалы шағын қала болып Түпқараған ауданының Форт-Шевченко қаласы анықталды. 2002 жылы жұмыссыздық деңгейі 6,0% құрады, бұл орташа облыстық көрсеткіштен 2,5 пайыздық пунктке артық. Ауданның қала құрылысын салушы кәсіпорын "Қазақбалықфлот" ААҚ 1994 жылдан бері тоқтап тұр.

Қазіргі уақытта қалада сумен қамтуда, жылу мен коммуналдық қызмет көрсетуде проблемалар бар. Ауыз сумен қамту желілері толықтай қайта жаңартуды қажет етеді, орталықтандырылған газбен қамтамасыз ету және тұрғындардың әлеуметтік-қорғалмаған тобын қамтамасыз ету үшін муниципалды тұрғын үй құрылысын салу мәселен шешу қажет.

Табыс саясаты.

Мұнайгаз саласында қызметтің жандандыру және мұнай өндіру мен көліктің сервистік өндірісінің дамуы есебінен жалақы қоры 2002 жылы 2001 жылғы деңгейге 15,1% артты және 42,6 млрд. теңге құрады, оның ішінде өнеркәсіпке 21,2 млрд. теңге. көлік пен байланыста 8,5 млрд. теңге, құрылыста - 4,2 млрд. теңге, білім беруде 2,1 млрд. теңге.

Экономикалық қызметтің барлық түрлерінде жұмыспен қамтылған қызметкерлердің орташа айлық атаулы жалақысы 2002 жылы орташа 36875 теңге (2001 жылға 110,7%) құрады, бұл орташа республикалық деңгейден 1,8 есе жоғары, оның ішінде өнеркәсіпте 53225 теңге, құрылыста 37447 теңге, көлікпен байланыста 55718 теңге. Ең жоғары жалақы деңгейі таукен өндіру өнеркәсібінің кәсіпорындарында айқындалған 68250 теңге, ең төменгі ауыл шаруашылығында 9306 теңге және олардың арасындағы алшақтық 7,3 есе құрайды. Жұмыс жасайтындардың едәуір бөлігінің жалақы мөлшері жоғары емес күйде қалып отыр: мемлекеттік басқармаларда 17549 теңге (аймақ бойынша жалақының орташа деңгейінен 47,6%), білім беруде 13651 теңге (37,0%), денсаулық сақтауда 12846 теңге (34,8%).

2003 жылға бағалау бойынша қызметкерлердің орташа айлық атаулы жалақысы 2002 жылмен салыстырғанда 9,7% артады және 40442 теңге құрайды. Еңбекақы қоры 2002 жылғы деңгейге 14,0% өседі және 48,6 млрд. теңге құрайды.

2. Келешегі: 2004-2006 жылдары.

Мақсаттары мен міндеттері

Демография және көші-қон.

Демографиялық және көші-қон саясатының басты мақсаты облыс халқы санын, оның басымдықпен сапалы өсуін арттыру болып табылады. Мақсатқа жету үшін мынадай міндеттерді шешу тұр:

- отбасылық неке қатынасын нығайту, тууды ынталандыру;
- халықтың денсаулық жағдайын жақсарту, халықтың өлімін азайту;

- көші-қон үрдістерін реттеу, оралмандарды өмір сүруі үшін қажетті жағдайлармен, әлеуметтік кепілдікпен қамтамасыз ету.

Жұмыспен қамту және еңбек ресурстарын дамыту. Облыста жұмыспен қамту және еңбек ресурстарын дамытудың негізгі мақсаты халықтың неғұрлым толықтай өнімді жұмыспен қамтылуы, еңбек ресурстарының біліктілігін арттыру болып табылады. Көрсетілген мақсатты іске асыру үшін мынадай міндеттерді шешу тұр:

- жұмыс орындарын сақтау мен құруға, жаңа өндірістер ашуға, шағын және орта бизнестерді дамытуға жәрдемдесу;
- жұмыссыздарды даярлау және қайта даярлау жүйесін дамыту.

Табыс саясаты. Жалақының жалпы деңгейін арттыру табыс саясатының басты мақсаты болып табылады, яғни іске асыру үшін мынадай міндеттерді шешуді қарастырады:

- еңбекке ынтасын арттыру, кәсіпкерлік қызметінің табысын арттыру;
- үшжакты жәрдемдесу негізінде жалақы мәселесін реттеуге әлеуметтік серіктестік жауапкершілікті арттыру.

Алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге жету жолдары.

Демография және көші-қон. Отбасы-неке қатынастарын нығайту, тууды ынталандыру үшін қарастырылады:

- аналар мен балалардың денсаулығын қорғау жөніндегі шараларды іске асыру, жүкті аналарға медициналық көмек көрсету сапасын арттыру, ана мен нәрестелер өлімін азайту;

- көпбалалы отбасыларды нақты материалдық және моральдық ынталандыру ұйымдастыруды шешу, бала босағанда жас отбасыларына әлеуметтік көмек көрсету ;

- үлгілі отбасылық этномәдени ғұрыптар мен нормаларды қайтару, көп және орта отбасылардың ұнамды негізін күшейту жөніндегі жұмыстарды жүргізу.

Халықтың денсаулық жағдайын жақсарту, тұрғындарың өлімін азайту үшін денсаулық сақтау жүйесін жетілдіруден басқа қажеттер:

- қоршаған орта жағдайын, тамақ өнімдері мен дәрі-дәрмек құралдарының сапасын бақылау;

- елді мекендерді сапалы сумен қамту мәселесін шешу;

- жол-көлік оқиғасынан жарақат алуды азайту бойынша іс-шаралар әзірлеу.

Көші-қон үрдісін реттеу мақсатында көшіп келуді эмиграциялау және жандандыруды тұрақтату бойынша шаралар қабылданатын болады.

Еңбекке қабілетті жастағы, жалпыұлттық өнім өндірісіне қатысатын тұрғындардың облыстан ағыла кетуін болдырмау үшін маңызды мағынаны тіршіліктің экономикалық жағдайын жақсарту, әлеуметтік саяси ахуалды тұрақтандыру алады.

Оралмандарды тұрғын үймен, жұмыспен, әлеуметтік қорғалуымен, кәсіптік оқумен қамтамасыз ету, оралмандардың балаларын тегін орта біліммен толық қамтамасыз

етілуі, олардың ең аз қамтылғандарын әлеуметтік қолдау жөніндегі жұмыстар жалғаса беретін болады.

Жақын шетел елдерінен көшіп келушілер үшін квотаны ұлғайту мәселесін Қазақстан Республикасы Үкіметі деңгейінде шешу жөніндегі жұмыстар жандандыруды қажет етеді. Эпидемиологиялық ахуалдың туу, қылмыстың өсу қауіптілігін азайту мақсатында жасырын көшіп келушілермен күресті күшейту қажет.

Жұмыспен қамту және еңбек ресурстарын дамыту.

Жұмыс орындарын сақтау мен құруға, жаңа өндірістер ашуға, шағын және орта бизнесті дамытуға жәрдемдесу үшін мынадай шаралар қабылданатын болады:

- әрекеттегі кәсіпорындарға мониторинг өткізу және тоқтап тұрған кәсіпорындар санының өсуіне жол бермеу жөнінде ескертілетін шараларын қабылдау;

- әлсіз қаралған азаматтар санаты үшін негізінен ауылдық жерлерде, жұмыс орындарын белгілеу;

- ақылы қоғамдық жұмыстар көлемін арттыру және қаржыландыру, оны ұйымдастыруға жеке кәсіпкерлерді тарту;

- кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігін арттыруға, шетел инвестициясын тартуға жағдай туғызу;

- шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау және дамыту жөніндегі жұмыстарды, негізінен ауыл шаруашылығында, халық тұтынатын тауарлар өндірісінде, жандандыру.

Халықтың табысы бойынша халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуі, дифференциалануы, жұмыссыз азаматтардың кәсіптік білім алу үшін қаражатының болмауы жағдайында болашақта жұмысқа орналасуы немесе өзін жұмыспен қамтамасыз ету, жекеменшік ісін ашу үшін еңбек рыногындағы сұранысқа сәйкес жұмыссыздарды кәсіби даярлау және қайта даярлау жүйесін дамыту жөніндегі жұмыстар жанданатын болады.

Жұмыссыздар санының артуына жол бермеу жөніндегі ескертпе шаралар ретінде мектеп бітірушілер, жұмыссыз жастарды жұмысшы мамандықтарына кәсіптік оқыту бойынша кәсіптік мектептердің облыс кәсіпорындарымен әрекеттесу тетігі әзірленетін болады.

Бизнес-инкубатор желісін дамыту, негізінен ауылдық жерлерде, халықаралық және республикалық ұйымдарды тарта отырып, кәсіпкерлік мәселелері бойынша оқу семинарларын өткізу жөніндегі жұмыстар жалғасады.

2004-2006 жылдарға арналған келешегінде тұрғын халықты жұмыспен қамтамасыз ету саясаты еңбек рыногындағы қауырттықты азайтуды көздейді. Жұмыс орындарын құру мұнайгаз және химия өнеркәсібінде, көлік пен байланыста, құрылыста, шағын кәсіпкерлікте, оның ішінде шетел жұмыс берушілерімен жаңа өндірістер, әрекеттегі өндірістерді кеңейту және тоқтап тұрған кәсіпорындарды қалпына келтіру есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Түпқараған ауданы Форт-Шевченко қаласын шағын қаланың күйзелген жағдайын шығару мақсатында Форт-Шевченко қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуы Бағдарламасы іске асырылатын болады.

Бағдарламаның алға қойылған мақсатына жету үшін мынадай міндеттерді шешу қарастырылады:

Форт-Шевченко қаласы мен оған іргелес елді мекендердің өнеркәсіптік әлеуетін қалпына келтіру; шағын бизнес кіретін, кәсіпкерліктің дамуы қолайлы жағдай жасау; қосымша жұмыс орындарын ашу, ақылы қоғамдық жұмыстар, ұйымдастыру, кәсіптік оқу, жұмыссыздарды қайта даярлау есебінен жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын болашақта дамыту және жетілдіру; денсаулық сақтауда, білім беруде, атаулы әлеуеттік көмекте қызмет көрсету тиімділігін арттыру, қаланың тұрғын үй-коммуналдық саласын жетілдіру, сумен қамту проблемасын шешу.

2003-2005 жылдары Кетік-Форт-Шевченко қаласы-Баутино-Аташ су құбырының, тікелей инвестиция тарту есебінен коммуналдық меншіктің су тұщыту зауытының, Форт-Шевченко қаласын сұйық газбен қамтамасыз етудің орталықтандырылған желісі құрылыстарын салу жоспарланады.

15 жылға есептелген, қазіргі уақытта инвесторлар тарапынан (мұнай өндіруші компаниялар) материалдық қолдауға ие болған құрылыс салу жоспары әзірленді.

Бірінші кезеңде (2010 жылға дейін) Форт-Шевченко қаласының оңтүстік бөлігінде 10 мың адамға арналған жана тұрғын үй алабының құрылысы қарастырылады. Жобаның екінші кезеңі бұл темір жол, терминал, теңіз бұрғылау қондырғыларының қалдықтарын қайта өңдеу жөніндегі зауыт, кеме жөндеу зауыты құрылыстарын болжанған өнеркәсіптік аймақ құрылыстарын салу.

Табыс саясаты. Алға қойылған мақсаттар мен міндеттерді шешу үшін қажеттер:

- тұрғындардың аз қамтылған тобын кәсіпкерлікті дамыту және көбірек күйзелген азаматтардың дербес қамтылуын қамтамасыз ету үшін жағдай жасауға бағытталған шағын несиелендіру жүйесін болашақта дамытуға бейімдеу;

- тауар өндірісі саласында, оның ішінде ауыл шаруашылығындағы шағын бизнесті дамыту;

- кәсіпкерлерді оқыту және әрекеттегі бизнес-инкубатор мен "Шағын кәсіпкерлікті дамыту орталығы" жұмысын жандандыру;

- өндірістік және ауыл шаруашылығы бағытындағы жобаларды жергілікті бюджеттен басқа да несие көздерінен басымдылықпен несиелендіру;

- ауыл шаруашылығы аудандарында несие серіктестігін ұйымдастыру;

- мемлекет саясатына және бюджеттік қаржыландыру мүмкіндіктеріне сәйкес бюджеттік ұйым қызметкерлерінің жалақысын арттыру;

- меншіктің барлық нысанындағы кәсіпорындарында ұжымдық шарт пен тарифтік келісім жасақтауға барынша мүмкіндік туғызу;

- әлеуметтік серіктестік үрдістерін дамытуда еңбек ұжымдарына жан-жақты жәрдем көрсету.

Болжанған нәтижелер.

Демография және көші-қон. Болжам бойынша орташа жылдық халық саны 2006 жылға 376,3 мың адамға дейін немесе табиғи өсім мен шекаралас мемлекеттерден азаматтардың көшіп келуінің жалғауы есебінен 2003 жылғы деңгейге 9,5%, оның ішінде қала халқы 289,4 мың адамға дейін, ауылдықтар - 86,9 мың адамға дейін, өсті.

6,7 мың адамға дейін табиғи өсімнің артуы (2003 ж. 131,5%) өлім коэффициентінің 1000 адамға 6,87 жағдайға дейін азаюымен және туу коэффициентінің туудың көбірек жоғары көрсеткіші бар, жергілікті халық үлесінің артуы есебінен 24,76-дейін өсуімен байланысады.

Аймақ экономикасын дамыту, өмір сүрудің экономикалық жағдайын жақсарту жалпы ұлттық өнім өндірісіне қатысатын еңбекке қабілетті жастағы тұрғындардың облыстан кетуін азайтуға әкеледі.

Көші-қонды жандандыру жөнінде шаралар қабылдау қазақтардың өзінің тарихи отанына оралуына, олардың орналасуын ұйымдастыруға жан-жақты жәрдемдесуге мүмкіндік туғызады. Болжам бойынша 2004-2006 жылдарға арналған көші-қон сальдосы оң жинақталатын болады және жыл сайын шамамен 5,0 мың адам құрайды.

Жұмыспен қамту және еңбек ресурстарын дамыту.

Химия және мұнайхимия өндірісінің даму қарқынын сақтау және арттыру өнеркәсіптің басқа салаларының орнықты дамуына сервистік қызметтің кеңеюіне, шағын және орта бизнес субъектілерінің өсуіне мүмкіндік туғызатын болады. Алда тұрған жылдары электр энергетикасында, машина жасау, тоқыма және тігін, тері және аяқ киім өнеркәсібінде, тұрғын үй құрылысында, құрылыс материалдары өндірісінде өндіру көлемі ұлғаятын болады. Су, автомобиль, әуе, темір жол көліктері, жол шаруашылығы, байланысады.

Аймақ экономикасын дамыту, өмір сүрудің экономикалық жағдайын жақсарту жалпы ұлттық өнім өндірісіне қатысатын еңбекке қабілетті жастағы тұрғындардың облыстан кетуін азайтуға әкеледі.

Көші-қонды жандандыру жөнінде шаралар қабылдау қазақтардың өзінің тарихи отанына оралуына, олардың орналасуын ұйымдастыруға жан-жақты жәрдемдесуге арналған көші-қон сальдосы оң жинақталатын болады және жыл сайын шамамен 5,9 мың адам құрайды.

Жұмыспен қамту және еңбек ресурстарын дамыту.

Химия және мұнайхимия өндірісінің даму қарқынын сақтау және арттыру өнеркәсіптің басқа салаларының орнықты дамуына, сервистік қызметтің кеңеюіне, шағын және орта бизнес субъектілерінің өсуіне мүмкіндік туғызатын болады. Алда тұрған жылдары электр энергиясында, машина жасау, тоқыма және тігін, тері және аяқ киім өнеркәсібінде, тұрғын үй құрылысында, құрылыс материалдары өндірісінде

өндіру көлемі ұлғаятын болады. Су, автомобиль, әуе, темір жол көліктері, жол шаруашылығы, байланыс пен телекоммуникация өзінің болашақта дамуын алады. Ақтау теңіз порты аумағында құрылған арнайы экономикалық аймақта. Сонымен қатар жұмыс орындарын ашу мен экономикада жұмыспен қамтылғандар санын арттыруға ықпал етеді.

Жалдану жөніндегі экономикалық қызметтің барлық түрлері бойынша жұмыспен қамтылғандар саны (шағын кәсіпорындар мен жеке тұлғаларда жұмыспен қамтылғандар есебімен) 2006 жылға 135,5 мың адамға дейін (2003 жылға 185,3%) артады. Дербес жұмыспен қамтылған тұрғындар саны 16,9 мың адамға дейін (2003 жылға 87,1%) азаяды. Жалдану бойынша жұмыс істейтін жұмысшылар санының айтарлықтай өсуі нәтижесінде экономикада жұмыспен қамтылғандардың жалпы саны 152,4 мың адамға дейін өседі (2003 жылға 111,3%).

Халықты жұмыспен қамтудың Аймақтық бағдарламасын іске асыру нәтижесінде жұмыссыздар саны 2006 жылы 9,7 мың адамға дейін (2003 жылға 73,5%) азаяды және тиісінше жұмыссыздықтың жалпы деңгейі 6,0% дейін (2003 жылғы деңгейге 2,2 пайыздық пункт) азаяды.

Экономикада жұмыспен қамтылғандардың өсуі және жұмыссыздық санының азаюы экономикалық белсенді халықтың өсуіне әкеледі, яғни 2006 жылы 162,1 мың адамға дейін артады (2003 жылы 108,0%).

Өнеркәсіптің және экономиканың басқа да салаларының өсуімен аймақ кәсіпорындары мен ұйымдарының жоғарғы кәсіптік біліммен қатар, бастауыш және орта кәсіптік білімді мамандарға қажеттілігі өседі.

Шағын қала Форт-Шевченко әлеуметтік экономикалық ахуал жақсарайды, экономиканың күйзелуін жеңетін болады, жұмыссыздық деңгейі азаяды және халықтың жақсы тұрмысы артады.

Табыс саясаты. 2003-2005 жылдарға арналған болжам бойынша орташа айлық нақты жалақысы еңбекақының өнеркәсіпте 71536 теңгеге дейін (123,1%), құрылыста 49023 теңге (124,8%), көлік пен байланыста 74517 теңгеге дейін (122,2%) өсуі есебінен 51429 теңгеге дейін (2003 жылы 127,2%) артады. Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 4 сәуірдегі Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес бюджет саласы қызметкерлерінің орташа айлық жалақысы 2004 жылы орташа 20% ұлғаятын болады, мемлекеттік қызметкерлердікі орташа 50% өседі.

Өскеніне қарамастан жалақының жоғары емес деңгейі білім беруде - 20346 теңге (облыс бойынша жалақының орташа деңгейінен 39,6%), денсаулық сақтауда 18384 теңге (35,7%), ауыл шаруашылығында 14133 теңге (27,5%), балық шаруашылығында 15611 теңге (30,3%) болып қалады.

2006 жылға жұмысшылар санының артуы нәтижесінде, еңбек ақыны есептеу үшін қабылданған, 2003 жылмен алыстырғанда 12,8%, сондай-ақ орташа айлық жалақының, еңбек ақы қорының өсуі 69,7 млрд. теңгеге дейін өседі (2003 жылға 143,4%).

11 тарау. Кедейшіліктің азаюы және әлеуметтік қорғау.

1. Талдау: 2002-2003 жылдары

Соңғы жылдары облыс экономикасында өсімге тұрақты беталыс қалыптасты, бұл өмір сүру деңгейін арттыруға мүмкіндік туғызуы тиіс. Сонымен қатар, біздің облыс ең төменгі күнкөріс деңгейінде Республика бойынша ең жоғарылардың бірі болып табылады (орташа республикалық көрсеткіштен орташа 35% жоғары). 2002 жылы ең төменгі күнкөріс деңгейі 2001 жылмен салыстырғанда 9,1% көбейді және 6597 теңге құрады, бұл негізгі тамақ өнімдері мен ақылы қызметке инфляцияның өсуімен түсіндіріледі.

Қалыптасқан ахуал аймақта кедейшіліктің жеткілікті жоғары деңгейін, негізінен ауылдық жерлерде, сақтап тұр.

Тұрғын халықтың кедейшілік деңгейінің жоғары көрсеткіші ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табысы бар халықтың үлесі болып табылады, яғни 2002 жылдың 4 тоқсанындағы статистикалық деректер бойынша 38,7% құрады (орташа республикалық көрсеткіштен 60,3% пунктке көп), оның ішінде қалалық жерлерде 35,6%, ауылдық жерлерде 74,4%.

Ауылдық жерлердегі кедейшіліктің жоғары деңгейі селолық аудандарға өнеркәсіптің болмауымен, арнаулы климаттық жағдайдан ауыл шаруашылығы өндірісінің жеткіліксіз дамуымен және тиісінше жұмыс орындарының жетіспеуімен, тұрғын халықтың төмен табысымен және дербес жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету үшін әлсіз мүмкіндіктермен байланысты.

Алайда, статистика органдарымен белгіленген ауылдық жерлердегі кедейліктің жоғары үлесі (95,5%), сондай-ақ статистикада кедейлікті анықтау әдісінің жетілдірілмеуімен түсіндіріледі, яғни ауылдық жерлерде ұсынушы көпшілік тұрғындардың жеке ауласында өздерінің тұтынуына және облыс базарларында сату үшін бағытталған малдары бар, бұл отбасыны тамақ өнімдерімен және халық тұтынатын тауарлармен қамтамасыз етуге мүмкіндік жасайды.

Ең төменгі күнкөріс деңгейінің артуы кедейліктегі мөлшерінің артуына және тиісінше кедей азаматтар санының өсуіне мүмкіндік туғызады. 2002 жылы кедейшілік шегі 2536 теңге құрады (ең төменгі күнкөріс деңгейінен 40%), кедейшілік шегінен төмен тұратындар саны 28,2 мың адам (2001 жылға 76,0%).

Аз қамтылған азаматтар санының айтарлықтай азаюы аз қамтылғандарды әлеуметтік қорғау және жұмыссыздарды жұмыспен қамтуға жәрдесу бойынша шараларды іске асыру есебінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы еңбек және әлеуметтік қорғау Министрлігімен бекітілген отбасы табысын анықтаудың жаңа әдісін пайдалану есебінен келді. Отбасының дербес жұмыспен қамтылған мүшелерінің табысын тиянақты зерттеу, көмекке үміткер азаматтардың мал басын бағалау жүргізіледі, барлық көрсетілген демеушілік және қайырымдылық көмек түрлерін отбасы табысына қосу тәжірибесі қолданылды. Нәтижесінде, аз қамтылғандар

санатына жататын отбасы сандарында жан басының табысы кедейшілік шегінен асатын отбасылар анықталды және тиісінше олар бұл санаттан шығарылды.

Орташа атаулы әлеуметтік көмекті 2002 жылы 23,6 мың аз қамтылғандар (2001 жылға 84,0%) , тұрғын үй көмегін 2,9 мың адам (59,2%) алды, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмектің орташа айлық мөлшері 1542 теңге (2001 жылға 179,3%), тұрғын үй 2130 теңге (2001 жылға 87,7%) құрады.

2002 жылы жергілікті бюджеттен тұрғын үй және атаулы әлеуметтік көмекке 510,1 млн. теңге (2001 жылға 176,1%), оның ішінде атаулы әлеуметтік көмекке 437,2 млн. теңге (2001 жылға 2,4 есе), тұрғын үй 72,9 млн. теңге (2001 жылға 51,1%) жолданды.

Тұрғын үй көмегін алушылар континенті мен оған шығынның тез азаюы 2002 жылы көптеген аз қамтылған отбасылардың жергілікті бюджет қаражаты есебінен сумен электр энергиясына есептеу құралыс орнатумен түсіндіріледі.

2003 жылдың соңында ең төменгі күнкөріс деңгейі 6712 теңгеге дейін (2001 жылға 105,8%) көтерілді.

Алайда, кедейшілік шертінен төмен тұратын азаматтар саны жаңа жұмыс орындарының құрылуы және тиісінше жұмысқа орналасқан және дербес жұмыспен қамтылған азаматтар санының артуымен, облыста экономикалық ахуалдың жақсаруы есебінен 22,3 мың адамға дейін (2002 жылға 79,1%) қысқарады.

Аз қамтылған азаматтардың табысының артуына, кейбір дәрежеде отбасының жиынтық табысының кіруі, ағымдағы жылы енгізілген бала туғандағы біржолғы төлем және енгізілуі қаралып жатырған кейінгі жылдардағы 12 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға жәрдем әсер етеді.

Ағымдағы жылы барлық аз қамтылғандарды әлеуметтік көмекпен толық қамту бойынша шаралар қабылданатын болады, нәтижесінде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар саны 22,3 мың адам, тұрғын үй алушылар саны 3,0 мың адам құрайды.

Ең төменгі күнкөріс минимумы мен коммуналдық қызмет (газ, электр энергиясы, су) тарифінің өсуіне байланысты атаулы көмектің орташа мөлшері 1616 теңгеге дейін (2002 жылы 104,8%), тұрғын үй көмегінің орташа айлық мөлшері 2322 теңгеге дейін (109%) көбейеді.

Нақтыланған бюджет бойынша 2003 жылы тұрғын үй және атаулы әлеуметтік көмекке 487,0 млн. теңге, оның ішінде атаулы әлеуметтік көмекке 403,4 млн. теңге, тұрғын үй 83,6 млн. теңге, жолданатын болады.

2002 жылы зейнеткерлер саны 22,1 мың адам, мемлекеттік әлеуметтік жәрдем алатындар 14,2 мың адам (2001 жылы 105,2%) құрады. Арнаулы мемлекеттік әлеуметтік жәрдем алушылар 21,8 мың адам, оның ішінде республикалық бюджет бойынша 1,8 мың адам, жергілікті бюджет бойынша 20,0 мың адам құрады.

Зейнетақы мөлшерін қайта қараумен байланысты оның орташа айлық мөлшері 2002 жылы 2001 жылмен салыстырғанда 12,2% көбейеді және 6664 теңге құрады, мемлекеттік әлеуметтік жәрдем 5,6% (4395 теңге) республикалық бюджеттен арнаулы

мемлекеттік жәрдем 4,2% (2952 теңге). Зейнетақы төлеуге республикалық бюджет шығыны 1783,2 млн. теңгеге дейін (2001 жылы 109,1%) мемлекеттік әлеуметтік жәрдем төлеуге 758,1 млн. теңгеге дейін (112,2%) көбейді.

Халықтың неғұрлым әлеуметтік мүжәлсіз тобын әлеуметтік қорғау мақсатында 2002 жылы атаулы әлеуметтік көмектен басқа, әртүрлі көздерден 14,8 мың аз қамтылған азаматтарға қосымша 23,3 млн. теңге сомасында көмек көрсетілді, оның ішінде жергілікті бюджеттен 9,4 млн. теңге, кәсіпорындар мен ұйымдардан 13,6 млн. теңге, демеушілік қызмет есебінен 0,3 млн. теңге.

Зейнетақы алушылар саны 2003 жылы Қазақстан Республикасының "Зейнетақымен қамтамасыз ету туралы" Заңына өзгерістер енгізілуіне сәйкес қалалық жерлерде 53 жастан (5-тен көп балалы) әйелдерге зейнетақы ұсыну есебінен 23,2 мың адамға дейін (2002 жылы 104,7%) өседі. Мемлекеттік әлеуметтік жәрдем алушылар саны 15,8 мың адамға дейін (2002 жылы 111,3%), жергілікті бюджеттен арнаулы мемлекеттік жәрдем алушылар 20,5 мың адамға дейін (102,5%) артады. Республикалық бюджет бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдем алушылар континенті бұрынғы деңгейде қалады.

Зейнетақы төлеуге республикалық бюджет шығысы 2116 млн. теңге (2002 жылы 118,6%), мемлекеттік арнаулы жәрдемақы төлеуге 882,0 (116,3%) құрайды. Зейнетақының орташа жылдық мөлшері 7600 теңгеге дейін (114,0%), мемлекеттік әлеуметтік жәрдем 4600 теңгеге дейін (104,7%), арнаулы мемлекеттік жәрдем 3200 теңгеге дейін (108,4%) өседі.

Халықты әлеуметтік қолдау мақсатында 2003 жылдан бала туғанда біржолғы мемлекеттік жәрдем енгізілді, ағымдағы жылы алушылар саны 7,65 мы адам құрайды, біржолғы жәрдем мөлшері 13080 теңге, оны төлеуге Республикалық бюджет шығысы 100,0 млн. теңге.

Халықты әлеуметтік қолдауда сақтандыру маңызды рөл атқарады. Облыста жыл сайын сақтандыру компаниялары мен республикалық сақтандыру ұйымдарының филиалдары, өкілдері, агенттік пункттер жүйелері кеңейіп келеді. Облыста бүгінде сақтандыру компанияларының 9 филиалы, 1 өкілдігі және 2 агенттік пункті өз қызметтерін жүзеге асырады, 9 зейнетақы жинақтау қоры мен филиалдарын жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 11.05.1999 жылғы - 561 қаулысына сәйкес Бейнеу ауданы күйзелген болып белгіленді. Ауданды әлеуметтік экономикалық жақсарту жөнінде айтарлықтай жұмыстар жүргізілді, жұмыссыздық деңгейі 199 жылғы 30,7%-дан 2002 жылы 4,2%-ға дейін қысқарды, әлеуметтік төлем бойынша берешектер жойылды.

Соңғы жылдары ауданда өнеркәсіп дамуын алды, тас өндіру жөніндегі карьерлер жұмысын жаналады, көптеген шетелдік компаниялар жұмысын жүргізе бастады, бұл салық салынатын базалардың артуына әкелді. 2002 жылы бюджеттің орындалысы 109,5% құрады. Аудан субвенциялық аудандар санынан шығарылды.

Қолданылған шараларға қарамастан, бірқатар проблемалар сол күйінде қалып отыр:

- ауылдық жерлерде кедейшілік деңгейінің жоғары болуы;
- аз қамтылған азаматтар үшін атаулы әлеуметтік көмек мөлшері, зейнетақы мен жәрдемақы мөлшері, қоғамдық жұмыстарға ақы төлеу мөлшері бүгінде нақтылай ең төменгі күнкөріс деңгейі мен халықтың кедей топтары үшін қажетті өмір сүру деңгейіне сәйкесті қамтамасыз ете алмайды;
- аз қамтылған азаматтардың есепке алу жүйесінің жеткіліксіз дамуы;
- жұмысқа орналасқан тұрғындардың жинақтаушы зейнетақы жүйесіне толық тартылмауы.

2. Келешегі: 2004-2006 жылдары.

Мақсаттары мен міндеттері

Облыста кедейшілікті азайту мен халықты әлеуметтік қорғаудың негізгі мақсаты экономиканың өсуін қамтамасыз ету, тұрғындардың жұмыспен қамтылуын көтеру, табысын арттыру, азаматтардың өмір сүру деңгейін жақсарту есебінен халықтың кедейленуін қысқарту болып табылады.

Көрсетілген мақсатқа жету үшін мынадай міндеттерді шешу қарастырылады:

- қосымша жұмыс орнын ашу, қоғамдық жұмыстар ұйымдастыру, кәсіптік оқу және жұмыссыздарды қайта даярлау есебінен жұмыспен қамтылуға белсенді жәрдемдесу;
- шағын кәсіпкерліктің дамуы үшін қолайлы жағдай құру;
- денсаулық сақтау мен білім беру секторларында мемлекеттік қызметтің, кедейшілік пен халықтың мүжілсіз топтарының мүддесіне атауы әлеуметтік көмектің тиімділігі мен қол жетімділігін арттыру;
- тұрғындардың өздерін және мемлекеттік емес секторларды тарта отырып, кедейшілікті азайтуда мемлекеттік басқару тиімділігін арттыру.

Алға қойылған мақсаттарға жету және міндеттерді шешу жолдары.

2003 жылдан облыста облыстық мәслихаттың 20.12.2002 ж. 23/241 шешімімен бекітілген Маңғыстау облысының едейшілікті азайту жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған Аймақтық бағдарламасы іске асырылуда. Тұрғындардың аз қамтылған тобын жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саясатын іске асырудан басқа, бағдарлама халықтың кедейшілік деңгейіне әсер ететін ілеспе факторлар кешенін экология, денсаулық сақтау және білім беру жүйесінің жағдайы, халықтың тұрғын үймен және коммуналдық қызметтермен ауыз сумен, жолдармен, көлікпен және байланыс қызметтерімен қамтамасыз етілуі.

Кедейшілікті қысқарту бойынша мақсатты топтарда мынадай шаралар қарастырылады:

- оқымайтын және жұмыс істемейтін жастар жұмысқа орналасуын анықтау және жәрдемдесу, кәсіби даярлық және қайта даярлау курсы ұйымдастыру;
- ұзақ уақыт жұмыссыздар - әлеуметтік бейімделу, қоғамдық жұмыстарға кәсіби даярлау, кәсіпкерліктің оқуын ұйымдастыру жолымен әлеуметтік қорғау жүйесін

кеңейту; мүгедектер олардың еңбек қызметіне тарту үшін жағдай жасау, мүгедектерді сауықтырудың 2002-2005 жылдарға арналған аймақтық бағдарламасын іске асыру; маргиналдық топтар нақты тұрғылықты жері жоқ тұлғалар үшін әлеуметтік бейімделу Орталығы қызметін жетілдіру.

Жергілікті бюджет қаражатынан әлеуметтік көмек халықтың неғұрлым қорғалмаған тобына көрсетілетін болады. Әлеуметтік көмек еңбекке қабілетті тұрғындарға, сонымен қатар қоғамдық жұмыстарды қайта оқу бағдарламасын қаржыландыру және жұмысқа орналасуға жәрдемдесу арқылы көрсетілетін болады.

Демографиялық және көші-қон факторының, аймақтық және экологиялық факторлардың халықтың кедейленуіне, оның ішінде ауылдық жерлер бойынша күйзелген экономикалы аудандарды, шағын қалаларда кедейшілікті азайту, әсерін жеңілдету; денсаулық сақтау, білім беру қызметіне қол жетілімін жақсарту, инфрақұрылым қызметінен тұрғындарды қамтамасыз етуді жақсарту бойынша шаралар қарастырылады.

Алдағы жылдары аз қамтылған отбасылардың әлеуметтік қолдаудың тұрғындардың әлеуметтік-мүжәлсіз топтарын қорғаудың әртүрлі қосымша нысандарын көрсету бойынша шаралар жалғасатын болады. Әлеуметтік сақтандыру жүйесі болашақта дамуын алады, әлеуметтік сақтандыруға бұрындары алынып тасталынғанды енгізу жоспарланады.

Ауылдық жерлерде аз қамтамасыз етілген тұрғын халық үлесін азайту мақсатымен кедейшілікті азайту жөнінде бағдарламада ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдау бойынша нақты іс-шаралар қарастырылған: жаңадан құрылған "Маңғытауагросервис" МҚК арқылы несиелендіру көлемін арттыру, муниципалды базарлар желілерін дамыту, ауыл шаруашылығы техникалары лизингін кеңейту, дәстүрлі қолөнер мен майдагерлік кәсіпшілікті дамыту үшін жағдай жасау қарастырылуда.

Сонымен қатар, ауыл экономикасын көтеру мақсатымен облыста жұмыспен қамтылуды арттыру, ауыл шаруашылығын дамыту, қайта өңдеу өндірісін құру және экономикалық кеңейту есебінен ауыл тұрғындарының табысын арттыру, сондай-ақ ауылда өмір сүрудің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту қарастырылған 2003-2005 жылдарға арналған Аймақтық азық-түлік бағдарламасы мен ауыл аумақтарын дамытудың 2004-2010 жыдарға арналған Аймақтық бағдарламасы әзірленді.

Күйзелген экономикалы аудандарға көмек көрсету жоспарында, Бейнеу ауданының жағдайы жақсарғанына қарамастан, оның дамуы жөніндегі жұмыстар жалғасатын болады, яғни сумен қамту мектептерде оқушы орындарымен, бүгінде (облыс бойынша ең азы 73,4%), ауру төсектерімен (10 мың адамға 5 орташа облыстағы 55,0 орнына 65,0) қамтамасыз етілу, дәрігерлермен қамтамасыз етілуі (10 мың адамға орташа облыстық 21,8 орнына 35,9), автомобиль жолдарының жағдайы проблемалары қалады.

2004-2006 жылдары жергілікті бюджет қаражаты есебінен Бейнеу селосында 400 млн. теңге сомасына 2 жаңа мектеп құрылысын, Қаракұм селосында 25,0 млн. теңге

сомасына мектепке қосымша құрылыс. 5 ауылдық елді мекендегі мектептерге 83,0 млн. теңге сомасына спорт зал құрылысын салу қарастырылады.

Халықтың жұмыспен қамтылуын арттыру және кедейшілікті азайту мақсатында Ақжігіт селосында муниципалды базар құрылысын салу, Бейнеу селосында жүн жуу жөніндегі шағын желі құрылысын салу және жаңа жұмыс орындарын ашу бойынша басқа да жобаларды іске асыру жоспарлануда.

Елді мекендерді сумен қамтуды жақсарту үшін ауыз суын тазалау бойынша модульдік қондырғылар құрылысын салу, сумен қамтудың кентшілік объектілерін күрделі жөндеу және құрылысын салу.

Болжанатын нәтижелер

2004-2006 жылдарға арналған болжам бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейі тұтыну бағысының инексінің өсуіне сәйкес жыл сайын артады және 2004 жылы 7075 теңге, 2006 жылы 7787 теңге құрайды. Кедейшілік шегінің төменгі күнкөріс деңгейінің 40% мөлшерінде анықталатын болады, тиісінше 2004 жылы 2830 теңгеге дейін (2003 жылы 105,4%), 2006 жылы 3115 теңгеге дейін (2003 жылы 116%) өседі.

Кедейшілік деңгейін азайту жөніндегі 2004-2006 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес кедейшілік шегінен төмен тұртын азаматтар саны 2004 жылы 19,1 мың адамға дейін (2003 жылы 85,7%), 2006 жылы 16,0 мың адамға дейін (71,7%) қысқарады.

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті алушылардың күтілетін контингенті тиісінше 2003 жылмен салыстырғанда 28,3% азаяды және 2006 жылғы 16,0 мың адамды құрайды. 2004-2005 жылдары кедейшілік шегінің өсуімен атаулы әлеуметтік көмектің орташа айлық мөлшерін 2176 теңгеге дейін (2003 жылға 134,6%) арттыру жоспарлануда. Бірақ әлеуметтік төлемдер нақты ең төменгі күнкөріс деңгейін қамтамасыз ете алмайды, болашақта халықтың жұмыспен қамтылуын арттыруға, азаматтардың орташа жанбасы табысын арттыруға тірек жасалатын болады. Осыған сәйкес, болашақта, 2006 жылы атаулы әлеуметтік көмектің орташа мөлшерін бірте-бірте азайту белгіленуде (2005 жылмен салыстырғанда 1,3% - 2148 теңге). Жұмыспен қамтудың Аймақтық бағдарламасын іске асыру, азаматтардың жақсы тұрмысының өсуі, отбасының жиынтық ақшалай табысының артуы коммуналдық қызметке тарифтің жыл сайын өсуіне қарамастан, тұрғын үй көмегін алушылар контингенті 2006 жылы 2,9 мың адамға дейін (2003 жылы 96,7%) азаюына ықпал ететін болады. Тұрғын үй көмегінің орташа айлық мөлшері 2004 жылы 1863 теңгеге дейін (2003 жылы 80,2%), 2006 жылы 1740 теңгеге дейін (2003 жылы 74,9%) төмендейді.

Көмекті алушылар контингенті мен орташа мөлшерінің азаюы нәтижесінде тұрғын үй және атаулы әлеуметтік көмекке жергілікті бюджет шығыны 2006 жылы 2003 жылмен салыстырғанда 18,8%-ға, 395,6 млн. теңгеге дейін, тұрғын үй көмегі 27,6%-ға, 60,5 млн. теңгеге дейін, азаяды.

Зейнеткерлер саны 2006 жылы 2003 жылмен салыстырғанда 12,9% артады және 26,2 мың адам құрайды. Мемлекеттік әлеуметтік жәрдем алушылар саны негізінен мүгедектік бойынша алушылар санының өсуі есебінен 20,5 мың адамға дейін (2003 жылы 129,7%) артады деп күтіледі, бұл халықтың сырқаттану жоғары деңгейі мен және асыраушысынан айырылған жағдайына байланысты. Республикалық бюджет бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдем алушылар контингенті 1,7 мың адамға дейін (2003 жылы 91,4%) қысқарады. Алайда, жергілікті бюджет бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдем алушылар саны 24,5 мың адамға дейін (2003 жылға 119,5%) артады.

Кейінгі жылдары ең төменгі күнкөріс деңгейінің өсуі зейнетақының орташа айлық мөлшерінің 2006 жылы 11500 теңгеге дейін едәуір өсуін қажет етеді (2003 жылға 151,3%). Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемнің орташа айлық мөлшерін 2006 жылы 5700 теңгеге дейін (2003 жылы 123,9%), республикалық бюджеттен арнаулы мемлекеттік жәрдем 3800 теңгеге дейін (118,8%) артады.

Зейнетақы төлеуге республикалық бюджет шығысы 2006 жылы 2003 жылмен салыстырғанда 71,9% өседі және 3615,6 млн. теңге, мемлекеттік әлеуметтік жәрдем төлеуге 60,1% (1412,2 млн. теңге) құрайды. Контингент пен орташа мөлшерінің өсуіне сәйкес жергілікті бюджеттен арнаулы мемлекеттік жәрдемді қаржыландыру көлемі 40,1% артады және 467,4 млн. теңге құрайды.

Бала туудың жыл сайын өсуімен байланысты бала тууға біржолғы мемлекеттік жәрдем алушылар саны 206 жылы 10,0 мың адамға дейін (2003 жылы - 131,1%), зейнетақы мөлшері 15450 теңгеге дейін (118,1%), зейнетақы төлеуге республикалық бюджет шығысы - 155,1 млн. теңге (155,1%) өседі.

Ауылда жұмыспен қамталу артады және кедейшілік азаяды, ауыл тұрғындарының өмір сүруді еңгейі, білім беру, денсаулық сақтау, инфрақұрылым қызметтеріне қол жетімділігі елеулі өседі.

Бейнеу ауданының әлеуметтік-экономикалық жағдайы жақсарады, мектептерде оқушы орындарымен, медицина ұйымдарында дәрілермен қамтамасыз етілуі өседі. Ауыл шаруашылығы өндірушілерінің ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу базарларына қолының жетуі артады, жоғарыда көрсетілген жобаларды іске асыру есебінен кемінде 50 жұмыс орны ашылады. Шағын кәсіпкерлік болашақта дамуын алады, бұл сондай-ақ халықтың жұмыспен қамтудың өсуіне ықпал етеді.

12 тарау. Білім беру.

12.1. Талдау: 2002-2003 жылдары

2002 жылы білім беру жүйесін дамытуға жергілікті бюджеттен 3561 млн. теңге бөлінді. "Маңғыстау облысы бойынша 2001-2005 жылдарға арналған білім бері жүйесін дамытудың Аймақтық бағдарламасын" іске асыру жөніндегі іс-шаралар жүргізілді.

Мектепке дейінгі тәрбие және оқу. 2002 жылы мектепке дейінгі балалар ұйымы Қарақия ауданы Құрық селосында 35 орындық санаториялық балалар бақшасын ашу

есебінен 1 бірлікке ұлғайды. МБҰ саны облыс бойынша 2002 жылдың соңында 30 бірлікті, оның ішінде 26 мемлекеттік қазыналық кәсіпорын, 3 мемлекеттік мекеме, 1 ведомствалық балалар бақшасы.

Балалар бақшасындағы балалар саны 2001 жылғы 6,3 мың адамнан 2002 жылы 6,7 мың адамға дейін өсті. МБҰ атқарылатын жұмыстар мен көрсетілген қызметтер көлемі өткен жылы 349,5 млн. теңге (2001 жылы 105,7%), оның ішінде бюджет қаражаты есебінен 213,5 млн. теңге (85,5%) құрады.

Бүгінде 5-6 жастағы балалар саны 13,1 мың адамды құрайды, одан мектеп алды дайындықпен қамтуға 5,5 мың бала (253 топтармен сыныптарға), оның ішінде 26 мектепке дейінгі ұйымдарда 3,2 мың бала (121 топ), 62 жалпы білім беретін мектеп базасында 2,3 мың бала (131 топ) қамтылды.

Жалпы орта білім беру . 2002 жылы жалпы орта білім беру ұйымдарының желісі 2 бірлікке өсті. Қиын мінезді балалар үшін 100 орынды мектеп-интернат пайдалануға берілді, Бейнеу ауданы селосында 300 орынды бастауыш мектеп ашылды.

Қазіргі уақытта облыс бойынша 109 жалпы орта білім беретін ұйымдар, соның ішінде 100 күндізгі жалпы білім беретін мектеп, 5 арнайы түзету ұйымдары, 4 кешкі мектеп пен қиын мінезді балалар үшін арнайы кәсіптік мектеп жұмыс істейді. Жыл сайын оқушылар саны табиғи өсім мен ТМД көрші елдері мен Ираннан қоныс аударып келген көп балалы отбасылардың көбеюі есебінен 3-4 мың адамға ұлғаяды. Мемлекеттік жалпы орта білім беретін ұйымдардағы оқушылар саны 2001 жылғы 83,1 мың адамнан 2002 жылы 87,5 мың адамға ұлғаяды.

2000-2002 жылдары мектептердің, оның ішінде ауылдық жерлердегі, материалдық-техникалық базасы мен оқулықтармен қамтылуы айтарлықтай жақсарды. Жалпы орта білім беретін ұйымдармен атқарылған жұмыстар мен көрсетілген қызмет көлемі 2002 жылы 2474,3 млн. теңге (2001 жылы 109,2%), оның ішінде жергілікті бюджет қаражаты есебінен 2361,5 млн. теңге (104,2%) құрады.

Мектебі жоқ ауылдық елді мекендердегі балаларды жеткізу тұрақты жүзеге асырылуа. Облыс мектептерінде тегін ыссы тамақпен аз қамтамасыз етілген отбасылардың 10,1 мың баласы қамтылды (98,2%).

Облыс мектептерінде жыл сайын Жаппай оқу қорына қаражат бөлінеді, 2002 жылы 54,3 млн. теңге, оның ішінде ауылдық мектептерге 9,4 млн. теңге бөлінді, бұл мектептерді ұстау шығынының тиісінше 3,3 және 1,7% құрады.

2003 жылы Жаңаөзен қаласының "Рахат" шағын ауданында, яғни жылына қоныстанушы оралман отбасыларының саны өсіп келетін және тиісінше мектеп жасындағы балалар санының ұлғаятын, құны 331,9 млн. теңге 850 орындық жаңа типтік мектептің құрылысы басталды. Бұл мақсатқа ағымдағы жылы жергілікті бюджеттен 220,0 млн. теңге бөлінді, 2004 жылға 111,9 млн. теңге қаралды.

Бастауыш және орта кәсіптік білім беру . Бастауыш және орта кәсіптік білім беру желісі 2002 жылы өзгеріссіз қалды:

5 мемлекеттік кәсіптік мектеп пен 6 мемлекеттік колледж. Кәсіптік мектептерде оқытындар саны 1,4 мың адамға дейін (2001 жылға 87,5%) азаяды, ал мемлекеттік колледждерде керісінше 5,2 мың адамға дейін (2001 жылға 106,1%) өсті. Мемлекеттік кәсіптік мектептерде 22 жұмысшы мамандығы бойынша, колледждерде 42 мамандық бойынша оқыту жүргізілді.

2003 жылы кәсіптік мектеп желісі ғимараты өткен жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 01.03.2001 жылғы 314 қаулысына және облыс әкімінің 19.04.2001 жылғы 87 шешіміне сәйкес әскери-теңіз училищесіне берілген 2 КМ жабылуы есебінен бір бірлікке азайды.

Мемлекеттік колледждер желісі 2003 жылы Ш.Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университеті жанынан жаңа мемлекеттік колледж ашу есебінен 1 бірлікке артты, мемлекеттік колледждерде оқытындар саны 6,0 мың адамға өсті.

Жоғары кәсіптік білім беру . Облыста 1 мемлекеттік және 1 жеке оқу орны, 2 республикалық жоғары оқу орнының филиалы мен 3 жеке жоғары оқу орнында оқытындар саны 2002 жылы 12,9 мың адам, жекеде 3,7 мың адам құрады, 2003 жылы бағалау бойынша тиісінше 13,8 мың адам және 4,2 мың адам құрайды.

Жоғары оқу орындарындағы оқытушы құрамының жалпы санынан ғылым докторлары 5,8%, ғылым кандидаттары 26%, профессорлар 6,4%, доценттер 17% құрайды.

Жоғары кәсіптік білім беру ұйымдарымен атқарылатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемінің жергілікті бюджет есебінен ағымдағы жылы 108,3 мл. дейін (2002 жылға 104,9%) өсу жоспарлануда.

"Жоғары оқу орындарынан" кейінгі білім беру. Жоғары оқу орнынан кейін білім алу үшін Ш.Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университетінде, магистратура, даярлаудың жекелеген бағыттары бойынша аспирантура жұмыс жасайды. Даярлаудың басқа бағыттары бойынша аспирантурада немесе докторантурада оқу үшін тілек білдірушілер аймақтан тысқары республика мен ТМД елдерінің оқу орындарына баруына тура келеді.

Білім беруге жеке секторлардың қатынасуы. Облыста білім берудің жеке секторы да дамып келеді. Қазіргі уақытта облыс бойынша жалпы оқушы саны 0,9 мың адамдық жалпы орта білім беретін 8 жеке мектеп жұмыс жасайды. 2003 жылы тағы бір жеке колледж "Лингви" шетел тілдері мен аударма колледжі ашылды, енді орта кәсіптік білім беру жүйесінде 2,1 мың адам оқушысымен 5 жеке колледж жұмыс істейді. Әйтсе де, облыста жеке балалар бақшасы жоқ, алайда 2 мемлекеттік емес мектеп балабақша кешенінде мектепке дейінгі тәрбие ісін ұйымдастырылды.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру . Білім беруді дамытуда, оқыту сапасын арттыруда жаңа ақпараттық технологияларды енгізу маңызды рөл алады. Бүгінде барлық жалпы білім беретін мектептер мен білім беру мекемелері жаңа буын компьютерлермен толықтай жарақтандырылған.

"Интернет-мектептерге" салалық ведомствоаралық бағдарламасына сәйкес мектептерді Интернет жүйесіне кезеңмен қосу үдерісін жүзеге асыру жалғасады.

Қазіргі уақытта жоғарыда айтылған бағдарлама шегінде Интернет желісіне облыстың 81 мектебі қосылды. "Ғылыми-техникалық оқытудың аймақтық орталығы" МҚК базасында 159 информатика мұғалімі 4 кезеңді курстық дайындықтан өтті.

Білім беру жүйесіндегі проблемалар:

- мектепке дейінгі балалар ұйымдарындағы әлсіз қамтамасыз етілуі;
- жалпы білім беретін мектептердің артық тығыздығы;
- ауылдық мектептердің әлсіз материалдық базасы;
- кәсіптік мектептер мен колледждер орта буын жұмысшы кадрлары мен мамандарын даярлауда бюджеттік қаржыландырылғандырудың жеткіліксіздігі.

2. Келешегі: 2004-2006 жылдары.

Мақсаттары мен міндеттері

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқу саласында

2004-2006 жылдары мектепке дейінгі тәрбие мен оқу жүйесінде мектепке дейінгі жастағы балалардың мектепке дейінгі тәрбиемен қамтылуын арттыру, міндетті және басты мақсаты болып табылады.

Мектепке дейінгі тәрбие саласындағы негізгі міндеттер болып анықталғандары:

- мектепке дейінгі ұйымдар желісін кеңейту;
- мектепке дейінгі ұйымдардың материалдық-техникалық базасын дамыту және нығайту;
- мектепке дейінгі педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру.

Жалпы орта білім беру . Жалпы орта білім беру жүйесінде тұрғын халықтың кепілдікті орта білім алуын, мектеп жасындағы балалардың жаппай міндетті орта біліммен толық қамтылуын, оқу сапасын арттыруды қамтамасыз ету басты мақсаты болып табылады.

Мынадай негізгі міндеттерді шешу қарастырылады:

- тұрғын халықтың барлық тобының жалпы орта білімге қол жетімділігін қамтамасыз ету;
- жалпы білім беру желісін кепілдікті нормативке дейін жеткізу;
- күндізгі жалпы білім беретін мектеп құрылысын салу және желілерін кеңейту;
- жалпы орта білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық және оқу-материалдық базаларын нығайту.

Бастауыш және орта кәсіптік білім беру. Бастауыш және орта кәсіптік білім беру жүйесінің негізгі мақсаты қоғамның, жеке басының және жекелеген әлеуметтік топтардың қажетсінуі есебімен рыноктық экономика талаптарына сәйкес бәсекеге қабілетті білікті жұмысшылар мен мамандар даярлау болып табылады.

Бастауыш және орта кәсіптік білім беру жүйесінің міндеттері болып табылатындар:

- жас азаматтардың ерте кәсіптік даярлық, жалпы орта білімді нарядын алу;

- негізгі мектеп бітірушілердің (9 сыныпты) басым көпшілігінің кәсіптік мектептерде (лицейлерде) және колледждерде жалғастыру мүмкіндіктерін қамтамасыз ету;

- еңбек рыногында талап ететін, оның ішінде шағын бизнес саласында да, жоғары разрядты, класты және санатты білікті жұмысшылар мен мамандар даярлауды жүзеге асыру;

Жоғарғы кәсіптік білім беру . Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру жүйесінің негізгі мақсаты оның ғаламдану, әлемде білім беру кеңестігіне кіру есебімен рыноктың экономика жағдайында оның сапалы қайта құрылуын қамтамасыз ету болып табылады.

Алға қойылған мақсаттарға жету үшін мына міндеттерді шешу қарастырылады:

- білікті кадрларына облыс экономикасының қажеттілігіне сәйкес мамандар даярлау ;

- қазіргі заманғы технология бойынша жұмыс істейтін кәсіпорындар базасында студенттердің өндірістік тәжірибеден өтуі мен зертханалық және тәжірибелік оқулар, оқу ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру мәселелерін шешу;

- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімді мамандар даярлау құрылымы мен сапасын жетілдіру.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру . Білім беру жүйесін ақпараттандырудың негізгі мақсаты білім берудің барлық деңгейіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу, сондай-ақ әлемнің білім беру кеңістігіндегі интеграция арқылы білім беру сапасын арттыру болып табылады.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру міндеттері болып табылатындар:

- білім беру жүйесінің ақпараттық-коммуникациялық желісін құру.

Алға қойылған мақсаттарға жету және міндеттерді шешу жолдары.

Мектепке дейінгі тәрбие және оқу. Жаңа мектепке дейінгі ұйымдарды қалпына келтіру мен ашу, оның ішінде ауылда, олардың материалдық базасын нығайту бойынша шаралар қабылданатын болады. Соңғы жылдары МБҰ балалар контингентінің өсу қарқыны, негізінен Ақтау қаласы мен Жаңаөзен қаласы, байқалады, бұл жаңа ұйымдар ашуды қажет етеді.

Жергілікті бюджет қаражаты есебінен қарастырылатындар:

2004 жылы Ақтау қаласында 220 орындық балалар бақшасын және Қарақия ауданы Жетібай кентінде 50 орындық балалар бақшасын қалпына келтіру, 2005 жылы Жаңаөзен қаласында 140 орынды МБҰ ашу және Қарақия ауданы Сенек селосында 50 орынды балалар бақшасын қалпына келтіру, 2006 жылы Ақтау қаласында 220 орынды тағы бір МБҰ ашу. Маңызды назар сапалы мектепке дейінгі білім беру бағдарламасына балалардың қол жетілімін, мектепке дейінгі ұйымдар базасында баллдықпен мектепалды даярлауды ұйымдастыруды қамтамасыз етуге бөлінетін болады. Барлық ашылатын балалар бақшасында мектепалды даярлық ұйымдастырылатын болады.

Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін көтеру институты базасында курстық даярлық пен қайта даярлаудан өтуі қамтамасыз етілетін болады.

Жалпы орта білім беру . Айырықша назар ауылдық мектептерге бөлінетін болады. " Ауыл мектебі" Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар Жоспары іске асырылатын болады, бұл ауылдық білім беру ұйымдарының жұмысын жақсартуды олардың орнықты дамуын, материалдық-техникалық базасын нығайтуды, сондай-ақ кадр әлеуетін қамтамасыз етеді.

Бүгінде облыс бойынша оқушы орындарымен қамтамасыз етілуі 86,4% құрайтынын есепке алсақ, мектеп желілерін кеңейту негізінен Ақтау қаласы мен Жаңаөзен қаласы және кепілдікті нормативтерге сәйкес ауылдық елді мекендерде жаңа мектеп ашу бойынша шаралар қабылданатын болады.

2004-2006 жылдары барлығы жалпы орта білім беретін мектептер желісін 6 бірлікке ұлғайту жоспарлануда.

Білім беру ұйымдары үшін жаңа мектептер құрылысын салу және ашу есебінен қазіргі заманғы типтік ғимараттар санын өсіру жоспарлануда: 2004 жылы - Жаңаөзен қаласынан 850 орынды орта мектеп және Маңғыстау ауданы Тұщыбек селосында жергілікті бюджет қаражаты есебінен 50 орынды бастауыш мектеп, тікелей инвестиция есебінен Ақтау қаласынан 960 орынды орта мектеп; 2005 жылы Ақтау қаласынан туберкулезбен сырқаттанатын балалар үшін облыстық санатория мектеп-интернаты және Бейнеу ауданы Бейнеу селосында жергілікті бюджет қаражаты есебінен 320 орынды орта мектеп, Бейнеу ауданы Бейнеу селосында республикалық бюджет қаражаты есебінен 240 орынды бастауыш мектеп; 2006 жылы Ақтау қаласынан даму мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін облыстық мектеп-интернат және Жаңаөзен қаласынан жергілікті бюджет қаражаты есебінен 1200 орынды орта мектеп.

Сонымен қатар 2005 жылы Ақтау қаласында құны 475,0 млн. теңге, құрылысы 2007 жылға белгіленген, туберкулезбен ауыратын балаларға арналған облыстық санаториялық мектеп - интернат құрылысын жобалауға жергілікті бюджеттен 10,0 млн.теңге бөлу қарастырылуда.

2004-2006 жылдарға арналған білім беру объектілерінің материалдық базасын жақсарту үшін жергілікті бюджет қаражаты есебінен 514,4 млн. теңге сомасына дарынды балаларға арналған облыстық мектеп -интернаттың жаңа ғимаратының, Маңғыстау кентінде (Ақтау қаласы) 585,0 млн.теңге сомасында 1200 орынды орта мектеп құрылыстарын; Қызылтөбе кентіндегі мектепке, құны 212,2 млн.теңге, 720 орынды, Ақтау қаласындағы N 28 мектепке, құны 385,0 млн.теңге, 720 орынды қосымша құрылыстарын салу жоспарланды.

Республикалық бюджет комиссиясының 24.12.2003ж. N 29 мәжіліс хаттамасы сәйкес республикалық бюджеттің мақсатты инвестициялық трансферті есебінен 2004 жылы Маңғыстау ауданы Жыңғылды селосындағы мектеп - интернаттың 200 орынды

интернат - жатақхана құрылысына 122,91 млн.теңге; 2004-2005 жылдары Қарақия ауданы Жетібай кентінде 624 орынды жаңа мектеп құрылысына жалпы құны 468,0 млн.теңге; 2006 жылы Маңғыстау ауданы Ұштаған селосында 550 орынды жаңа орта мектеп құрылысына 284,0 млн.теңге қарастырылды.

Жалпы білім беретін мектептерді жаңа зертханалық және басқа да жабдықтармен кезеңмен қамтамасыз ету, жаңа ұрпақ оқулықтары мен оқу - әдістемелік әдебиеттерін енгізу, оқудың жаңашыл-әдістерін енгізу қарастырылды.

Білім берудің мемлекеттік емес секторы болашақта дамуын алады, жеке меншік мектептерде оқитындар саны артады.

Бастауыш және орта кәсіптік білім беру. Белгіленген мақатқа жету үшін қажеттер:

- мамандықтары және кәсібі бойынша бастауыш және орта кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын енгізу;

- бастауыш және орта кәсіптік білім беру ұйымдарын технологиялық үрдіс мазмұны және қазіргі заманға өндіріс жабдықтары бойынша сәйкес келетін оқулықтармен және оқу құралдарымен қамтамасыз ету;

- бастауыш және орта кәсіптік білім беруді қаржыландыру жүйесін жетілдіру;

- бастауыш және орта кәсіптік білім беру ұйымдарын ақпараттандыру.

Бастауыш кәсіптік білім беру желісін кеңейту үшін 2006 жылы Бейнеу ауданы Бейнеу селосындағы мектепаралық оқу-өндірістік комбинатын кәсіптік мектеп етіп қайта құру жоспарлануда.

Еңбек рыногы талаптарына сәйкес кәсіптік мектептер мен колледждерде бірінші кезекте экономиканың нақты секторы үшін кейінгі жылдары дамуын алатын жаңа мамандықтар енгізілетін болады.

Жоғары және жоғары орнынан кейінгі кәсіптік білім беру.

Қойылған міндеттерді шешу үшін қажеттер:

- еңбек рыногының сұранысына сәйкес мамандар даярлау - әлеуметтік серіктестік шегінде жоғары оқу орындарын бітірушілерді жұмысқа орналастыру тетігін енгізу;

- оқытушылардың біліктілігін көтеру және қайта даярлау, сондай-ақ біріккен ғылыми зерттеу жүргізу;

- аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін басым маңызы бар бірқатар ғылыми жолдамалар мен мамандықтарды дамыту;

- жоғары оқу орнына кейінгі білімді беруді дамыту.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру . Қазіргі заманғы электронды оқу басылымдарын, ақпараттық технологияларды енгізу тәжірибесі жалғасады. Білім беру ұйымдарын ақпарат құралдарымен қамтамасыз ету, аталған ақпараттық білім беру ресурстары базасын қалыптастыру бойынша шаралар қолданатын болады.

2004-2006 жылдары жалпы білім беретін оқушыларының дистанционалдық оқуы үшін спутниктік оқу телехабар жабдықтарын сатып алу және қондыру жоспарлануда.

Болжанатын нәтижелер.

Мектепке дейінгі тәрбие және оқу. 2004-2006 жылдары мектепалды дайындықты ұйымдастыру және мектепке дейінгі балалар ұйымдарының жұмысы жақсарады, яғни саны бұрындары жалға берілген балалар бақшасы ғимараттарын кейін қайтару және жаңасын салу есебінен 35 бірлікке дейін (2003 жылға 116,7%) кеңейеді. МБҰ-да балалар саны 7,5 мың адамға дейін артады (2003 жылға 112%).

2006 жылы мектепке дейінгі балалар ұйымдарымен атқарылатын жұмыстар, көрсетілетін қызметтер көлемін жыл сайын 411,4 млн. теңгеге дейін (2003 жылға 118,6%) арттыру қарастырылуда, оның ішінде бюджет қаражаты есебінен 245,2 мың теңге (118,5%).

Жалпы орта білім беру. Жалпы орта білім беретін ұйымдар саны 2006 жылы 118 бірлікке дейін (2003 жылға 108,3%), атқарылатын жұмыстар, көрсетілетін қызметтер көлемі 3127 млн. теңгеге дейін (2003 жылға 124,8%), оның ішінде бюджет қаражаты есебінен 2985,4 млн. теңге (124,6%) өседі. Жалпы орта білім беретін ұйымдарда оқытындар саны 97,6 мың адамға дейін (2003 жылға 109,2%) өседі.

Бастауыш және орта кәсіптік білім беру. Орта кәсіптік білім беру ұйымдарының желісі әзірге өзгеріссіз қалады, алайда, мемлекеттік тапсырыс бойынша қабылдау көлемін 2006 жылы 0,7 мың адамға дейін (2003 жылға 116,7%) және тиісінше бюджет есебінен оқытындар саны 1,9 мың адамға дейін (105,6%) ұлғаяды. Мемлекеттік колледждерде оқытындардың жалпы саны 2006 жылы 6,2 мың адамға дейін (2003 жылға 103,3%) өседі.

2006 жылы бастауыш кәсіптік білім беру ұйымдарымен атқарылатын жұмыстар, көрсетілетін қызметтер көлемі 95,0 млн. теңгеге дейін (2003 жылға 117,9%), оның ішінде білім беру қаражаты есебінен 87,3 млн. теңге (117,8%), орта кәсіптік білім беру ұйымдарымен 361,8 млн. теңгеге дейін (108,7%), оның ішінде бюджет қаражаты есебінен 171,2 млн. теңге (116,0%) ұлғаяды.

Жоғары және жоғары оқу орындарынан кейінгі кәсіптік білім беру.

2006 жылы мемлекеттік жоғары оқу орындарындағы студенттер саны 15,8 мың адамға дейін (2003 жылға 114,5%), мемлекеттік емес жоғары оқу орындарында 5,5 мың адамға дейін (2003 жылға 131,0%).

Білім беру жүйесін ақпараттандыру. Білім беру объектілерінің ақпарат, қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық құралдарымен қамтамасыз етілуі артады, бұл білім сапасын арттыруға, оқушылардың білім деңгейін жақсартуға ықпал ететін болады.

13 тарау. Денсаулық сақтау.

1. Талдау: 2002-2003 жылдары.

2001 жылдан бастап облыста сала дамуының барлық аспектілерін қамтитын "2001-2003 жылдарға арналған денсаулық сақтау ісін жетілдіру" Аймақтық бағдарламасы қабылданды және іске асырылуда. 2002 жылы бағдарламаға сәйкес облыс бюджетінен денсаулық сақтауға 2786 млн. теңге (2001 жылғы 121,8%) бөлінді, оның ішінде

медициналық жабдықтар мен керек-жарақтар сатып алуға 270 млн. теңге, балаларды, ауыл тұрғындары мен әскери контингентіне алдын ала тексеру жүргізуге 57 млн. теңге бөлінді. Шұғыл және қауырт медициналық көмек көрсету мәселесін жедел шешу үшін 5 бірлік санитарлық автокөлік, сондай-ақ ЭКГ, УЗИ аппараттарын сатып алынды. Республикалық қайырымдылық акциясы шегінде перзентхана үйін қолдау бойынша демеушілік қаражаттарына жаңа УЗИ аппараты сатып алынды, 2002 жылы МСК (алғашқы медициналық-санитарлық көмек) 35 объектісінен 15 объектіге күрделі жөндеу аяқталды, 20 объектіге ағымдағы жөндеу жүргізілді. Облыстың наркологиялық диспансерде 20 төсектік жасөспірімдер бөлімшесін ашу үшін 3,8 млн. теңге сомасына күрделі жөндеу жүргізілді. Облыстық туберкулезге қарсы диспансерде емдеу корпусын жөндеу аяқталып, оған 25,4 млн. теңге бөлініп игерілді.

Сырқаттарды емдеуде облыстың емдеу мекемелерінің дәрі-дәрмек жабдықтарымен қамтамасыз етілуі маңызды орын алады. Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңына сәйкес дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, негізінен ашық конкурстар өткізу жолымен өткізіледі, 2002 жылы медициналық ұйымдар үшін 456,7 млн. теңге сомасында дәрі-дәрмектерге мемлекеттік сатып алулар өткізілді. Диабетке қарсы құралдар сатып алуға республикалық бюджеттен 6,0 млн. теңге, жергілікті бюджеттен 9,0 млн. теңге бөлінді. Туберкулезге қарсы аспаптар сатып алуға: республикалық бюджеттен 9,8 млн. теңге 9,2 млн. теңге бөлінді.

Созылмалы бүйрек жеткіліксіздігімен ауыратындар үшін диализаторлар атып алуға 1,4 млн. теңге жұмсалды, сондай-ақ 13 млн. теңге сомасына азаматтардың жекелеген санаттары үшін дәрі-дәрмек аспаптары сатып алынды.

5 жасқа дейінгі балалар мен жүкті әйелдер үшін анемияға қарсы бағдарлама бойынша дәрі-дәрмектер сатып алуға 2,5 млн. теңге бөлінді, ал балалардың арнайы тамағын сатып алуға бюджеттен 14 млн. теңге бөлінді және жұмсалды.

2002 жылы емдеу ұйымдарының саны Маңғыстау ауданы, Жыңғылды селосындағы ауылдық дәрігерлік амбулатория мен Ақтөбе АДА ауылдық участкелік аурухана (АУА) болып қайта құрылуы нәтижесінде 2 бірлікке ұлғайды. Ауруханалар саны 2002 жылы 34 бірлік, оның ішінде мемлекеттік 32 (29-облыстық денсаулық сақтау басқармасы бойынша, 3 - ведомстволық) жеке меншік 2 бірлік құрады.

Дербес емханалар саны жоғарыда айтылған 2 АДА-ның учаскелік аурухана болып құрылуына есебінен азайды және 49 бірлік, оның ішінде мемлекеттік 25 (23 облыстық денсаулық сақтау басқармасы бойынша, 2 - ведомстволық), жеке меншік 24 бірлік (медициналық кабинеттер кіреді) құрады. АДА саны тиісінше 2 бірлікке кеміп, 14 бірлік, оның ішінде 11-мемлекеттік, 3 жеке меншік құрады.

Фельдшерлік-акушерлік пункттер саны (ФАП) өзгеріссіз қалды 11 бірлік, алайда Ақтау қаласының Баянды селосы мен Бірлік селосында фельдшерлік пункттер (ФП) және Маңғыстау ауданы Тұшыбек селосында ФП ашылды.

2002 жылы емдеу төсекорын саны облыс бойынша 3032 төсекорынды құрады, 10 мың тұрған халықтың төсекорынмен қамтылуы орташа республикалық көрсеткіш 65,0 орнына 91,0 құрады.

2002 жылы дәріхана мекемелерінің жалпы саны 162 бірлікті (2001 жылға 101,2%) құрады, одан тек 5 мемлекеттік, 157 жеке меншік. Облыс бойынша дәрігерлер саны 1211 адам (2001 жылға 103,4%) орта медициналық қызметкерлер 3051 адам (2001 жылға 104,5%) құрады, 10 мың тұрғын халықтың дәрігерлермен қамтылуы 36,3 орта медициналық қызметкерлер - 91,5 құрады. Облыс бойынша дәрігерлермен және медбикелермен қамтылуы, негізінен Ақтау қаласы, орташа Республикалық көрсеткішті (дәрігерлермен 29,2, медбикелермен 65,5) едәуір өсіреді, алайда селолық аудандарда медицина кадрларының жетіспеушілігі байқалады.

2003 жылы бағалау бойынша денсаулық сақтауды дамытуға жергілікті бюджет шығысы 2594 теңге құрады. Медицина ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту үшін қымбат бағалы медициналық жабдықтар, аппараттар, санитарлық автокөліктер сатып алуға 250 млн. теңгеден астам, күрделі және ағымдағы жөндеу жүргізуге 320 млн. теңгеден артық қаражат қаралды.

2003 жылғы бағалау бойынша ФАП мен ФП саны өзгеріссіз қалады. Емдеу ұйымдарының саны Қызылсай кентіндегі (Жаңаөзен қаласы) ауылдық дәрігерлік амбулаторияның (АДА) ауылдың учаскелік аурухана (АУА) болып қайта құрылуы нәтижесінде 1 бірлікке ұлғаяды және 35 бірлік (2002 жылға 102,9%), оның ішінде мемлекеттік 33 бірлік (103,0%) құрайды. Тиісінше АДА мен дербес амбулаториялық емханалық ұйымдар саны 1 бірлікке төмендейді.

2003 жылы жеке меншік дәріхана ұйымдарының саны төмендейді және бар заттарға және рұқсатының әрекет ету мерзіміне тиянақты тексеру жүргізу нәтижесінде 138 бірлік (2002 жылға 87,9%) құрайды. Дәріхана ұйымдарының жалпы саны тиісінше 143 бірлікке дейін (2002 жылға 88,3%) азаяды.

2003 жылы облыс бойынша емдеу төсекорны саны облыстық туберкулезге қарсы диспансердің төсекорын қуатының 40 төсекке ұлғаюның облыстық наркологиялық диспансердің 20 төсекке, мамандандырылған емдеу- алдын алу мекемесінің 25 төсекке кеңеюінен Қызылсай АУА 10 төсекке өсуінен 95 бірлікке артады деп күтілуде. Облыс бойынша емделу төсекорнының саны 3127 бірлік (2002 жылы 117,1%) құрайды.

"2001-2003 жылдарға арналған бала мен ана өлімін азайту" Аймақтық бағдарламасы шеңберінде 2003 жылы негізгі блокты санитарлық қайта жасақтау мезгілінде босанушыларды уақытша орналастыру үшін қажетті облыстық перзентхананың екінші блогының құрылысын аяқтау жоспарлануда.

Денсаулық сақтау саласындағы проблемалар:

- ауылдық денсаулық сақтау ұйымдарының қазіргі заманғы медициналық жабдықтармен әлсіз жарақтануы;

- ауылдық емдеу-алдын алу ұйымдарында (АЕАҰ) дәрігерлермен және орта медициналық қызметкерлермен толықтырылмауы, бұл бюджеттік сала қызметкерлері үшін тұрғын үйдің болмауымен және жас мамандардың ауылдық жерлерде жұмыс істеуге ықыласы болмауымен түсіндіріледі;

- әлеуметтік маңызды сырқаттармен, атап айтқанда туберкулезбен (2002 жылы 100 мың адамға 236,0) науқастану жоғары деңгейде қалады.

2. Келешегі: 2004-2006 жылдары.

Мақсаттары мен міндеттері.

Мақсаты сырқаттану деңгейін азайту және медициналық және дәрі дәрмек қызметтерінің сапасы мен қол жетімділігін арттыру есебінен тұрғын халықтың денсаулық жағдайын жақсарту ауылдық денсаулық сақтау ісін басымдылықпен дамыту, саланы- қаржыландыру тетігін жетілдіру.

Мақсатқа жету мынадай міндеттерді шешуге ықпал етеді:

- тұрғын халыққа медициналық көмектің тегін көлемін кепілдікті заңнамамен орындалуын қамтамасыз ету;

- алғашқы медициналық санитарлық көмек түрлерін, айырықша ауылдық жерлерде, сондай-ақ медициналық көмектің жаңа ұйымдастыру нысандарын басымдықпен дамыту;

- әлеуметтік маңызды сырқаттармен науқастануды азайту;

- санитарлық-эпидемиологиялық қолайлықты қамтамасыз ету;

- тұрғын халыққа медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру және қаржыландыруды жетілдіру;

- салауатты өмір салтын насихаттау жөніндегі іс-шараларды жандандыру, нашақорлықпен күресті күшейту.

Алға қойылған міндеттерге жету жолдары.

Денсаулық сақтау объектілерінің материалдық-техникалық базасын жақсарту және кадрлармен толықтыру арқылы алғашқы медициналық санитарлық көмек жүйесін болашақта дамыту және нығайту жөніндегі кадрлар, бірінші кезекте ауылдық жерлерді, қарастырылады.

Тұрғындардың әлеуметтік-маңызды аурулармен сырқаттануын, мүгедектенуі мен өлуін (негізінен балаларда) азайту, тұрғындардың репродуктивтік денсаулығын жақсарту; тұрғын халықтың медициналық және дәрі-дәрмекпен қызмет көрсету сапасын жақсарту; Бүкіл дүниежүзілік денсаулық ұйымдарымен ұсынылған аурудың диагностикасы мен емдеудің жаңа қазіргі заманы әдістерін енгізу бойынша шаралар қабылданатын болады.

Осы мезетте әзірленіп жатырған Аймақтық бағдарламалар: "2003-2005 жылдарға арналған диабет", "Маңғыстау облысының мектеп және жасөсіпiрiм жастағы балаларын, әскерге шақыруға дейiнгi жастарды сауықтыру және ақтап алудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасы", "Маңғыстау облысында 2004-2006 жылдарға

арналған туберкулезбен күресті күшейту", "2004-2006 жылдарға арналған ана мен бала денсаулығын қорғау" іске асырылатын болады.

Тұрғын халықты алдын ала тексеру жүргізу, үнемі диспансерлеу және медициналық сауықтыру, бірінші кезекте балалар мен фертильді жастағы әйелдер, тәжірибесі жалғасады.

Тұрғындардың кең тобын дәрі-дәрмек құралдарының сапасы мен қол жетімділігін жақсарту жөнінде, алдын алу және денсаулықты нығайту бойынша бағдарламаны болашақта іске асыру, салауатты өмір салтын насихаттау бойынша шаралар қабылданатын болады.

Халыққа алғашқы медициналық-санитарлық көмекті жетілдіру және кеңейту мақсатында 2004 жылы Ақтау қалалық әкімшілігінің Баянды селосындағы ФП-ті ФАП етіп өзгерту, 2006 жылы Ақтау қалалық әкімшілігінің Маңғыстау кентінде емхана және Қарақия ауданы Бостан селосында мемлекеттік АДА ашу, Түпқараған ауданы Тельман селосында ФАП ашу қарастырылуда.

Ауылдық медициналық-санитарлық көмек ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту жоспарында ауылдық жерлерде 2004-2006 жылдарда жергілікті бюджет қаражаты есебінен Қарақия ауданы Жетібай кентінде 151,6 млн. теңге сомасында ауысымында 150 келушіге арналған аудандық емхана Маңғыстау ауданы Ақшымырау селосында 15,0 млн. теңгеге медицина қызметкерлеріне арналған тұрғын үйімен қоса фельдшерлік-акушерлік пункт, Маңғыстау кентінде (Ақтау қаласы) 150,0 млн. теңгеге емхана ғимараты құрылыстарын салу жоспарланды.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен Маңғыстау ауданы Шетпе селосында 213,7 млн. теңге сомасында 50 төсектік аудандық туберкулез аурухана құрылысын салу, 2006 жылы Қарақия ауданы Жетібай кентінде 452,0 млн. теңге сомасында аудандық аурухана және Түпқараған ауданы Форт-Шевченко қаласында 30 төсектік туберкулез ауруханасы құрылыстарын салу қаралды. Жоғарыда айтылған объектілер үшін жаңа ғимарат құрылыстарын салу қажет, себебі ескі ғимараттары апатты жағдайға жатады және күрделі жөндеуге келмейді.

2004 жылы емделу төсекорны санын облыс бойынша сауықтыру орталығының 100 төсегі, облыстық перзентхананың төсекорындық қуатының 40 төсекке, облыстық тубдиспансердің 20 төсекке, облыстық онкологиялық диспансердің 10 төсекке, Маңғыстау облыстық аурухананың 40 төсекке, Бейнеу ОАА 10 төсекке өсуі есебінен 220 бірлікке; 2005 жылы сауықтыру орталығы кеңейту есебінен 20 төсекке; 2006 жылы Маңғыстау кентіндегі аурухананың төсекорындық қуатын 20 төсекке арттыру және Жаңаөзен ОҚА 50 төсекке кеңейту есебінен 70 төсекке өсіруді жоспарлаймыз.

Ауылдық жерлерде денсаулық сақтау ұйымдарын медицина кадрларымен толықтыруға көп көңіл бөлінетін болады. Кәсіби қызметі үшін жағдайын жақсарту, медицина қызметкерлеріне арнап тұрғын үй құрылысын салу, әлеуметтік жеңілдіктерді арттыру жоспарлануда.

Туберкулезбен күрес жоспарында туберкулезге қарсы қызмет реформасы, диагностика, алдын алу және емдеудің тиімді пайдалы әдістерін енгізу жөніндегі жұмыстар жалғасатын болады.

Болжанатын нәтижелер.

Денсаулық сақтау объектілерінің материалдық-техникалық базасы күрделі жөндеу жүргізу және жаңа ғимарат құрылысын салу, қазіргі заманғы медициналық жабдықтармен, санитарлық автокөлікпен жарактандыру есебінен нығаяды. Денсаулық сақтау ұйымдарын кәсіби кадрлармен қамтамасыз ету, негізінен ауылдық деңгейі артады.

2006 жылы дербес амбулаториялық-емханалық ұйымдар саны 53 бірлік (2003 жылға 110,4%), оның ішінде мемлекеттік - 26 бірлік (2003 жылға 108,3%) құрайды, ФАП саны 13 бірлікке дейін (2003 жылға - 118,2%) өседі.

2006 жылы емдеу ұйымдарының саны 36 бірлік (2003 жылға 102,9%), емделу төсекорны облыс бойынша 3752 (2003 жылға 120,4%) құрайды, төсекорынмен қамтылу 2006 жылы 10 мың тұрғынға 99,7-ге дейін өседі.

Жаңа денсаулық сақтау ұйымдарының қосылуымен және бұрын кеңейту медициналық кадрге қажеттілікті өсіреді. 2006 жылы дәрігерлер саны 1396 адамға дейін (2003 жылға 108,7%), орта медқызметкерлер 4128 адамға дейін (2003 жылға 107,8%) артады. Тиісінше дәрігерлермен ауылдық жерлерде, артып, 2006 жылы тиісінше 10 мың тұрғынға 37,1 және 109,7 құрайды.

Дәріхана ұйымдарының саны 2006 жылға 153 бірлікке (2003 жылы 107,0%) өседі. Денсаулық сақтаудың жеке меншік секторы болашақта дамуын алады.

14 тарау. Мәдениет, туризм және спорт.

Талдау: 2002-2003 жылдары.

Мәдениет. 2002 жылы мәдениетті дамытуға жергілікті бюджет шығыны 345,9 млн.теңге құрады, оның ішінде құрылыста 11,6 млн. теңге, одан облыстық филармонияның екі қабатты қосымша құрылысын аяқтауға 4,5 млн. теңге, Бейнеу селосында мұражай құрылысын бастауға 1,6 млн. теңге. 3,2 млн. теңге сомасында күрделі жөндеу жүргізілді, оның ішінде облыстық филармонияға 4,5 млн. теңге және Бейнеу селосындағы мұражайға 1,9 млн. теңге.

Мекемелер мен кәсіпорындардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға 28,2 млн. теңге жолданды, оның ішінде кітап қорын толықтыруға 4,7 млн. теңге және музыкалық құралдар, жабдықтар, экспонаттар, көліктер, жиһаздар сатып алуға, фильфқорын толықтыруға 23,5 млн. теңге.

Жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге 13,9 млн. теңге бөлінді және игерілді, оның ішінде Қараман-Ата жерасты мешітіндегі жұмыстарды аяқтауға 10,2 млн. теңге, Қапаш мешітіндегі жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын бастауға 3,7 млн. теңге, мәдени-көпшілік іс-шараларын жүргізуге 9,5 млн. теңге шығысталды.

Облыс бойынша мәдени ұйымдар саны 132 бірлікті құрады, оның ішінде 126 жергілікті бюджеттен қаржыланатын, 6 жеке мәдени-демалыс ұйымдары (4 мәдени-демалыс орталығы және 2 кинотеатр). 126 мемлекеттік ұйымдар санында 6 мұражай мекемесі, 58 кітапхана, 1 жаңғырту, 35 клуб мекемесі, ғылыми-әдістемелік және мәдени-демалыс қызметтерінің облыстық орталығы, 8 кинотеатр мен кино қондырғылары, 1 филармония, 1 кинопрокат және 13 халық ұжымдары.

2002 жылы мемлекеттік мұрағат ұйымдарының саны 7 бірлік құрады, олардың барлығы да жергілікті бюджет есебінен ұсталуда.

2002 жылы телехабардың мемлекеттік тапсырысының орташа тәуліктік көлемі 11 сағат, радиохабардікі 17 сағат құрады.

2002 жылы клуб мекемелерінің саны Қарақия ауданы Жетібай кентінде Мәдениет үйі құрылысын салу, жергілікті бюджет қаражатынан 85 млн. теңге пайдаланылды, Маңғыстау ауданы Шебір селосында бейімделген бөлімдерімен ауылдық клуб ашу, 5,5 млн. теңге пайдаланылды, есебінен 2 бірлікке ұлғайды. Түпқараған ауданы Баутин кентінде бейімделген бөлмеде кітапхана ашылды.

Сонымен қатар облыс әкімінің 2002 жылғы 03 сәуірдегі 76 қаулысына сәйкес Ақтау қаласында музыкалық-драма театрын ашу, ғимарат құрылысына жергілікті бюджеттен 391 млн. теңге бөлініп, іске қосу 2003 жылдың наурызында жүзеге асырылды.

2003 жылға нақтылынған бюджет бойынша мәдениетті дамытуға 380 млн. теңге қаралды, оның ішінде мәдениет объектілерінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға 85,4 млн. теңге. Мәдениет ескерткіштерін сақтау және қалпына келтіру мақсатында 2003 жылы 13,8 млн. теңге сомасына Қапаш мешітіндегі жұмыстарды аяқтау және 4,3 млн. теңге сомасына Сұлтан-ене жерасты мешітіндегі жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының жобалық-сметалық құжаттамаларын құрастыру жоспарлануда.

2003 жылы мәдениет ұйымдарының саны Ақтау қаласындағы облыстық музыкалық-драма театрында жаңа киноқондырғы ашу есебінен бірлікке артады және 133 бірлікті құрайды (2002 жылға 100,7%), оның ішінде 127 мемлекеттік және 6 жеке.

Мұрағат ұйымдарының саны өзгеріссіз қалады, олармен ақылы қызмет көрсету көлемі 2002 жылы 0,632 млн. теңге құрады, 2003 жылы 3,150 млн. теңгеге дейін арттыру көзделеді. Мәдениет ұйымдарымен ақылы қызмет көрсету көлемі 2002 жылы 21,6 млн. теңге, 2003 жылы 29,8 млн. теңгеге дейін артады (2002 жылға 137,940).

Спорт. Қазіргі уақытта дене шынықтыру мен спорт Маңғыстау облысында қарқынды дамып келеді және тұрғындар арасында кең таралуда. Облыс бойынша спорт имараттарының саны 2002 жылы 344 бірлік құрады, оның ішінде 332 мемлекеттік және 12 жеке.

БЖСМ саны 2002 жылы 12 бірлік құрады, БЖСМ қатынасатын балалар саны 5,6 мың адам (2001 жылға 109,8%). Спорт клубтарының саны 5 бірлік (2001 жылға 125%),

эртүрлі спорт түрлері бойынша федерация саны 23 бірлік (2001 жылға 104,5%). Дене шынықтырумен және спортпен айналысатын адамдар саны 2001 жылмен салыстырғанда 8,7% өсті және 27,6 мың адам құрады.

2001 жылдан бері «Маңғыстау облысының 2001-2005 жылдарға арналған дене шынықтыру мен спортты дамытудың кешенді бағдарламасы» қабылданып, іске асырылуда, мақсаты салауатты өмір салты қағидаттарын бекіту, спорт резерві мен халықаралық класты спортшыны дайындау болып табылады.

Облыс бойынша спорт имараттарының саны 2003 жылы 345 бірлікке дейін артады, оның ішінде мемлекеттік Түпқараған ауданы Форт-Шевченко қаласында демеушілік қаражаты есебінен боулинг клубымен қоса спорт кешені құрылысы есебінен 333 бірлікке дейін.

Спорт клубтарының саны Ақтау қаласында кәсіби волейбол клубын ашу есебінен 1 бірлікке артады. Құны 88,0 млн. теңге жағажай үшін волейбол алаңы құрылысы басталды. Бұл мақсатқа 2003 жылы жергілікті 30,0 млн. теңге бөлінді, 2004 жылға 58,0 млн. теңге қаралды.

Ағымдағы жылдың басынан бері Ақтау қаласында Олимпиадалық дайындық Орталығы ашылды, онда айналысатын адамдар саны 15. Орталық құрамына «ҚР спорт шебері» атағы бар және Қазақстанның құрама командасына кіретін, спорттың керекті түрлері бойынша облыстың ең келешегі бар спортшылары кіреді.

Туризм. Облыста туризмді дамыту бойынша белсенді жұмыстар жүргізілуде, туристік саланы болашақта нысаналы дамыту үшін қолайлы жағдай құру қарастырылады. 2002 жылы облыс бойынша 9 жеке туристік фирма есептелді; 2005 жылы олардың саны Жаңаөзен қаласында 1 туристік фирма ашу есебінен 10 бірлікке дейін артады. Туристік фирмалармен шетелдік азаматтар мен отандастарымыз үшін 27 облысшілік маршруттар, Қазақстан Республикасы азаматтары үшін алыс және жақын шетелдерге баруы үшін 20 халықаралық туристік маршруттар әзірленді.

"Жібек жолы тарихи орталықтарын қайта өркендету, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұраларын сақтау және сабақтастық дамыту, туризмнің инфрақұрылымын құру" мемлекеттік бағдарламасына сәйкес 2002 жылы жергілікті бюджет қаражаты есебінен Қараман Ата жерасты мешітін жаңғырту аяқталды.

2001 жылдан бері "Маңғыстау облысында 2001-2005 жылдарға арналған туризмді дамытудың кешенді бағдарламасы" қабылданып, іске асырылуда.

Туристік ұйымдармен ішкі туризм бойынша қызметпен қамтылған азаматтар саны 2002 жылы 3,8 мың адам, 2003 жылы 4,5 мың адам (2002 жылға 141,6%) құрады.

Астана қаласында 2002 жылы наурызда өткен "KITF - 2002" II Халықаралық Қазақстан көрмесінде Маңғыстау облысының экспозициясы алғыс куәлігімен марапатталды.

2002 жылы "Қыс-2002" туристік қызметпен ілеспе тауарлар жәрмеңкесі, 2003 жылы "Көктем-2003" туристік жәрмеңкесі өтті. Сонымен қатар, өткен жылы жүрмелі туризм мәселесі бойынша туристік фирмалардың аймақтық семинары ұйымдастырылды.

Мәдениетті, спорт пен туризмді дамытуда оң өзгерістер болғанына қарамастан, мынадай проблемалар әсерін тигізіп отыр:

- ауылдық жерлерде мәдениет пен спорт объектілерінің жетіспеуі;
- селолық клубтар мен кітапханалардың әлсіз жарақтануы;
- сәулет ескерткіштерін қалпына келтіруге қаражаттың жеткіліксіздігі;
- спорт секцияларына, музыка мектептеріне бару төлемақысының жоғарылығы;
- білікті кадрлармен төмен қамтылуы және облыс аудандарында жас мамандар үшін тұрғын үйлердің болмауы.

2. Келешегі: 2004-2006 жылдары

Мақсаттары мен міндеттері

Мәдениет. Мәдениетті дамытудың негізгі мақсаты қоғамның рухани әлеуетін іске асыру, тарихи-мәдени мұраларды сақтау және дамыту, кәсіби өнер мен халық шығармашылығын дамыту үшін жағдаймен қамтамасыз ету, баланстырылған тілді және әлеуметтік-бағдарланған жастар саясатын жүргізу.

Мәдениет саласының негізгі міндеттері болып табылатындар:

- мәдени өнім мен көрсетілетін қызметтің кепілдікті минимумына тұрғын халықтың қолының жетуін қамтамасыз еті;
- мәдениет ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту және желісін кеңейту;
- тарихи, археологиялық және сәулет ескерткіштерінің сақталуын және қалпына келтірілуін қамтамасыз ету;
- аймақ имиджін арттыру үшін халықаралық мәдени байланыстарды кеңейту;
- мемлекеттік тілді дамыту;
- айырықша ауылда білікті кадрлармен толықтыруды жақсарту.

Спорт. Спорт саласының негізгі мақсаты салауатты өмір салты қағидаларын бекіту, дене шынықтыру мен бұқаралық спортты, жоғары жетістік спортын дамыту жолымен табиғи және рухани дені сау тұлғаларды қалыптастыру.

Мынадай міндеттерді шешу қарастырылады:

- спорт ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту;
- жоғары класты спортшылар дайындау үшін қазіргі заманғы база құру, спорт ұйымдары желісін, айырықша ауылда, дамыту;
- бұқаралық спорты, айырықша ауылдық жерлерде, дамыту;
- спорт пен халықтық ойындардың олимпиадалық, ұлттық, техникалық және қолданбалы түрлерін дамыту.

Туризм. Басты мақсаты экономикалық өсімге жәрдемдесу және халықтың жұмыспен қамтылуын арттыру үшін аймақта туристік саланы дамыту болып табылады.

Алға қойылған мақсаттарға жету және міндеттерді шешу жолдары.

Мәдениет.

- бұрындары жабылғандарын қалпына келтіру және жаңа мәдениет ұйымдарының қ ұ р ы л ы с ы н с а л у ;

- мәдениет пен өнер салаларының кадрлық әлеуетін нығайту;

- ауылда мәдениет-спорт жұмыстарына болашақта қайтып оралу және дамыту;

- мәдениет объектілерін күрделі жөндеу, атап айтқанда ауылда;

- ұлттық мәдениет пен дәстүрді жан-жақты дамыту;

- кітапханаларда кітап қорын жаңалау, айырықша ауылдық жерлерде;

- іс жүргізуді мемлекеттік тілге аударуды жалғастыру;

- 2003-2005 жылдарға арналған "Маңғыстау жастары" аймақтық бағдарламасын іске а с ы р у ;

- жас мамандарды жұмысқа орналастыру, оларды тұрғын үймен қамтамасыз ету.

Мәдениет ұйымдары желісін кеңейту үшін 2004 жылы Ақтау қаласы мен Маңғыстау ауданы Қосбұлақ селосында кітапхана ашу, сондай-ақ жергілікті бюджет қаражаты есебінен Бейнеу ауданы Бейнеу селосында аудандық мұражай ғимараты құрылысын аяқтау жоспарлануда.

2005 жылы Қарақия ауданы Құланды селосында жергілікті бюджет қаражаты есебінен 150 орындық жаңа ауылдық клуб құрылысын салу, 3 киноқондырғы: Бейнеу ауданы Бейнеу селосында және Маңғыстау ауданы Шетпе селосында, 3 автоклуб бейнемфильдер: Маңғыстау ауданы Шетпе селосында, Бейнеу ауданы Бейнеу селосында, Қарақия ауданы Құрық селосында ашу белгіленді.

2006 жылы Ақтау қаласынан кітапхана мен Маңғыстау ауданы Оңды селосында киноқондырғы ашу қарастырылады. Ақтау қаласында тарихи- мәдени парк құрылысы алдын-ала жоспарлануда.

